Однако еще рано утверждать, что проблема изучения, освоения и эффективного применения новейших технологий обучения нашло свое практическое решение. Наши наблюдения показывают, что старшее поколение учителей, десятилетиями работавшие по традиционной методике, освоившие по зову времени новые педагогические технологии, часто прибегают к традиционным подходам, причиной которому является сформировавшееся традиционное педагогическое мышление. Эффективность применения инновационных педагогических технологий желает лучшего. Часто уроки состоят из «педагогических полумеров», внешне состоящие вроде из интересных дидактических игр, форм работы, зачастую к концу урока так и не приводящие к результатам. Часто наблюдается, что

использование технологий обучения, а не цели преподавания и учения стоят на первом месте на уроке.

Студенты колледжей и вузов, будущие учителя учатся на новых подходах и технологиях. Они знают устаревшие, традиционные парадигмы образования по материалам лекций, книгам. Но, и у них есть проблема с технологиями обучения. Технологические компетенции студентов больше состоят из академических знаний. Практические навыки по их применению остаются недоразвитыми даже к окончанию вуза.

Мощный толчок к технологизации образования сообразно новейшим тенденциям и направлениям образования в современном мире дает «Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016-2019 годы» [5]. Этот документ положил начало переходу казахстанских школ к обновленному содержанию образования. В школе внедряются множество педагогических новшеств: трехязычное образование, преподавание некоторых предметов на английском языке; новые подходы к обучению и планированию учебного процесса; критериальная оценка знаний учащихся и др.

В данном документе отмечается, что «непрестижность профессии педагога приводит к набору слабоуспевающих абитуриентов. Отсутствуют специальные требования к приему на педагогические специальности. *Выпускники педагогических специальностей не ориентированы на использование в учебной практике новых технологий обучения.* Охват студентов программами трехязычного обучения остается низким. Имеется потребность в повышении языковых компетенций как студентов, так и преподавателей. Не в полной мере разработано научно-методическое обеспечение обучения на английском языке» [5, с.7].

В данной статье мы исходим из тезиса о том, что преемственность технологий обучения в общеобразовательной школе, педагогическом колледже и вузе является условием формирования и развития профессиональной компетенции будущего учителя в аспекте технологизации учебно-воспитательного процесса. Нельзя ограничиваться или довольствоваться преемственностью содержания образования в школе, вузе и колледже. Нужно более серьезно подойти к преемственности их процессуальных компонентов. Конечно, стоит вопрос «как?».

Чтобы добиться преемственности технологий обучения в школе, педагогическом колледже и вузе, нам необходимо определить «точки

соприкосновения» технологических подходов. Мы выделяем такие общие черты технологий обучения в школе, колледже и вузе:

- целенаправленность по таксономии Блума;
- позиция школьника как активного субъекта учебно-воспитательного процесса;
- построение учебного процесса через взаимодействие учителя (преподавателя) и ученика(студента), индивидуальный, парный, групповой и коллективной форм организации учебной работы;
- формирование и развитие технологической культуры учащихся (т.е. формирование умений и навыков работы с технологическими инструментариями учебного процесса);
- использование некоторых технологий обучения на разном уровне организации учебного процесса (например, технология модульного обучения используется уже в школе, затем в колледже и в последующем этапе – в вузе. Однако, их использование связано со спецификой задач и организации учебного процесса в школе, колледже или вузе).

Передовая практика убеждает, что такие точки соприкосновения в технологизации учебно-воспитательного процесса должны быть основой для реализации принципа преемственности технологий обучения в школе, колледже и вузе [6].

Будущий учитель уже в школе проявляет свои педагогические способности и интерес к профессии учителя. Педагогический колледж и вуз старается не упускать такие возможности через разные формы сотрудничества со школой. Учителей школ нужно мотивировать к работе по задаче более осознанного характера выполняемых учебных работ школьниками во время применения тех или иных технологий обучения на уроке. Ученики в процессе усвоения учебного содержания выполняют конкретные действия с технологическими средствами – работают с технологическими картами, дидактическими материалами, работают в группе или в парах, осознают или формулируют цели, критерии оценки, оценивают своих друзей и свою учебную работу. Нужно, по возможности давать учащимся краткие сведения о том, что конкретно требуются от них и чего они могут достигнуть в завершении урока, с помощью каких средств они усваивают знания и практические умения. Так они будут готовы к учебно-познавательной деятельности в условиях применения разных технологий обучения. Умение учиться на технологическом уровне создают хорошие предпосылки для последующих шагов по формированию умений и навыков использования педагогических технологий в колледже и вузе.

Более практикоориентированный характер учебного содержания и процесса обучения в педагогическом колледже позволяет будущим педагогам средней квалификации усвоить практические навыки использования технологий обучения. Выпускники педагогических колледжей – студенты вуза показывают лучшие результаты, чем свои сокурсники, поступившие в вузы сразу после школы в демонстрации практических умений использования технологий обучения.

В вузах больший упор делается на развитие интеллектуальных навыков, профессионального мышления будущего учителя. Студент использует технологии обучения на более высоком уровне педагогического мышления.

Таким образом, нами выделяются следующие условия, обеспечивающие преемственность технологий обучения в общеобразовательной школе, педагогическом колледже и вузе:

- формирование и развитие у учащихся умений и навыков учебной работы с технологическими инструментариями в процессе применения тех или иных технологий обучения уже в школе, их развитие в педагогическом процессе колледжа и вуза;

- знание учителями, опора на характер применения и усложнения конкретных технологий обучения от одной ступени образования к другой (например, технологии информатизации образования применяются в школе, затем в колледже и вузе, но на разном уровне сложности и со специфическими целями. Преподаватели должны хорошо знать и применять уже имеющийся опыт учебной работы студентов со средствами информационных технологий обучения);

- в педагогическом колледже или вузе бывшие выпускники школ опять «возвращаются» в школьные реалии, в практических занятиях упражняясь в применении технологий обучения в ситуациях, моделирующих реальный учебно-воспитательный процесс школы. Здесь студенты как в школьные годы работают с технологиями, но уже в другом качестве – в роли учителя. Поэтому следует предупреждать «технологическое отставание» педагогических колледжей и вузов от общеобразовательных школ. Мы имеем в виду отставание содержания методической подготовки будущих учителей от того уровня технологизации образования, который достигла сегодняшняя отечественная школа;

- планирование согласованных действий учителей школы, преподавателей колледжей и вузов. Как отмечалось выше, преемственность содержания образования в школе, колледже и вузе решается уже на стадии проектирования содержания образования. Преемственность на процессуальном уровне возможно благодаря

тесному сотрудничеству руководителей и педагогических работников организаций общего среднего, профессионального и высшего профессионального образования.

Между тем, преемственность технологий обучения выгодно всем – школе, колледжу и вузу. Это будет серьезным шагом к пути повышения эффективности обучения, снятия нагрузок с преподавателя, повышения качества подготовки будущих учителей. Поэтому настало время серьезно задуматься вопросами перехода от преемственности содержания образования к преемственности технологий обучения.

#### Список литературы

- 1 Сардарова Ж.И. Подготовка будущих педагогов к использованию новых информационных технологий в обучении//Ұлт тағылымы. -2004.-№4.(2).- С. 34-39.
- 2 Шоманбаева А.О., Кабылбекова З.Б. Теория и практика инновационных технологий. Шымкент, 2004. – С.63
- 3 Алметов Н.Ш., Абдукаримова К.А. Школа-вуз: опыт сотрудничества по развитию трехязычного обучения// Материалы региональной конф. «Партнерство школы и вуза».- Шымкент: Назарбаев Интеллектуальная школа, 2016.- С.105-108.
- 4 //Orleu-edu.kz/archiv
- 5 Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016-2019 годы.-Астана, 2016. 16.03.2016 г.
- 6 Саипов А. Узахова А.С. Дайырбекова Г. Әділхан С. Заманауи оқыту технологияларының болашақ мұғалімдердің оқу жетістіктерін бағалауда алатын орны// Қазақ білім академиясының баяндамалары 3-4/2014. - Б. 55-64

#### Түйін

Мақала болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдіруде «мектеп-колледж-ЖОО» ынтымақтастық мәселесіне арналады. Білім беру жүйесінің үш кезеңдерінде оқыту технологияларының үздіксіздігі ұстанымдары негізінде «мектеп-колледж-ЖОО» болашақ мұғалімді қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады.

#### Resume

The article is devoted to the problem of cooperation between the secondary general education school, the pedagogical college and higher educational institutions in improving the preparation of the future teacher. As an effective tool for the joint work of the school, college and university in the formation of the teacher of the new formation, the principle of continuity of the teaching technologies in these three levels of the education system is considered.



## ТОПТЫҚ ӘДІС ОҚУ ҮРДІСІН БЕЛСЕНДІРУДІҢ НЕГІЗІ

**Қ.Қ. МҰҚАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

**Ғ.Р. АҚМАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
доцент міндетін атқарушы

Қазақ инновациялық  
гуманитарлық-заң университеті

### **Аннотация**

Мақалада топтық әдіс оқу үрдісін белсендіру негізі ретінде қарастырылады. Сапалы әрі тиімді білім беруде және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және қызмет барысындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған топтық әдіс қарастырылады.

*Түйін сөздер:* топтық әдіс, оқу үрдісі, оқу үрдісін белсендіру, жұптық жұмыс, тұрақты жұптық жұмыс, ауыспалы жұптық жұмыс, үштік жұмыс, төрттік жұмыс

Қазіргі заманғы білім беру үрдісі бойынша білімді өмірде, тәжірибеде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Білімалушының өзіне қажетті білімді өзі игеріп, іздеп табуға үйренуі, оқу, тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болуы керек. Белсенді, шығармашыл тұлға дайындап шығару керек. Осы мақсатты жүзеге асыруда сабақта топтық әдісті қолдану маңызды мәнге ие.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс білімалушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде білімалушылардың өз бетінше оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Топтық жұмыс берілген ақпаратты талқылауға, өзгелердің пікірлерін қолдауға немесе теріске шығаруға жағдай жасағанда тиімді болады. Топтық әдісті сабақта қолданудың бастапқы кезеңде білімалушылардың өзара әрекет ету дағдыларын дамыту қажет, содан кейін білімалушылардың арасында қарым-қатынас біршама орнаған соң, олардың қойылған мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға болады.

Топтық әдістің мүмкіндіктері де көп. Топтық әдістің мүмкіндіктерін былай көретуге болады.

1. Қатысым іске асады;
2. Шығармашылық жұмыс жасалады;
3. Білімнің беріктігі;
4. Белсенділік артады;
5. Ынтымақтастық орнайды;
6. Топта жұмыс жасай алу қабілеті жетіледі.

Топқа бөлудің түрлері көп. Топқа оқушылар өз қалауымен бөлінуі, не оқытушы тапсырманың күрделі, жеңіліне, білімалушылардың білім дәрежесі, іскерлігіне қарай өзі топтастыруы мүмкін. Немесе топтағы білімалушылардың тізімін алдын ала анықтап, іліп қоюға болады. Білімалушыларды топқа бөлудің ең қарапайым жолы – 1, 2, 3, 4 сандарымен санату. Бір санын атағандар бірінші топты, екі санын атағандар екінші топты тағы сол сияқты құрайды [1, 24 б.]. Құрылған топ тұрақты болуы да, ауыспалы болуы да мүмкін. Жалпы белсенді оқытуда тұрақты топ деген болмайды, топ мүшелері үнемі ауысып отыруы керек. Топ мүшелерінің үнемі ауысып отыруы білімалушылардың топтағы басқа топ мүшелерімен жұмыс істеуге, оларды тануға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс ұйымдастырудың әртүрлі әдістемесі бар. Соның бір үлгісінде оқытушы алдын ала білімалушыларды дайындайды, жұптаса, топтаса, ұжым болып ізденудің амал-тәсілдеріне дағдыландырады, үйретеді. Өтілетін тақырыптарды екі бөлімге бөліп, жұптарға талқылауға береді. Білімалушылар алдымен жеке орындап, одан кейін жұппен орындайды. Келесі сабақтарда өздерінің орындаған жұмыстарын басқа жұптармен бөліседі. Одан кейін жұптар топ болып ұйымдасады. Енді оқытушы топтарға мәселе қояды, ол кезеңде топтар қойылған мәселенің шешімін табу жолдарын іздейді соңынан бүкіл ұжым болып талқылайды. Бір мәселені әр топ әр қырынан зерттейді, әр топтың өз тапсырмасы болады, қорытындысында барлық топтар біріге отырып мәселені шешеді. Бірде бір білімалушы бос отырмайды, топ жетекшілері оқытушымен байланысып отырады, білім беру мен білім алу үрдісі, қызу оқу еңбегі жүріп жатады. Мұндай топтық жұмыс білімалушыларды жеке ізденіске, зерттеу жұмысын жасауға, қойған мәселені шешуге бағыттайды. Білім деңгейлері көтеріледі, өз ізденістері арқылы білімдерін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтереді. Бір-бірінің жұмысына пікір білдіруге, талдауға, қорытынды жасауға жетелейді. Ұйымшылдыққа баулиды, бірігіп алдағы проблеманы шешу, өз беттерімен мақсатқа жету, бір-бірін

оқыту, өзін-өзі тану сынды белсенді, өнімді іс-әрекеттерге дағдыландыру үрдісін жүзеге асырады.

Топтық әдіс арқылы қазақ тілін оқытуда жүргізілетін жұмыстар жүйесін үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Жұптық жұмыс

2. Үштік жұмыс

3. Төрттік жұмыс

Ұсынылған топтық әдістің үш түрі топтық оқыту әдісінің кешенді жұмыс жүйесін құрайды.

I Жұптық жұмыс.

Заман талабы оқушы-субъектінің білімді өз ізденістері арқылы меңгеруін мақсат етсе, жұптық жұмыс осы мақсаттың іске асуына мүмкіндік туғызады. Жұптық жұмыстың басты белгісі оқушылардың жұптарының ауысып, алмасып келіп отыруында. Әр оқушы бірде білімалушы болса, бірде үйретуші қызметінде болады. Жұптық жұмыстың негізгі ерекшеліктері ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- үнемі қайталанып келіп отыратын тапсырмалар мен жұмыс түрлері оқушылардың ойлау қабілетін, танымын дамытады;

- тіке тілдік қарым-қатынас арқылы еске сақтау қабілеттері жетіледі, тілдері дамиды, бұрын алған білімдері жаңарады, оны жаңа мәселелерді шешуге пайдалану дағдылары қалыптасады;

- жұптардың алмасуы арқылы бір мәселе айналасында бүкіл ұжыммен жұмыс істеуге, оны талқылауға мүмкіндік туады;

- білім мен дағды беки түседі, тиянақты білім қамтамасыз етіледі;

- әр оқушыға еркіндік беріледі, олардың дербес ізденістеріне, зерттеушілік іс-әрекетіне мүмкіндік туады;

- сыныптағы құрбылары арасындағы, яғни ұжым алдындағы жауапкершіліктері артады, өзі үшін ғана емес, басқалары үшін де еңбектенуге дағдыланады. Себебі ол өзі үшін ғана емес басқаның білімі үшін де жауапты болады.

- өзін-өзі бағалау, өз мүмкіндігі мен қабілетін саралау, сыни көзқарастары қалыптасады.

Жұптық жұмыстың негізгі ерекшелігі, біріншіден, тілдерді үйрету барысында ең тиімді деп есептелетін тілдесім әрекеті іске асырылса, екіншіден, оқушылардың барлығының бірдей белсенді жұмыс істеулерін қамтамасыз етеді.

Жұптық жұмыс кезінде жұп үнемі тілдік қатынаста болады. Олардың дауыстары ақырындап шығып тұруы да мүмкін, сондықтан сынып іші шулы болуы ықтимал. Бірақ ол оқушылардың жұмыс жүргізулеріне бөгет болмайды, керісінше, өз құрбыларының қызу

жұмыс жасап жатқандарын көріп, олардың да жұмыс жасау белсенділігі арта түседі. Сынып ішінде орнаған шуылдың оқушы белсенділігін арттыратындығын ғалымдар да дәлелдеп жүр. Бұл жөнінде: “Вообще для любой работы необходима своя шумовая среда. Абсолютная тишина, которой нет, вряд ли способствовала бы какой бы то ни было продуктивной работе”, - деп көрсетеді З. Вихман [2, 27 б.]. Сондықтан сыныптың іші шулы болғаннан ешқандай да бөгет болмайды.

Жұптық жұмыс кезінде әрбір жұп орындарында отырып та, түрегеліп тұрып та, бір-біріне қарама-қарсы тұрып та жүргізе береді.

Жұптық жұмыс екі түрге бөлінеді: 1) тұрақты жұптық жұмыс; 2) ауыспалы жұптық жұмыс.

1. Тұрақты жұптық жұмыс. Тұрақты жұптық жұмыс барысында оқытушының берген тапсырмасы тек екі оқушының арасында жүргізіледі. Ол берілген тақырып бойынша диалог құру немесе шағын мәтінді талқылау, мәселені шешу т.б. тапсырмалар болуы мүмкін. Қандай тапсырма болмасын, екі оқушы, яғни жұп арасында орындалады.

Тұрақты жұптық жұмыс екі кезеңнен тұрады. Оның біріншісі – тілдік қатынас жасауға дайындық кезеңі, екіншісі – тілдік қатынас тәжірибесі кезеңі.

Тілдік қатынас жасауға дайындық кезеңі, негізінен, сұрақ-жауаптан тұрады, яғни топ жұп-жұпқа бөлініп, бір-бірімен белгілі бір оқу материалы бойынша тілдік қатынасқа түседі. Олардың арасында жүргізілетін тілдесім әрекетінің уақыты шектеулі. Сондықтан бұл жұмыс бес-алты сұрақ-жауап төңірегінде шектелуі мүмкін.

Дайындық кезеңінің өзі үш кезеңнен тұрады: дайындық кезеңі, орындау кезеңі, аяқталу кезеңі.

Дайындық кезеңіне оқытушы жұп дайындап, әрбір жұпқа тапсырма береді, оның орындалу барысын түсіндіреді. Ал оқушы тапсырманы қалай орындайтынын, не істеу керек екенін толық түсініп алуға тиісті. Осыдан кейін әрбір жұп өз тапсырмаларын орындауға кіріседі. Бұл уақытта оқытушы әрбір жұптың жұмысты орындау барысын бақылайды, қажет болса, түзетеді. Ал жұмысты әрі жылдам әрі жақсы орындап жатқан жұпқа қолдау, қолпаштау да көрсетіліп отырылуы тиіс. Жұмыстың аяқталу кезеңі әртүрлі болуы мүмкін.

Тұрақты жұптық жұмыстың екінші кезеңі – тілдік қатынас тәжірибесі кезеңі – берілетін тапсырмалардың күрделілігімен және еркін қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастырумен ерекшеленеді. Берілетін тапсырмалар да әртүрлі болып келеді. Мысалы, екі жұптың

телефон арқылы тілдесуі немесе әңгіме-сұхбат жүргізу, рөлдік ойындар сияқты жұмыстар болуы мүмкін.

## 2. Ауыспалы жұптық жұмыс.

Қазақ тілін оқытуда ауыспалы жұптық жұмыстың атқаратын рөлі ерекше. Ауыспалы жұптық жұмыс топтық әдістің негізгі өзегі болып табылады.

Ауыспалы жұптық жұмыс мына үлгіде ұйымдастырылады. Сынып оқушылары екі-екіден жұпқа бөлініп, әрбір жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді. Әрбір жұптың бір сынары ақпарат таратушы рөлінде болады (тақырыптың мазмұнын, оны талдауды, түсіндіруді, т.б. біледі). Осы ақпаратты өз сынарына сол қалпында жеткізеді, яғни түсіндіреді, сұрақтарға жауап береді, көрсетеді т.б. Ал серігі ол ақпаратты қабылдайды, түсінбеген жерін қайта сұрайды, талқылайды. Ауыспалы жұптық жұмыс кезінде бір оқушы сыныптағы барлық оқушылармен жұмыс істеп шығады. Бір жұптың жұмыс уақыты 3-4 мин. аспауы керек. Ауыспалы жұптық жұмыстың тағы бір маңызды жағы – оқушы алған білімін сол жерде екінші біреуге жеткізу арқылы оқу материалын жылдам әрі сапалы меңгереді. Сондай-ақ, не оқып білдің, не үйрендің, соны сол жерде екінші біреуге түсіндір, тәжірибеде қолдан деген қағиданы ұстанады.

II Үштік жұмыс. Үштік жұмыстың өзі тілдік қатынасты психологиялық жағынан өзгертеді. Үштік жұмыс алдыңғы жұмыс түрлерінің ешқайсысына да ұқсамайды. Үштік жұмысты кіші пікірталас ретінде де ұғынуға болады.

Бұл жұмыс түрінде мәселелік тапсырмаларды орындауға, шешім қабылдау, пікір алмастыру, баға беру, т.б. сол сияқты міндеттерді орындауға мүмкіндік туады. Менің ойымша, менің пікірімше, оның пайымдауынша, сіздің көзқарасыңыз бойынша деген сияқты қыстырма сөздерді қолдану арқылы өз ойларын толық жеткізе білуде үштік жұмыстың алатын орны ерекше.

Көптеген ғалым-әдіскерлер үштік жұмыс ең тиімді, әрі ұтымды жұмыс түрі екенін көрсеткен. Олардың тұжырымы бойынша, тілдік қатынасқа үшінші адамның қатынасуы қарым-қатынас бағытын түбірінен өзгертеді. Өйткені, тілдік қарым-қатынасқа түскен екі адам үшінші бір адамның да көзқарасын ескерулері тиіс.

Ол жөнінде Г.А. Китайгородская былай деп тұжырым жасайды: “Одной из наиболее плодотворных форм взаимодействия может стать работа учащихся в микро – группах – триадах. Присутствие в микро группе третьего лица создает в общении такую позицию, когда двое общающихся вынуждены учитывать то влияние, которое оказывают им высказывания не только на непосредственного собеседника, но и на

наблюдателя. Это поднимает уровень рефлексией учащих, необходимый при обучении общению. Кроме того дополнительной задачей по отношению к двум другим, мобилизует его внимание на каких-либо речевых или языковых аспектов коммуникативного акта и обеспечивает большую активность в выполнении этого дополнительного задания”[3, 30 б.].

Үштік жұмыстың құрамы үнемі өзгертіліп отырылуы тиіс. Бұл жағдайда оқушылар әртүрлі жағдайда, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Өз көзқарастары мен білімдерін қорғап, дәлелдеп шығуға дағдыланады. Сондай-ақ, бір ғана тілдік материалмен шектелмей, бірнеше тапсырмаларды игеріп шығуына мүмкіндік туындайды. Өйткені, әр үштік жұмыстың тапсырмасы әртүрлі болуы мүмкін. Ал тапсырмалардың барлығы бірдей болған жағдайда да, әр үштік топ өздерінің орындаған тапсырмаларының дұрыстығын дәлелдеп шығулары тиіс.

Үштік жұмыс барысында оқушылар бірін-бірі тыңдауға, сыйлауға, бір-бірімен еркін тілдік қатынасқа түсуге, әркімнің көзқарасын дұрыс бағалауға үйренеді. Олардың бойында өз көзқарасымды дәлелдеп шығамын, менің пікірім дұрыс деген сенімділік, жігерлілік пайда болады. Ол сабаққа деген ынта мен қызығушылықты тудырады.

### III Төрттік жұмыс.

Бұл жұмыс түрінде сынып оқушылары төрт-төрттен бөлінеді. Әр төрттік топта өз серіктеріне көмектесетін немесе ұйымдастыратын бір оқушы тағайындалады, яғни ол оқушы мұғалім рөлінде болады және ол әр жаңа тақырыпты өткен кезде өзгеріп отырады. Себебі бір оқушы бір жаттығуды немесе тапсырманы жақсы меңгерген болса, келесі бір оқушы басқа тақырыпты жетік меңгерген. Сондықтан кім қай тақырыпты жақсы білсе, сол оқушы (төрттік топтың ішінде) мұғалім рөлінде болады. Негізгі бағытты оқушы-мұғалім ұйымдастырып отырады.

Жұмысты бұл үлгіде ұйымдастыру оқушылардың жауапкершіліктерін арттырады, бір-біріне көмектесуге әрекеттендіреді. Топтағы оқушыларды төрт-төрттен бөлген кезде бірнеше, екі немесе үш т.б. төрттік топ құрылуы мүмкін. Олардың әрқайсына жеке-жеке тапсырма беріледі. Бірақ ол тапсырмалар бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырылуы тиіс.

Төрттік жұмысқа берілетін тапсырмалар әртүрлі болады. Әр төрттік топ өз тапсырмалары бойынша жұмыс істейді. Әр төрттік топ өз тапсырмасын мұқият орындап, толықтай түсініп алулары тиіс. Өз тапсырмалары бойынша жұмысты аяқтағаннан кейін, екі төрттік

топтың жұмысы басталады, яғни өз тапсырмаларын орындап болған төрттік топ тапсырманы орындап болған келесі бір топпен жұмыс жүргізеді. Әр төрттік топ өз тапсырмасын келесі топқа түсіндіріп үйретеді. Осылайша, төрттік топтардың бір-бірімен алмасуы арқылы олар барлық оқу материалын толықтай меңгеріп шығады. Сонда бір сабақ барысында бірнеше тақырыпты сапалы әрі жылдам меңгеріп шығуға мүмкіндік алады.

Төрттік жұмысты ойын түрінде де жүргізуге болады. Ол үшін әр төрттік топ бір-біріне сұрақ-тапсырма даярлайды. Ол сұрақпен алдымен төрттік топтың өздері жұмыс жүргізеді. Яғни, олар қойылатын сұрақты өздері жетік білулері тиіс. Одан кейін ол сұрақтарын келесі бір төрттік топқа қояды, яғни әр төрттік топ бір-біріне сұрақ қояды. Осыдан соң әр төрттік топ берілген тапсырма-сұрақ бойынша жұмыс жүргізеді, оны талқылайды, дәлелдейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақ тілін орыс тілді мектептерде интерактивті оқыту технологиясы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 48 б.

2 Вихман. Метод сочетательного диалога. Опыт применения. (В порядке обсуждения) // За качеством кадров. – 1931. - №6. - С.26-35.

3 Китайгородская Г.А. Принципы интенсивного обучение иностранным языка // Ин.яз. в шк., –1988. - №6. - С.3-8.

#### Резюме

В статье рассматриваются и изучаются проблемы повышения уровня и качества владения языковых знаний студентов на основе использования новых методов. Рассматривается групповой метод обучения как основа активизации учебного процесса.

#### Resume

The authors of the article consider and study the problems of increasing the level and quality of the students' language knowledge on the basis of the use of new methods. The group teaching method is considered as the basis for activating the learning process.

## ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС ШАРТТАРЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Н.С. ӘСЕНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

**З.Ш. ШАВАЛИЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

### **Аннотация**

Мақала этнопедагогика мәселелерін зерделеуге арналған. Жаһандану шарттарында этнопедагогиканың зерттеу нәтижелері ұлт тұрпатын сақтаудың қайнар көзі іспетті қарастырылады. Мәдениет пен білім беру мазмұнының байланысы тұлғаны ұлттық мәдениетке тартуға және оның мәдени тұрғыдан өзін-өзі анықтауына жағдай жасайтын фактордың бірі ретіндегі маңызы мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру келістері көрсетілген. Мақаланы этномәдени құзыреттілікті арттыруда пайдалануға болады

*Түйін сөздер:* Қазақ этнопедагогикасы, жаһандану, этникалық ұқсастық, халық педагогикасы, адамгершілік нормалар.

Қазақстан қоғамында болып жатқан өзгерістер, әлемдік білім беру кеңістігімен бірлесу және жаһандану дәуірі білім берудің техникалық және ақпараттық тұрғыдан жабдықталуының әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін тәрбие мен оқытудың ұлттық жүйесін құруды, адамның тұлғалық дамуы үшін ана тілі мен мәдениетінің сөзсіз басымдылығын мойындауды және бұл компоненттермен оның даму үдерісінің мазмұнын қамтамасыз ету керектігін, қоғам мен тұлғаның этномәдени сұраныстарын іске асыруға бағытталған этномәдени білім беру іс-әрекетін талап етеді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтқандай, рухани мәселелер бәрінен ең бірінші орында тұруға тиіс. Халықтың рухының бүтіндігі, халықтың жоғын тауып беру – бұл мәңгілік мәселе.

Ұлттың өзіндік мәдениетінің қиратылуы мен жаппай біріздендіру ықпалынан оның жоғалып кету қаупі пайда болған жаһандану шарттарында этнопедагогиканың маңызы ерекше артуда. Этнопедагогикаға ұлт мәдениеті мен ұлттық сана-сезімді сақтау мен



жаңғыртуда үлкен рөл артылады. Қазіргі кезде этнопедагогика – бұл заманауи тәрбие мен оқытуда халық мәдениеті мен дәстүрлі халық тәрбиесінің прогрессивті әлеуетін пайдалану мақсатында оларды зерделейтін ғылыми білімнің пәнаралық саласы. Этнопедагогика ғылыми білім саласы ретінде де, оқу пәні ретінде де және практикалық іс-әрекет алаңы ретінде де дамуда. Десек те этнопедагогика бойынша ғылыми зерттеулерінде теориялық-әдіснамалық сипаттағы мәселелерді зерттеу ерекше назарды талап етеді.

Тұлғаның адамгершілік санасының ерекшелігі көп жағдайда қоғамның өзінің белгілі бір тарихи даму кезеңінде мақсат етіп, ұмтылып, қол жеткізуге талпынатын мәдени бағдарларына тәуелді. Бүгінгі күні Қазақстанда этносаяси ахуал өзгерді. Қазақтар халықтың 66 пайызынан астамын құрады. Қазақстанның мәдени-тарихи кеңістігінің өзгеруі білім беру жүйесі алдына жаңа міндеттер қояды. Этнопедагогикалық мәселе тек мемлекеттің, әлеуметтің, экономикалық өмірдің, модернизациялық процестерге қатысудың мәселесі ғана емес, бұл қазақ халқының, оның ұлттық сана-сезімінің даму мәселесі болды. Таяудағы болашақта этникалық ұқсастықты қалыптастыруға қатысты мәселе әлі де көкейтесті болып қалуда. Осыған орай жаңа азаматтық сана-сезімді қалыптастыру, оның этникалық сана-сезіммен үйлесімділігі, ұлттық мүдде мен құндылықтардың азаматтық қоғам құндылықтарымен арақатынасын зерттеу маңызды болуда. Адамдардың өз-өздеріне этникалық және азаматтық тұрғыдан ұқсастығы, этникалық ерекшеліктерінің модернизациялық үрдістерге кірісіп кетуіне тигізетін ықпалы, қазақ жастарының республикадағы этносаяси ахуалға бейімделуі ерекше қызығушылық тудырады. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бірде Жапонияға сапарға шығу алдындағы журналистердің сұрақтарына берген жауаптарында былай деді: «Жаһандану кезеңінде біз игілігімізді сақтау үшін көп нәрсені ескеруіміз керек. Осыған байланысты, мысалы, кимоно киетін, храмға баратын және жоғары технология саласында жаңалықтар ашатын жапондықтардан үлгі алуға болады. Басқаша айтқанда, өзіндік ерекшеліктерді сақтау консерватизмді білдірмейді».

Қазіргі кезеңдегі күрделі әлемнің соңғы онжылдықтардағы ағымында қарама-қарсы тұрған әртүрлі қоғамдық-тарихи беталыстар айқындалды. Солардың арасында ұлттық мәдениетке қатысты екеуі басымдық көрсетуде. Олар – ұлттық мәдениетті тегістеп теңестірудегі жалпыға бірдей жаһандану, екіншісі әуелгі дәстүрді сақтауға, ұлттық байлықты көбейтуге, сана-сезімді, сенімді, руханилықты нығайтуға ұмтылыс.

Бүгін мәдениетімізге, тарихымызға, тілімізге «бұқаралық шабуыл» жасалып жатқан жаһандану заманында педагогтардың міндеті оқу-тәрбие процесін баланың бойында ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін, әлемдік тарихи процестегі өз ұлтының ролін түсінуін дамыту мақсатында құру болып табылады. Мұндай педагогикалық процесті құру қажеттілігі әлеуметтік және педагогикалық факторлармен негізделеді. Әлеуметтік факторлардың қатарына ұлттық мәдениетіміз мен тілімізді сақтап дамытуға, ұлттық дәстүрлерімізді, діни сенімдерімізді жаңғыртуға назар аударудың күшейуі, ұлттық сана-сезіміміздің өсуін жатқызуға болады. Ұлттық сана-сезімнің дамымауы, адамның ұлттық тұрғыдан өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығына, батыс өмір салты алдында бас июге әкелетіні белгілі. Ұлттық салт-дәстүрлер елімізге жат радикализм мен экстремизм идеяларына қарсы тұруға көмектеседі. Олар адамдардың мінез-құлық ережелерінің жинағы іспетті. Ал мемлекетіміздің тәуелсіздігінің дамуы процесінде жағымды тенденциялардың дамуын жеделдету, жағымсыз факторлардың салдарынан болатындардың көбеюін мүмкіндігінше төмендету – мектептің және балалар мен жастарды тәрбиелеудің барлық жүйесінің жаңа әлеуметтік функциясы.

Қазіргі кезеңдегі жеке мәдениеттердің өзара әрекеті мен жақындасу процесі халықтардың барған сайын бір жаһандық мәдени жүйеге ену процесін қамтамасыз етуде. Бірақ, бірлесуге қарамастан, адамдар дәл осы ХХІ ғасырда этностардың көптүрлілігінің құндылығын түсінді. Жеке мәдениеттер енді жай ғана бір зерттеу объектісі ретінде емес, әлемдік мәдени-тарихи процестің тең құқықты қатысушысы ретінде қарастырылатын адам жөнінде ғылымның даму бағыттары ретінде перспективті.

Мәдениет пен білім берудің байланысын ірі философтар, мәдениеттанушылар көрсетеді. П.Ф. Каптерев білім беру процесінің ең маңызды міндеті – балаларға адамзат жасаған мәдениет құндылықтарын меңгеруге көмектесу деп көрсетті [1, 79]. Білім берудің негізіне ғылымға сүйенген адамның қалыптасу жолдары, мәдениетті меңгеру тетіктері жөнінде елестері қойылғанда ғана білім беру тиімді болады.

Ағымдағы онжылдықта білім беру міндеттерінің мәселелерін қарастыруға апаратын келістерді кеңейту байқалады. И.П. Подласый мектептің басты міндеттерінің бірі елдің ұлттық-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады дейді [2, 73]. Бүгінгі күні еліміздің мектеп бағдарламасына «Қазақстан халқының салт-дәстүрлері», жоғары мектеп бағдарламасына «Мәңгілік Ел» пәндерінің

енгізілуі өте орынды және қуанарлық оқиға болғанын атап өткен жөн. Ұлттық өзгешелікке, өзіндік ерекшелікке нұқсан келтірмей балалардың басқа адамдарды төзе білуін қалыптастыруға, оларды көпұлтты кеңістікте өмір сүруге даярлауға ықпал ететін этномәдени ерекшеліктерді ескере отырып білім беру үдерісінің ұйымдастырылуын біз жақтайтынымызды айтқымыз келеді.

Мәдениеттану тұрғысынан білім беру бір ұрпақтан келесі ұрпаққа мәдени мұраны (кәсіптік білім мен іскерлікті, адамгершілік құндылықтарды) табыс етуді іске асыратын әлеуметтік институт. Білім беру жүйесінің қызметі мәдениетті қайта жаңғырту болып табылады. XIX-XX ғғ. жетекші отандық педагогтар мен философтардың білім беру мақсаты мен міндеттерін түсінулерінде мәдениеттанулық келіс байқалады, олар тұлғаны ұлттық мәдениетке тартуды және тұлғаның мәдени тұрғыдан өзін-өзі анықтауына жағдай жасауды қамтиды. Білім беру процесінің диалектикасын олар жаңа ұрпаққа өз мәдениетінің мазмұнын жасауға оятушы импульс қызметін атқаратын дайын мәдениеттің мазмұнын табыс етуден көрді. Мұндай келісте білім тұлғаның мәдениеті ретінде қарастырылады, ал білім алатын ұрпақ болашақта тек мәдени құндылықтарды тасушы ғана емес, сонымен бірге жаңа мәдениеттің мазмұнын жасаушы деп те танылады. 80-90 ж. Қазақстан және кеңес ғалымдарының мақалаларында білім беруге осылайша мәдениет қырынан қарау, білім беру қызметін ұрпақтарға мәдениет құндылықтарын жеткізуші ретінде түсіну айқын байқалады. Бірақ жоғарыда айтылған пікірлердің орын алуына қарамастан бізге білім беру мазмұнының мәдениетке сәйкес сипаты еш басым болып табылмағандығына көңіл аудару қажет сияқты. Білім беру жүйесі ғасырлар бойы өз іс-әрекетін білімді оқушыға табыс етуге шоғырландырды. Қазақстан мектептеріндегі білім беру жүйесі де білім беруге ғана бағдарланған келісті ұстанып, бұл келістің білім берудің мәдениетке сәйкес сипатынан басымдылығын сақтады.

Мәдениетті адам арқылы ғана сақтап қалуға болады, басқа жолы жоқ. Ол үшін білім адамның бойына «мәдени ұқсастығын» сіндіруі керек. «Мәдени ұқсастық» ұғымына Е.В.Бондаревская адамның өз халқымен ұқсастығын анықтауын, ұлттық мәдениетке жататынын сезіну күйін жатқызады [3]. Мәдениет пен білім арасындағы алшақтықтың ұлғаюы ұлттық тәрбиедегі дағдарысқа тән, өйткені білім өздігінен руханилықты алмастыра алмайды және әлеуметті де, тұлғаны да тұтас қайта тудыру процесін қамтамасыз ете алмайды.

Ұлттық мәдениет білім беру ісіне өзіндік бояу беріп жас ұрпақтың тәрбиесінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұндай жағдайларда әр халық өз өткен тарихын еске алып, оны зерделеп,

замандастар санасында ұлттық дәстүрлердегі, өмір салтындағы, тәрбие мен оқытудағы байқалған прогрессивтілердің бәрін өз бойында қалдыруы маңызды. Педагогика балалық және жастық шақта тұлға қалыптастырудың тұрмыстағы көрінісі мен практикалық тәжірибесінің жиыны ретінде халықтың талай ғасырлық мәдениетінің айырылмас бөлігі болып табылады. Жас ұрпақты тәрбиелеу идеялары әр ұлттың жадына құйылған.

Халық педагогикасындағы тәрбиенің ерекшелігі сол, адамгершілік нормаларды, еңбек және т.б. дағдылары мен іскерліктерді меңгеру жалпы қабылданған нормаларды, салт-дәстүрлерді ескере отырып табиғи жағдайда жүреді, ал бұл өз кезегінде сәйкес этнопедагогикалық зерттеулерді керек етеді.

Ұлтқа ұқсастықты орынды қалпына келтірудің шарттары қандай? Біздің ойымызша, ұлтқа ұқсастықты болудың бір формасы ретінде этнопедагогика бола алады және болуы керек те, өйткені ол педагогика ғылымының бір бөлігі болып қана табылмайды, сонымен бірге халық дәстүрлерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге мүмкіндік беретін күшті әлеуметтік тетік болып табылады.

Жаһандану заманында этнопедагогиканың зерттеу нәтижелері ұлт тұрпатын сақтаудың қайнар көзі болып табылады. Мұнымен бірге бұл алаңдағы зерттеу нәтижелері толыққанды, бәсекеге қабілетті ұлт азаматын қалыптастырудың іргетасын қалайды. Сондай-ақ заманауи ғылым ағылшын тілін білумен мүмкін екенін де түсінуіміз керек. Ал бұл ұлттық құндылықтарымызды жоғалтумен де, табысқа жетумен де байланысты ақиқат. Шет тілдерін меңгермеу этникалық адамды ағылшын, неміс, орыс ұлтының өкілдерімен бәсекеге түсуге қабілетсіз етеді. Сондықтан бұл тілдерге көшу эволюциялық қажеттілік және прогрестің формасы. Мұндай қарама-қайшылықтардың орын алуы этнопедпагогиканың зерттеу мәселесінің көкейтестілігін сөзсіз дәлелдейді.

«Халықтың ең таза күйіндегі өкілі балалар болып табылады. Балалардың бойында ұлттық белгілері құрыса, онда бұл ұлттың өлгенін білдіреді» деп есептейді этнопедагогиканың негізін қалаушы Г.Н. Волков [4, 37]. Тарихи қиын кезеңдерде қазақ халқы тамаша болашағына сенімін жоғалтпады және өмірлік іс-әрекетінің басымды бағыттары ретінде білім беру, мәдениет, ғылым, эмоциялы-құнды сфера қалыптастыру, адамгершілік деп тануға өз бойынан күш тапты. Бұл заманауи қазақ этнопедагогикасында негізгі бағыттарды анықтайды:

- жаңа ұрпақ өмірінде ізгілікті халық дәстүрлерін сақтау және қайта жаңғырту;

- ұлттық мәдениеттің өте маңызды бір элементі ретіндегі тілді қорғау, ана тілінде білім алу және ұлтаралық қарым-қатынас;
- білім мен сенімді байланыстыру;
- ұлттық орта құру арқылы жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

Осы міндеттердің барлығы өз кезегінде өткенді дұрыс бағалау үшін, этнопедагогика ғылымның әрі қарайғы перспективасын анықтау үшін және педагогикада жинақталған оқыту мен тәрбиенің формалары мен әдістерінің бай мүмкіндігімен орта және жоғары мектеп педагогтарын қаруландыру үшін, педагогикалық қауымнан педагогикалық теориядағы бай тәжірибені жан-жақты талдау және шығармашылықпен пайдалануға байыпты жол табу мен мұқият зерделеуді керек етеді. Сонымен бірге, біздің ойымызша, тарихи тәжірибені зерделеу көкейтестілігі бір жағынан, қазақ этнопедагогика ғылымының өткен жолын ғылыми тұрғыдан терең ой елегінен өткізу, сыни талдау жасау мен педагогикалық ізденістердің нәтижесіне баға беру қажеттілігімен, екінші жағынан ұлттық сананың өсуімен, ұлттық тарихқа қызығушылықтың артуымен, қоғамның рухани дамуына білім берудің қаншалықты ықпалы бар екендігін анықтауға ұмтылыспен түсіндіріледі.

Қазақ этнопедагогикасы халық даналығын сақтаушы, ұлт мәдениетінің бөлігі, сана-сезімінің бейнесі бола тұрып, этнос пен тұтас алғанда адамзаттың әрі қарайғы дамуы үшін теңдесі жоқ құндылық болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Каптерев П. Ф. Избранные педагогические произведения / под ред. М. Арсеньева. — М.: Педагогика, 1982. - 704с.
- 2 Подласый И.П. Педагогика.-М., 2003. - 318с.
- 3 Бондаревская Е.В. Теория и практика лично-ориентированного воспитания / Е.В. Бондаревская // Педагогика. 2001. № 1. - С. 17 - 24.
- 4 Волков Г.Н. Этнопедагогика: Орта және жоғары пед. оқу орындары студенттеріне арналған оқулық – М.: Академия, 1999. – 168 б.

#### Резюме

В статье рассматривается этнопедагогика как фактор формирования этнической идентичности в современном обществе в условиях глобализации и социального прогресса.

## Resume

In the article, the Ethnopedagogics is considered as a factor of formation of ethnic identity in modern society in the conditions of globalization and social progress.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕГАПОЛИСКЕ  
БЕЙІМДЕЛУЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**А.Ж. КУНАНБАЕВ**

психология магистрі, аға оқытушы

**Ж.Е. АБДЫХАЛЫКОВА**

Ph.D, доцент

**Г.Қ. АЙҚЫНБАЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**М.М. РЫСКУЛОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Бұл мақалада студенттердің мегаполиске бейімделу ерекшеліктеріне кең түрде анализ берілген, сонымен бірге бейімделу кезеңдеріндегі факторлар зерделенген. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 18-21 жасқа аралығындағы I және III курс студенттерінің мегаполиске бейімделулерінің әлеуметтік-психологиялық өлшемдерін ғылыми-зерттеудің эмпирикалық нәтижелері ұсынылған. Зерттеу барысында студенттерге үлкен қаланың өмір салты мен қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық, мәдени факторларының әсер ету дәрежесі зерттелді. Өртүрлі аймақтардағы басқа қаладан келген студенттердің бейімделу процесінің динамикасы көрсетілген.

*Түйін сөздер:* адаптация, мегаполис, бейімделуге әсер ететін факторлар, бейімделу кезеңдері.

Еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін орын алған маңызды экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да өзгерістер өмірдің әр саласына өзінше әсерін тигізіп, олардың жан-жақты дамып өсуіне ықпал етуде.

Соның ішінде көрнекті өзгерістер елді мекендер шоғырларының (агломерациялардың) қалыптасулары, үлкен қалалар сандарының өсуі мен тұрғындар саны миллионнан асатын қалалардың пайда болуымен байланыстылығы белгілі. Бұл мәселеге қатысты қазіргі уақытта Елбасы нұсқауымен агломерацияларды дамыту жөнінде арнайы бағдарламалар дайындалуда. Ал, аталған өзгерістер адам психикасына қалай әсерін тигізеді, ауыл тұрғындарының қала тұрғындары статусына ауысулары

олардың тұлғалық ерекшеліктерін өзгертеді ме, үлкен қалалардағы адамдардың психологиясы қандай, ауылдан немесе кіші қалалардан шыққан жастардың мегаполистерге бейімделулері қалай өтеді? Қазіргі уақытта осы және қозғалып отырған тақырыбымызға байланысты сұрақтар психологиялық және әлеуметтанулық салалар бойынша мемлекетімізде толық қанды зерттелмегендіктері және мәселені зерделеу қажеттілігінің артуы оның өзектілігін айқындайды.

Қысқаша айтқанда, мегаполис (грекше «megas» – үлкен және «polis» – қала) – миллионнан астам тұрғыны бар, көптеген қалалық көрші агломерациялардың тұтастануы нәтижесінде пайда болатын қоныстанудың ең үлкен нысаны, үлкен қала деп анықталады [1, 248 б.].

Соңғы жүргізілген есеп бойынша Астана тұрғындарының саны бір миллионға жетсе, Алматы халқының саны миллионнан қазір асты [2]. Сондықтан да, Астана мен Алматыны Қазақстанның мегаполистері деп нақты тұжырымдай аламыз.

Бүгінгі күнге дейін Ұлттық бірыңғай тестілеу бағдарламасы түлектердің Қазақстанның қалаған жеріндегі қалаған жоғары оқу орнына түсуіне жол ашқан болатын. Ал, еліміздің көптеген университеттері мемлекетіміздің мегаполистерінде орналасқан деп айтсақ, қателеспейміз. Мысалы, Алматыда беделді білім орындары – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан – Британ техникалық университеті, Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті және т.б., Астанада Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті, Медицина Академиясы, және тағы басқалары орналасқан.

Үлкен қалалардың өмір қарқыны мен онда қалыптасқан мәдени-әлеуметтік нормалар адамдарға, олардың әлеуметтік, этникалық және аумақтық шығу тегіне тәуелсіз өз талаптарын қояды. Сондықтан да, қалалық өмірге бейімделу сұрақтарын қарастырғанда жастарға, әсіресе ауылды жерлерден немесе кіші қалалардан оқуға мегаполиске қоныс аударған студенттерге аса көңіл аудару қажет. Туындаған жағдай олардың үлкен қала қарқынына және бірқатар жаңа экологиялық, климаттық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерге бейімделуге талпыныстары барысында көптеген қиындықтарды кездестірулерімен байланысты келеді. Олардың ішінде маңыздылары – жаңа әлеуметтік-тұрмыстық ахуал, жаңа орта, қаржылық, материалдық қиындықтар, жақын адамдар мен туған-туыстардың алшақтығы т.с.с, сонымен қатар, қаланың климаттық және экологиялық ерекшеліктері



де (климаттың қатандығы, ауаның тазалығы, судың сапасы және т.б.) бейімделуге біршама ықпал ететін жағдай болып табылады.

Адамның мегаполис өміріне бейімделуіне жоғарыда көрсетілген және одан да басқа факторлар өзінше белсенді түрде, кей уақыттарда теріс ықпал етеді, ал кейбіреулері адам денсаулығына үлкен зиян келтіруі мүмкін [3, 409 б.].

Сондықтан да, ауылды жерлерден немесе кіші қалалардан оқуға келген жастардың мегаполиске бейімделулері ерекшеліктерін зерттеп зерделудің келешекте студенттер арасында уақытылы алдын-алу шараларын жүзеге асыру мақсатында маңыздылығы жоғары деп санаймыз.

Біз зерттеу жұмысымыздың мақсатын бейімделудің бастапқы кезеңіндегі студенттердің мегаполиске бейімделулеріне әсер ететін факторларды айқындау және бейімделудің соңғы кезеңінде олардың өзектілігін зерделеу деп анықтадық.

Зерттеуде әлеуметтік-психологиялық әдістемелер қолданылды. Олардың ішінде бастысы Е. Нецветованың аккумуляция күйзелісі негіздері тізімінің ресейлік психолог А. Козловпен толықтырылған сұраунамасы, әдістеме қосымша аумақтық жағдайға байланысты түзетіліп толықтырылды. Сонымен қатар, Т.В. Барлас пен А.С. Козловтың биографиялық әлеуметтанулық сауалнамасы [4, 356 б.] аумақтық жағдайға байланысты түзетіліп қолданылды, К. Роджерс пен Р.Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін анықтау әдістемесі [5, 285 б.] жүргізілді.

Зерттеу үш кезеңге бөлінді, біріншісінде бейімделудің бастапқы кезеңіне әсер ететін факторлар анықталса, екіншісінде бейімделудің соңғы кезеңінде анықталған факторлардың маңыздылығы зерттелді, үшінші кезекте бейімделушілердің әлеуметтік-психологиялық бейімделулері зерделенді.

Зерттеуге Астана қаласында орналасқан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 18-22 жас аралығындағы 1-ші және 3-ші курс студенттері қатысты, іріктеме 54 адамды құрады. Мегаполиске жаңадан көшіп келген 1-ші курс студенттері бейімделудің бастапқы кезеңіндегі, 3-ші курс студенттері – бейімделудің соңғы кезеңіндегі бейімделушілер.

Сұрауға қатысқан 1-ші топ студенттерінің 32,6% жатақханада, 25,6% – туған-туыстарының үйінде, 18,6% – пәтер немесе бөлме жалдап, 23,3% – әке-шешелерімен немесе өз пәтерлерінде тұрып оқиды. Ал, 2-ші топ студенттерінің 21,9% – жатақханада, 28,1% – туған-туыстарының үйінде, ал, 34,4% – пәтер немесе бөлме жалдайды, 15,6% – әке-шешелерімен немесе өз пәтерлерінде тұрып оқиды.

Зерттеу деректерін талдау нәтижесінде сұрауға қатысушылардың 1-ші топ студенттерінің қазіргі өмірлеріне әсер ететін факторлар анықталды.

Барлығы 11 фактордың ішінде 4-і туған-туыстарынан, туған жерінен алыстап, қазіргі уақытта туындайтын сағыныш сезімімен байланысты (жаңа жағдай мен таныстар ортасының өзгеруі, жақын туыстардан алыстау, туған үйді және балалық шақты өткізген туған жерді сағыну, туған табиғатты сағыну).

Жаңа «студент» статусына ауысқаннан бері пайда болған маңызды әлеуметтік факторлардың да маңыздылығы байқалды (күн тәртібінің, әлеуметтік мәртебенің және оқу үдерісінің өзгерулері).

Мегаполиске көшіп келгеннен бері ықпал көрсететіндерге – климаттың, қаладағы өмір тынысының өзгелігі, материалдық жағдайдың, өзіндік мінез-құлықтың өзгеруі мен жоғары бағалар сияқты факторлар енгізілді.

Сонымен бейімделудің бастапқы сатысындағы студенттердің өмірлеріне жағымды немесе жағымсыз әсер ететін факторларға қарым-қатынас сферасындағы, әлеуметтік статусың өзгеруіне және де мегаполиске көшуге байланысты туындаған өзгерістерді жатқызамыз.

Ал, студенттердің (80% респонденттің пікірі бойынша) әсері аса байқалмайтын факторларға жол жүру ережелері, денсаулық сақтаудағы өзгерістер, мемлекеттік, сауда және өзге де мекемелердің қызмет көрсету тәртібі, этикет, тәртіптегі өзгешеліктер жатады. Аталған критерийлер 2-ші топ студенттерінің жауаптарында да байқалмады.


Бейімделудің соңғы кезеңіндегі студенттердің жауаптарын бастапқы кезеңіндегілердің жауаптарымен салыстырғанда біріншілердің қазіргі өмірлеріне әсер ететін факторлар 2 есе көбейген.

Нақтырақ келгенде, 3-ші курс студенттері мегаполис бейнесінің жағымсыз қасиеттері мен әлеуметтік және психологиялық мәселелерге көңіл аударылған. Туған жерге және туыстарға деген сағыныштары да әлі басылмаған, материалдық жағдайдағы және қарым-қатынастардағы мәселелер де сақталған.

Алғашқы ересек өмірдің қиындықтарымен кездесу, оларды шешу үдерісін студенттер стресс ретінде қабылдап, күйзелістерді мегаполис және өзіндік, дербес өмірдің бейнесімен орайластырғандықтан, туған жер мен қолдау көрсететін ата-аналарын, туған-туысты сағыну, ата-анамен бірге тұрғандағы бейқам, алаңсыз уақытты сағыну сезімдерінің күшейіп, мегаполис бейнесінің жағымдылығы кеміген. Оған дәлел – мегаполис жөнінде позитивті бейненің 2-ші топ респонденттері жауаптарында күрт өзгеруі, мысалы, қаланың ластығы, шулылығы,

оның өзгеше өмір тынысы, жоғары бағалары мен экологиясының, ауа-райының денсаулыққа тигізетін әсері.

Сонымен бірге, «Мегаполис Сізге несімен ұнады?» деген сұрақтың жалпыланған нәтижесі қала көркінің 3-ші курс студенттері үшін өзекті емес екенін дәлелдейді. Аталған сұраққа 1-ші курс студенттері қаланың көріктілігін және дербес өмір ерекшеліктерін ұнамды деп атап өткен болса, 3-ші курс студенттерінің жартысынан кемі қала көркінің тартымдылығын аса бағаламайды (46,9%), бірақ дербес өмір сүрудің ыңғайлылығын 1-ші курс студенттерімен (59,9%) ортақтаса ескереді (68,8%).




### 1. Мегаполис көркі бойынша салыстырмалы диаграмма.

Бұл жағдай мегаполисте тұру ұзақтылығына байланысты алғашқы сәттерде туындайтын қаланың сырт келбеті мен әсемдігіне сүйсіну, таңдану, қайран қалу сезімдерінің басылып, уақыт өте қаланы жан-жақты зерделеп, жаман-жақсысын анықтап, объективті баға берумен байланысты деп ойлаймыз.

Зерттеуде назар аударатын жағдай, ол сұрауға қатысушылардың өкімет тарапынан студенттерге көрсетілетін қолдауға байланысты сенімсіздіктерінің пайда болуы. 1-ші курс студенттері ішінде бұл факторды әсер ететін деп 44% ғана белгілесе, 3-ші курс студенттерінің арасында бұл фактордың маңыздылығын 78,2% респондент көрсетеді.

Аталған жағдай студенттердің ересек, дербес өмірлерінің бірінші қиындықтарымен кездесулері, түрлі мәселелерді шешулері, оның ішінде қарым-қатынас, қаражат, әлеуметтік және т.б. мәселелер

бойынша өзіндік шешім қабылдаулары, таңдау жасаулары мен жоспар құрулары, әлеуметтік мәселелерге көңіл аударып, бағдарлануларымен байланысты деп санаймыз.



2. Факторларды салыстыру бойынша диаграмма.

Студенттер жауаптарын салыстырғанда климаттық жағдайларға бейімделу (56,3%) және жаңа жағдайларға бейімделіп, тұру (53,1%) 2 топтың мүшелеріне бірдей өзекті болып табылды. Сондықтан да, ауарайы, климаттық және жаңа жағдайларға бейімделудің бейімделудің бастапқы және соңғы кезеңдерінде қиындық туғызатын факторлар деп тұжырымдаймыз.

Жаңа жағдайларға бейімделіп тұру - мүмкін студенттердің мегаполисте тұрғылықты жерлерін жиі ауыстыруға, сонымен қатар, көршілес адамдардың мінез-құлқына бейімделулеріне де байланысты деп санаймыз (жалданатын пәтерден жатақханаға, туған-туыстың үйінен жалданған бөлмеге көшу, көршілермен сыйыспай көшу, т.с.с. мәселелерге байланысты).

Мысалы, 1-ші курс студенттерінің ішінде пәтер немесе бөлме жалдап тұратындар 18,6% құраса, 3-ші курс студенттерінің арасында 34,4% құрайды (шамамен екі есеге артық).

Мәселелер арасында екі топта да қалада бағдарлану мәселесі өзекті болып анықталған, оның маңыздылығы мегаполистің өсіп өркендеуіне, Астана қаласында жаңа ғимараттардың бой көтеруіне,

мекемелердің жаңа ғимараттарға көшуіне, жаңа ықшам аудандардың пайда болуына, және де жолдардың салуына, өзге де жағдайларға байланысты қалада қоғамдық көліктерінің бағдарларының өзгеруі, бағдар жолдарының ауысуы сияқты т.б. мәселерге байланысты деп санаймыз. Аталған фактор мегаполис өмірі ерекшеліктерінің бірі. Мегаполистің енді бір ерекшеліктері – уақыттың жылдам өтуі, өмір сүру ырғағы, әрі қарқындылығы, сондықтан да күн тәртібінің өзгеруі факторының студенттер үшін өзектілігін мегаполистегі өмір тынысының ырғақтылығымен байланысты деп санаймыз.

Ал, мәселелерді шешу барысында бейімделудің бастапқы кезеңіндегі студенттер көмекті бірінші кезекте жатақханада бірге тұратындар мен бірге оқитындардан іздесе (35,7%), бейімделудің соңғы кезеңіндегі студенттер көмекті университет оқытушыларынан (53,1%), одан кейін деканат қызметкерлерінен іздейтіні белгілі болды.

Аталған жағдай оқытушылар мен университет қызметкерлеріне деген сенімділік пен беделділіктерін, және де олардың тарапынан көрсетілетін қолдаудың болуына дәлел деп санаймыз.

Сипатталған мәселелерге қарамастан, 3-ші курс студенттерінің 59,4% оқуды аяқтағаннан соң мегаполисте тұрақтануды жоспарлайды, 28,1% туған жерге қайту-қайтпауды әлі шешпеген болса, тек 12,5% өз отандарына қайтуды көздеп отыр.

Ал, 1-ші курс студенттерінің нәтижелерімен салыстырғанда олардың жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін туған жерлеріне оралуды 35,7% жоспарласа, 16,7% мегаполисте қалуға бет бұрған, респонденттердің көпшілігі, 47%-дан көбі, бұл сұраққа әлі шешімді жауап бере алмай отыр. Бұл жағдайды (шешімге келмеген) студенттердің жас ерекшеліктерімен, өзіндік жеке тұлғалық қалыптасу үдерістеріне байланысты деп санаймыз.

Психологиялық зерттеудің нәтижесі зерттеуге қатысқан студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделулері барысындағы дезадаптациялық мәселелердің болуын көрсетпейді. Ауылдан немесе кіші қалалардан келген 1-ші топтағы жастардың мегаполис өміріне бейімделулері табысты өтуде, 2-ші топ студенттері психологиялық және әлеуметтік тараптан тұрақтылық көрсетуде.

Қорытындылай келе, студенттердің психикалық тұрақтылығы мен оқуға, мегаполис өміріне бейімделу сапаларын жоғарылату мақсатында, және де оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін жауапты мамандар студенттер өміріне, материалды жағдайларына назар салып, тұрғын үй, тұрмыстық мәселелер бойынша уақытылы кеңес беріп, мүмкіндігінше көмек көрсетіп, мегаполис өмірінің ерекшеліктерімен таныстырып, қаладағы бағдарлану бойынша ақпаратпен қамтамасыз

етулері қажет. Сонымен қатар, диагностикалық психологиялық және әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізіп, нәтижесі бойынша алдын-алу және түзету іс-шараларын жүйелі өткізу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Большой энциклопедический словарь . -М.: АСТ, 2005. - 248б.;
- 2 BNews.kz сайты.;
- 3 Смолова Л. В. Психология взаимодействия с окружающей средой (экологическая психология). – СПб.: СПбГИПСР, 2010. – 711 б.;
- 4 Барлас Т.В. Психологический практикум для начинающих. -М.: Когито-Центр, 2014. – 260 с.;
- 5 Елисеев О. Практикум по психологии личности, СПб.: Питер, 2001.-560 с.

#### Резюме

В данной статье проанализированы особенности адаптации студентов к мегаполису, а также изучены факторы на разных этапах адаптации. Представлены эмпирические результаты научного исследования социально-психологических критериев адаптации иногородних студентов I и III курсов ЕНУ им.Л.Н.Гумилева в возрасте от 18 лет до 21 года. В ходе исследования были изучены образ жизни студентов и степень воздействия социально-экономических, культурных факторов окружающей среды большого города на состояние учащихся вуза. Показана динамика адаптационного процесса иногородних студентов разных регионов.

#### Resume

In this article there are analysed the features of adaptation of students to the megalopolis, and also the factors are studied at different stages of adaptation. The presented empirical results of the research of socially-psychological criteria of adaptation of nonresident students of the 1 st and 3 rd courses of the L.N. Gumilev ENU of the age from 18 to 21 years old. During the study the authors examined the lifestyle of students and the impact of socio-economic, cultural and environmental factors of a big city on the status of the University students. Dynamics of the adaptation process of foreign students from different regions was shown.

## ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ЫҚПАЛЫ

**С.Ш. КАБДИЕВА**

ғылыми қызметкер

С. Торайғыров атындағы Павлодар  
мемлекеттік университеті

**З.Ш. ШАВАЛИЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

### **Аннотация**

Мақалада қазақтың тарихи философиялық поэзиясында бейнеленген адами құндылықтар қарастырылып, дүниетанымның даму деңгейінің өлшемі берілген. Қазақ халқының ұлттық менталитетінің ықпалы, адамгершілік, рухани құндылықтары сараланып, озық қырларын іс-әрекетте негіздеп, интеллектуалды қабілетін, сана-сезімін ізгілікке бағыттап, азаматтық нақты аспектілерін дамытуға мүмкіндік жасау.

*Түйін сөздер:* білім, адамгершілік, қоғамдық менталитет, әлеуметтік менталитет, ұлттық менталитет, ұлттық дүниетаным, ұлттық сана, ұлттық парасат.

Қазақстан азаматтарына Республика Конституциясында кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің жалпыға ортақ білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижесінде білім алады [1].

Білім – азаматтың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректерінің, пайымдамалардың жиынтығы. Білім беру – қоғам мүшелерінің (азаматтардың) адамгершілік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Сондықтан оқушылардың азаматтық дүниетанымын дамытуда қоғамдық өзгерістерді байыпты зерделей білудің ықпалы зор. Қазақстанда азаматтық білім беруде ұлттық менталитеттің ықпалын талдау барысында көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін саралау барысында кеңестік кезеңде тәрбие-тәлім басым болғаны айқындалды. Ғылыми еңбектерді жүйелей отырып, кейбір зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап өтейік.

Қазақстанда азаматтық білім берудің тарихи даму мәселесін қарастырғанда интегралды тұрғыда ұлттық және азаматтық әр халықтың

діліне яғни менталитетіне қатысты. Менталитет – латынша «mentalis» – «ақылды», «парасатты», «рухани бай» дегенді білдіреді. Менталитет – белгілі бір адамның ақиқатын, мінез-құлқын, сипатын, тәртібінің өзекті стилін білдіреді. Мұның бәрі дерлік субъектілі іс-әрекеттер санатына жатады. Мәселен, «Жоғары сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» атты Б.Қ.Өтешованың [2] зерттеу жұмысында шетел және ТМД, Отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, менталитет ұғымының маңыздылығына тоқталып, төмендегідей тұжырымдайды:

- сыртқы әлемнің көрінісіне ерекше мән беру;
- өзіне тән құбылыстарын аңғару;
- дәлелдемелерді ғылыми негіздеу;
- қоғамдық санаға тән іс-әрекет жасау;
- қоғамдық сананың психологиялық ерекшеліктерін көрсету;
- тарихи және әлеуметтік нысаналарға әсерін айқындау;
- тарихи аспектілерді, саяси-экономикалық жағдайларды нақтылы деректемелер негізінде сипаттау;
- когнитивтік саланың қызығушылығын айқындау;
- белгілі бір ұлттың менталитеті, сенімі, идеалы, бейімі, мүддесі, құндылығы мен әлеуметтік тапсырыстарының орындалу барысын көрсету.

Әлеуметтік және философия ілімінде менталитет ұғымы қоғамдық сана, қауымдық ой-парасат категориясы ретінде қолданылады. Адам баласы өзінің ұлттық менталитетін қабылдау арқылы ой-парасатын дамытуға, рухани құндылықтарын саралап, озықтық қырларын күнделікті іс-әрекеттерінде негіздеп, психологиялық тұрғыда мінез-құлқын реттеп, бойын түзеп, жауапкершілікпен қарауға бағыттайды. Сөйтіп, қоғамдағы өзгерістерді дұрыс қабылдап, өмірде кездесетін дағдарыстардан қиналмай өтуге өздігінен шешім қабылдай білуге үйренеді. Қорыта келгенде, жеке адамның менталитеті нақтылы бір болмысқа тән іс-әрекет болып табылады.

Қоғамдық менталитет – топ, ұжым, қауым деңгейінде, бұл – ұлттық-этникалық, кәсіби, жас ерекшеліктеріне қарай қолданылатын нысан. Әлеуметтік менталитет – қоғам танымына сәйкес келетін нысан. Әлеуметтік менталитетте рухани құндылықтар басым болып келеді. Елдің өркендеп өсіп, дамуына бағдар жасайды. Ұлттық менталитет – тарихи даму, ұлттық сипат, елдік тағдыр, халықтың дамуына қозғаушы күші болып табылады.

Қазіргі білім мен тәрбие жүйесіндегі оқушылардың дүниетанымын дамыту үшін үш түрлі бағытты ұстанады:



- 1) еркін тұлғаны тәрбиелеу;
- 2) рухани тұлғаны тәрбиелеу;
- 3) ізгілікті, әрі адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу.

«Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесі (1980-1994 жж.)» атты Р.С. Құттыбаеваның [3] зерттеу еңбегінде Қазақстан жерінде тұратын көп этностың даму мәселесіне, ұлтаралық қатынастарына тоқталады. Қазақстанда мемлекеттік идеология – ұлттық мүддеге сәйкес негізделеді. Қазақстанда азаматты білім мен тәрбие беру үдерісінде этносаралық қатынастарды үш бағытта зерделейді:

- 1) қоғамдық қарым-қатынас;
- 2) саяси-әлеуметтік факторлармен тығыз байланыста өзгеретін құбылыс;
- 3) елдегі саяси үрдістер даму мазмұны мен ауқымына әсер.

Қорыта келгенде, азаматтық білім беру үрдісі ұлттық сипатта қалыптасып, рухани құндылықтарға негізделіп дамиды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» [4] атты Жолдауында «ұлттық бәсекелестікке қабілетті» ұғымы білімділік деңгейімен өлшенеді. Демек, Қазақстан Республикасында білім жүйесін дамыту тұжырымдамасы әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылып, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, көп деңгейлі, әрі үздіксіз білім беретін ұлттық модельді құруды басымдықта ұстауға бағытталған.

Ұлттық модельді құру барысында көне мұралары оқу, қазақ зиялыларының тәлімдік мәні зор еңбектерді пайдалану көзделеді. Себебі, қазақ зиялыларының зерттеу еңбектерінде халық мұраларында ұлттық құндылықтар сақталғандылығы және тәлім-тәрбиелік маңыздылығы негізге алынған.

Мәселен, «Қорқыт ата мұрасындағы халықтық дүниетаным» атты Б.М. Аташтың [5] зерттеу еңбегінде Қорқыт ата мұрасын ұлттық сипат негізінде қарастырған. Ұлттық сипатты ашу – философиялық пайымдалуында. Бұл зерттеу еңбегінде әр халықтың табиғи-генетикалық жағынан өз ерекшеліктері бар екені айқындалған. Қазақстанда білім берудің даму ерекшеліктерінен ұлттық болмысымыздың құрылымын толық тануға мүмкіндік берілмегендігі айқындалған. Осының салдарынан ұрпақтың рухани сабақтастығы үзіліп, ата дәстүрі сақталмай, ұлттық (тіл, дәстүр және т.б.) негіздерінен айырылып қалғандығы дәлелдеген. Қорқыт еңбегінде мифсідендіру, психоанализдік-құрылымдық әдістерді, абстрактылықтан нақтылыққа өтуді қолдау және халқымыздың жалпы дүниетаным ерекшеліктеріне әдіснамалық негіз бар. Әлемдік мифология

мен халқымыздың жазба және ауыз әдебиеті үлгілеріндегі түбірлестікке жүгіну және көне дүниетанымды ашып, талдау басшылыққа алынған.

«Қорқыт ата мұрасындағы халықтық дүниетаным» атты зерттеуде Қорқыттың тұтас дүниетанымының тұрғысын құрайтын философиясын талдап, негізгі ұғымдарын айқындап көрсеткен:

- дүниетанымды жан-жақты ашып, терең мәнді философиясын анықтау;

- тұрмыстық болмысты қабылдау өлшемдерін көрсету;

- әлем мен адам, болмыс, уақыт пен кеңістік ұғымдарын негіздеу;

- этикалық мәселелер мен қайшылықтарды шешілу идеалдарын ұсыну;

- ой толғаныс ерекшеліктері философиялық тұрғыдан сараптау.

Автор Қорқыт ата кітабындағы оқиғалардың формалық көрсеткіштерін, ішкі мәндерін ашып, халықтық дүниетаным негізінде алған. Қорқыт дүниетанымы арқылы жалпы метафизикалық мәселелер өзгеше тұжырымдалған. Сонымен қатар, әлемдік ой деңгейіндегі толғаныстары беріліп, оның кейбір идеяларымен сабақтастығы көрсетілген. Қорқыт Ата туралы пікір айтушылардың ойларын жинақтап, жүйелеп, философиялық және тарихи зерттеулердің сипатына үңіліп, халық дәстүрі негізінде дүниетанымдық тұжырым жасалған. Қорқыт дүниетанымындағы өлім мен өмір, ізгілік пен зұлымдық тәрізді философиялық мәселелер тереңнен көрсетілген. Ұлттық сипаттың негізіне тұжырымдамалар төмендегі жүйемен берілген:

1. Дүниеге сезімдік қатынас орнықтыруда әлем тұтастығындағы салыстырмалылықтар арқылы дүниенің бірлігін тұжырымдауы мен аңыздарда шаман діни сенімнің өкілі ретінде ұсыну.

2. Әлемдегі Адам болмысы, ондағы еркіндік өлшемдердің айқындалуы, әлемдік үйлесімділік мәселелерін ашуы, оның туындыларындағы діни сенімдердің қозғалуы, ығыстырылуы, жоғалуы, күшейе түсуі, жаңаны ендірілу динамикасы арқылы қалыптастыру.

3. Қорқыт атаның тіршілік ету философиясын негіздеу бойынша өмірдің мәнін, адамзат тіршілігінің негізгі мақсаттарын белгілеу, бабамыздың салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жолдарын жүйелеу, тұжырымдап, күрделі қырларына талдаулар жасай отыра, этикалық ерекшеліктерін сараптап, дүниетанымдық мәнімен қатар оғыз-қыпшақ халықтары этикасының құндылығын ашу.

4. Дәстүрге сүйенетін қазақ философиясының ерекшеліктеріне сәйкес ізгілік пен зұлымдық арасындағы қайшылықтарды ашу, оны шешілу жолдарын ұсыну.

5. Қорқыт өмір сүрген дәуірдің жаршысы, парасаттылыққа бет бұрушы, халықтың мұң-мұқтажын жырлаушы ретінде сипаттау.

6. Әлемге әйгілі өлімнен қашу аңыздарындағы өлім мен өмір мәселесіндегі күрделі жағдайларды өзінше ұғыну, уақытты қадірлеуге шақыру, бүкіл тіршіліктің және өткінші материя (өлім) деп тұжырымдауы.

7. Өмірдің мәні мен құндылығы, дүниенің мағынасы, моральдың жоғары нүктесі бола алатындығын анықтау.

8. Өмірдің, тіршіліктің құндылығын, ең негізгі мәні, адамның санасының дамуына мән беру.

Қорыта келгенде, «Қорқыт ата мұрасындағы халықтық дүниетаным» атты зерттеу еңбегі әдебиет және философия, тарих пәнінде Қорқыт мұраларының мәнділігіне үңілу қажет болған жағдайда өте маңызды.

«Қазақстан азаматтарының саяси құндылықтарының қалыптасу процесі» атты еңбекте ұлттық сипатты саяси құндылықтардың қалыптасу үдерісін іздейді. Зерттеуші еңбегінің ғылыми жаңалығын былай жіктеп көрсетеді: «Қазақстанның тәуелсіздігін алған жағдайындағы азаматтардың саяси құндылықтарының ерекшеліктері этикалық талдау арқылы сарапталады» [6]. Бұл зерттеуде автор өзіндік ерекшелігі жаңа кезеңде қалыптасып келе жатқан саяси аксиологияға тарихи дәстүрлік пен жаңашылдықтың байланысы арқылы сипаттайды:

- құндылықтар теориясының ауқымында саяси аксиологияға негіз болатын әдіснамалық және теориялық ұстанымдар айқындалады;

- жүйелілік, нақты-тарихи принциптерін қолдану арқылы құндылықтар сабақтастығы көрсетіледі;

- саяси құндылық феноменінің саясаттанудағы категориялық келбетіне жан-жақты сипаттамалар беріліп, олардың саяси мәдениетпен байланыстары көрсетіледі;

- уақыттың өтпелі кезеңге тән қайшылықтары айқындалады;

- дәстүрлі қоғамның саяси құндылықтарының саяси-рухани мұра болу деңгейі анықталады;

- билердің қызметіне талдаулар жасалынады, қазіргі кезеңге лайықты маңыздылығына назар аударылады;

- қазақ зиялыларының ұсынған елімізде тұтастанған этно-саясатты жүргізу қажеттігі идеясы талданған;

- саяси процестерге тигізген ықпалы көрсетіледі;

- тоталитарлы қоғам тұсындағы саяси процестердегі этикалық дәстүрлі құндылықтар сабақтастығының үзілуі, қоғамдағы саяси құндылықтар жүйесін саяси институттардың толық бақылауы, оның қайшылықтық тұстары ашып көрсетіледі;

- егемендік жағдайындағы құндылықтар қайшылығының саяси процеске әсері сараптаудан өткізілген, оның этикалық келбеті талданып,

қоғамдағы тұрақтылыққа, бірлікке жетелейтін факторлар жүйесі айқындалады;

- саяси құндылықтардың қалыптасу механизміндегі демократияландырудың, гуманизмденудің рөлі мен қызметі ашылған, бұл азаматтардың саяси қатысу белсенділігімен тікелей байланысты екені дәлелденеді;

- этикалық ренессанстың саяси процеске ықпалы зерттеліп, оның болашағына болжамдар жасалған және бұл құбылыстың әлеуметтік прогреске тигізетін әсері сұрыптаудан өткізілген, нарыққа сүйенген ашық қоғам орнатудың күрделі шарттары талданады.

Данышпанның мұрасын құрайтын «бақыт» мәселесі – адамзаттың ежелден бергі көксеп келген арман-тілегі, екеніне маңыз берген. Бақытқа әр адамның жетер жолы – тек өзіне ғана тән жол. Десек те, оның сара жолы – ақиқатқа ғылыми таным арқылы жету екені бұл еңбекте басымдықта алынған. Бұл – ұлттық сипаттың негізі материалдық дүниеге тек рухани кемелдену арқылы келудің даналық жолын іздеу тұрғысында қарастырылған бірегей ғылыми еңбек. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық тұжырым-қағидалары рационалистік сипатымен ерекшеленетінін айқындаған. Ғұламаның еңбегіндегі адам баласының ғаламдағы құбылыс – зат атаулыны ақылмен танып-білуге қауқарлы екендігіне орынды тоқталған. Негізін рационалистік максимализм құрайтын дүниенің хикметін (даналық сырын) ашу ілімі гносеологиялық мәселелерді қамтып қоймай, «ізгі қаланың» өз ішіндегі қоғамдық, әлеуметтік қарым-қатынасты бір ізге түсіріп, қалыптап отыруда дәнекерлік етуді көздейтіні айтылған. Әбу Насыр әл-Фарабидің *«ақыл-ой, парасатты»* тірек еткен ой-тұжырымдары әлдебір қиялдағы ғажайыпты қуалап кетпей, адамзаттың жер үстінде игілік көруінің жай-күйін көздеуімен, соған сәйкес ғылыми танымның көкжиегін танытып беруімен құнды екені белгілі. Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі қазақ еліне тән ұлттық сипаттың өзі бүкіләлемдік Платонның «еске түсіру» теориясымен, Аристотельдің «әуелгі қозғаушы күш» идеясымен, «бағыныстылық» ұстанымымен сабақтас екеніне зерттеуші ерекше тоқталып өткен [6]. Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі ұлттық сипаттың философиялық негізі дүниетанымдағы «қажеті бар», «ықтимал бардан» жоғары тұратыны тұрғысында зерделенген.

Қорыта келгенде, оқушыларға азаматтық тәрбие беру саласында зерттеушілердің ғылыми ұстанымдары, ашылған жаңалықтары айрықша. Қазақстанда азаматтық білім беруден тәрбие іс-әрекеті кең ауқымда жақсы жолға қойылғаны белгілі.

Қазақстанда азаматтық білім беру мен тәрбие көп факторлы, деңгейлік жағынан күрделі жүйенің тек бір бөлігі ғана. Сондықтан,

азаматтық тәрбиенің құрылымы мен мазмұнын былай жіктеп көрсетуге болады:

- 1) азаматтық білім беру – ұлттық сана және мәртебені;
- 2) азаматтық білім беру – құқықтық тәрбиені;
- 3) азаматтық білім беру – ұлтаралық және интернационалдық қарым-қатынас тәрбиесі;
- 4) азаматтық білім беру – саяси тәрбиені;
- 5) азаматтық білім беру – адамгершілік тәрбиені;
- 6) азаматтық білім беру – патриоттық тәрбиені;
- 7) азаматтық білім беру – құқықтық тәрбиені қалыптастыру.

Азаматтық тәрбиеге берілген ғылыми негіздемелерді жоққа шығару мақсатында емес, жүйенің негізгі бөліктерін құрайтын педагогикалық құбылыс, Қазақстанда азаматтық білім беруде ұлттық менталитеттің ықпалы ерекше және азаматтық тәрбиенің нәтижесі азаматтық болмыспен көпқұрылымдық жүйе құрушылық тұлғалы сапа орнықтыратыны жайлы құнды пікір саралап көрсетілген. Қоғамға игі жетістіктерге жету мақсатындағы мұраты бір, мүдделі тұлғалардың одақтасып, азаматтық іс-әрекеті түрлерін ұсынады:

1. Азаматтық білімді, ұлттық дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамыту.

2. Азаматтық білімнің негізі – ұлттық мінездегі менталитет ерекшелігін ескере отырып, тұлғаның өзін-өзі жетілдіру мәселесіне мән беру.

3. Азаматтық білім беруде еркін, рухани, ізгілікті, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу.

4. Азаматтық білім бере отырып, жас ұрпақты елжандылыққа, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, өз елінің тарихын құрметтеуге баулу.

Қазақстанда азаматтық білім беруде ұлттық менталитеттің ықпалы және оқу-тәрбие жүйесінде ұлттық сана-сезімді дамыту басты мәселе. Бұл орайда ұлттық парасат, мәртебе, намыс, қазақ халқының және басқа ұлттар мен ұлыстардың тарихи-мәдени байланыстары, олардың озық дәстүрлерінің үлгі-өнеге тұтарлық тұстарының ортақ болуы мәнді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – 256 б.

2 Өтешова Б.Қ. Жоғары сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын халық тағылымы материалдары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары: автореферат... пед. ғыл. докторы. – Алматы, 2000. – 25 б.

3 Құттыбаева Р.С. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесі (1980-1994 жж.): автореферат... тарих ғыл. канд. – Алматы, 1995. – 26 б.

4 «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!»Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы.– Астана, 2004 жыл, 19 наурыз.

5 Аташ Б.М. Қорқыт ата мұрасындағы халықтық дүниетаным: автореферат... философия ғыл. докторы. – Алматы, 1999. – 27 б.

6 Құрманалиева А.Д. Әбу Насыр әл-Фарабидың философиялық іліміндегі әлеуметтік танымның онтологиялық және әдіснамалық негіздері: дис... философ. ғыл. докт. – Алматы, 2002. – 28 б.

#### Резюме

В данной статье рассматривается система человеческих ценностей, нашедших отражение в философской поэзии истории казахов, сделан анализ показателей уровня развития человека в казахской философии. Из духовного наследия казахского народа о проблемах мудрости и гуманности взяты необходимые для нашего исследования материалы и определены объекты, способствующие развитию интеллектуального потенциала сознания и ориентирующие на гражданственность в специальном аспекте.

#### Resume

The authors of this article consider the system of human values, as reflected in the philosophical poetry of the Kazakh history. They made the analysis of indicators of human development in the Kazakh philosophy. From the spiritual heritage of the Kazakh people about the problems of wisdom and humanity there were taken for the study the materials and objects that contribute to the development of the intellectual potential of consciousness and focus on citizenship in a special aspect.

**БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ  
ТӘЖІРИБЕЛІК ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б.С. ЖЕЛДЫБАЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
«Физика» кафедрасының доцент міндетін атқарушы  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

**С.Б. МУКУШЕВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
«Экономикалық теория және құқық»  
кафедрасының аға оқытушысы,  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті

**Аннотация**

Мақалада «физика» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің сабақтан тыс уақытында университет зертханаларындағы әртүрлі зерттеу жұмыстарына белсенді қатысулары баяндалады. Болашақ физика пәні мұғалімдерінің тәжірибелік іскерліктерін қалыптастыру жүйесі зерттелген.

*Түйін сөздер:* физика пәні мұғалімі, практикалық даярлау, іскерлік, эксперименттік зерттеу.

Қазақстан Республикасы жоғары білімнің мемлекеттік стандартының мұғалім мамандығы бойынша даярлау деңгейіне қойылатын талаптар көрсетілген. Онда жоғары оқу орнын бітірушінің өзінің кәсіби іс-әрекетінің түрі мен сипатының өзгеруіне әдістемелік және психологиялық тұрғыдан дайын болу қажет екендігі жөнінде жалпы талаптар қойылады. Сонымен бірге оқылатын пәндер циклы бойынша олардың білімі мен білігіне талаптар нақтыланып қойылған.

Білім алушылардың қоршаған ортаға деген дүниетанымын кеңейтіп, атқарған іс-әрекеттеріне танымдық тұжырым жасап қорытындыға келу, ойлау көкжиектерін кеңейтіп, тәжірибелік іскерліктерін қалыптастырып, ой еркіндігіне жол ашатын пәндердің бірі – физика.

Физика пәні көптеген ұғымдардан, құбылыстардан, болжаулардан, идеялар мен заңдылықтардан және т.б. тұратыны белгілі. Оқу сапасын арттыра отырып, болашақ мұғалімдерді

даярлауда өзінің практикалық қызметінде жетістіктерге жетуі үшін физиканы оқыту әдістемесін үздіксіз, жүйелі дамытып отыруды қажет етеді.

Кез келген жоғары оқу орнында білім алушылардың алған теориялық білімдерін бекітудің негізгі жолы – тәжірибелік дайындық болып табылады. Білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтау және жетілдіру үшін оларды әртараптандыру, қажетті білім мен дағдыларды беруге, өмір құндылықтарын қалыптастыруға және орнатуда орта мектебі болуы тиіс, барлығы осы өмір мектебінен өтеді. Эксперименттік дайындығы – бұл, физика пәні мұғалімінің негізгі құзыреттілігі болып табылады: сонымен бірге, ғылыми танымдағы физикалық эксперимент рөлін ұғынуы; білім беруде физикалық экспериментке қызығушылығының дамуы; эксперименттік дағдыларының қалыптасуы.

Бүгінгі уақытта осы білім беру жүйесін жетілдірілетін болашақ мұғалімдерді даярлауда өздігінен шығармашылық жұмыс дағдысын, туындаған мәселелердің тиімді шешімдерін таба білу іскерлігі олардың дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету талап етіледі.

Студенттердің өздігінен шығармашылық жұмыс дағдыларын қамтамасыз етуде оқу сабақтары мен оқулықтар және ғылыми еңбектермен жұмыс бойынша шектелмейді [1, 29 б.]. Болашақ мұғалімдердің өмір бойы оқуға, ізденуге дағдылануы, жаңа материалдар, техника мен технологияларды іздеуі, өз бетімен білімін жетілдіруі, қосымша білім алуы үшін тәжірибелік іскерліктері болуы тиіс. Әсіресе, студенттердің шығармашылық өзіндік жұмысы үшін оларға үлкен кеңістік, яғни оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде пайда болады. Оқу сабақтарының осы түрінің мақсаты – студенттердің зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру, практикалық есептерді өздігінен шеше білуі, іздей білу іскерлігі және жаңаны табу қабілетінің болуы. Оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері әртүрлі болуы мүмкін: материалдардың құрылымын немесе қандайда бір құбылыстарды эксперименттік зерттеу; әртүрлі құрылғыларды сынақтан өткізу, электрондық құрылғылар және механикалық құрылымдар; оқу-зертханалық жұмыс параметрі және реттеу; теориялық алынған физикалық шамалардың тәуелділігін эксперименттік тексеру; теориялық зерттеулер, теориялық талдаулар, өмірмен байланыстыру. Студенттер оқу орнын аяқтағаннан кейін де шығармашылықпен айналысуы қажет болады, ол үшін әртүрлі формаларды қолданып, мысалы, студенттік конструкторлық бюро, студенттердің зерттеу үйірмелері, семинарлар, олимпиадалар, конкурстар, үздік студенттік



ғылыми жұмысқа арналған конкурстар сияқты ғылыми жұмысқа белсене қатысуы сұралады. Бұл жағдайда ең қабілетті студенттерді ғана тарту емес, сондай-ақ білім алушылардың көпшілігін ғылыми жұмысқа бағыттау ұсынылады.

Қазіргі заманда физика ақпараттық технологиялардың материалдық негізі болып табылады. Мектепте техникалық үйірмені ұйымдастыру үшін мектеп мұғалімі осыған сәйкес дайындығы болуы тиіс. Сондықтан, «Физика» мамандығының студенттері, болашақ физика пәнінің мұғалімдері, сабақтан тыс уақытында оңтайлы әдістері мен тәсілдерін негізге алып, электрлік схемаларды жинау жұмысы бойынша жобалау, физикалық құралдарды қалпына келтіру және қондырғыларды құру университеттің физика кафедрасында ұйымдастырылған «Студенттік эксперименттік алаң» зертханасына белсенді қатысады. Эксперименттік алаң жасақтау арқылы білім алушылар физикалық құралдар, ақпараттар ағынымен тиімді жұмыс істеуіне қол жеткіземіз. Сөйтіп студенттер практикалық жұмыстар дағдысын қалыптастырып бекітеді, физикалық қондырғыларды жасауды үйренеді, оларды қолдану арқылы теориялық білімдерін тәжірибелік түрде нығайтады.

Болашақ физика пәні мұғалімдерінің тәжірибелік іскерліктері жан-жақты қалыптасу үшін оның жүйесін жасау қажет. Бұл жүйе төмендегідей элементтерден тұрады:

1. Физикалық құбылысқа қатысты теориялық білімнің болуы;
2. Болашақ мұғалімнің логикалық пайымдауының жеткілікті болуы;
3. Физикалық білім игеруге қажетті әдіс-тәсілдерді және әртүрлі технологияларды меңгере білу;
4. Болашақ мұғалімдерді физикалық тәжірибелер жасауға, эксперименттік есептер шешуге және үй жағдайында зертханалық жұмыстар жасай білуге баулу;
5. Студентерге университет зертханасы жағдайында әртүрлі физикалық приборлар мен қондырғыларды өз бетімен жасауға жағдай жасау.

Студенттердің оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары осы жұмыс түрлерін орындаудағы арнайы дайындық әдістерінің кешені, олардың белсенді өздік танымдық әрекеті, тапсырмалар түрлерінің әртүрлілігі, критерилері және осындай жұмыстардың орындалу нәтижелерін анықтау деңгейін бағалау көрсеткіштерінің болуының жүзеге асырылуына назар аударылады. Практикалық есептерді жүйелі шешу білім алушылардың ойлауын дамытуға, шығармашылық ізденіске

баулуға дайындауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, табандылыққа, ерік-жігер мен мақсатына жетуге әсер етеді.

Болашақ физика пәнінің мұғалімдерін практикалық даярлау мақсатында әртүрлі оқыту технологиялары [3, 22-28 бб.], соның ішінде проблемалық оқыту әдісі бойынша физика кафедрасында әзірленген және студенттерге элективті курстар ұсынылады. Студенттер мамандығы бойынша жұмыстарды орындауда тиісті практикалық дағдыларға ие болып, «Студенттік эксперименттік алаң» зертханасы ұйымдастырылды. Бұл зертханада студенттер мен оқушылардың жұмысты (қала мектептерінің оқушылары тартылады) орындау міндеттерінің бірі (3-4 жылда шамамен 40 жұмыс дайындалды) қозғалмалы құралдарды дайындау бойынша өздігінен жұмыстар жасау, модельдер, бейнероликтер, физикалық құбылыстарды демонстрациялау мен процестерді көрсететін қолданыстағы құралдар, макеттер, өндіру бойынша әрекеті болып табылады. Болашақта осы құрылғылар мен жабдықтар эксперименттік есептерді шешуде, алынған теориялық есептеулерді тексеруде, талдауда және ұсынылған шешімдерді бағалауда пайдаланылады.

«Студенттік эксперименттік алаң» зертханасында шығармашылық топты құру кезеңінде келесі сұрақтар қаралады: шығармашылық зертхана тәртібі әзірленеді; зертхана жұмысының жоспары және шығармашылық топтың құрамы рәсімделеді, ғылыми мәселелерді айқындау үшін оларды шешу жолдары мен әзірлемелері дайындалады. Шығармашылық топтың жұмыс мазмұны мен формасы студенттер ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Білім алушылар бір-біріне қойылған сұрақтарға жауабын іздеу және шешуде жобалау, өндіру, эксперименттік қондырғыны орнату, жөндеу дағдыларын қамтиды. Құрылғыны өндіру бойынша жұмыс істеуге жоспарлап, оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істейді. Оқу экспериментін қолдану физикалық құбылыстарды оны зерттеу үшін негіз құруға мүмкіндік береді; оқыту көрнекілігін арттыру және осылайша игеретін құбылысты студенттерге қолжетімді түрде болуы қадағаланады.

Мектеп мұғалімдері университет оқытушыларымен ынтымақтастық орнатуда кафедрада «Студенттік эксперименттік алаң» зертханасын құру студенттер мен мектеп оқушыларының бірлесіп шығармашылық жұмыс атқаруы оң нәтижелерін береді. Студенттер – болашақ физика мұғалімдерінің техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру және оқушылардың шығармашылығын дамыту, сабақтан тыс уақытта ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді. Студенттер мен оқушылардың бірлескен жұмысы техника тілін

игеруіне әсер етеді: схемалар, диаграммалар, сызбалар, суреттер, әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, бақылау-өлшеу құралдары және т.б. қабілеттері мен дағдыларын дамытады. Физикалық құралдар мен қондырғыларды жобалау кезінде, білім алушылар бір-біріне қойылатын жалпы талаптарды бағалау және тұжырымдауды үйреніп, дағдыланған болуы керек. Құрылған қондырғының параметрлері мен сипаттамаларын есептеу, өндірілетін құрылғы, көркемдік элементтерін ойластырып, жоғары сезімталдық мүмкіндігі, [4,36-38 бб.] эстетикалық орындалуы, жобалау элементтерін білдіріп көрсетеді.

Қорыта келгенде, болашақ физика пәні мұғалімдерінің тәжірибелік іскерлігін жүйелі түрде қалыптастыру үшін студенттердің өздігінен физикалық эксперименттік зерттеу жасай білуіне, физикалық құралдар мен қондырғыларды құрастыра алуына және олардың бойында ізденушілік, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерінің қалыптасуына жағдай жасау керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Стукаленко Н.М., Еремкова Ж.К. О подготовке будущих учителей к развитию познавательного интереса учащихся при обучении фундаментальным наукам на примере физики.- Международный журнал экспериментального образования. №11. – 2011. - С.28-33.

2 Лапаник О.Ф. Формирование профессиональной компетентности у студентов технического вуза (на примере обучения дисциплинам естественно научного цикла). – Образование и наука. №10 (67). - 2009. - С.33-39.

3 Лептина И. Семенова Н. Применение эффективных технологий обучения // Учитель. - 2003. - №1. - С.22-28.

4 Анофрикова С.В., Одинцова Н.И. обучение сравнению результатов эксперимента с предсказанными. Физика в школе. – 2000. - №3. - С.36-38.

#### Резюме

В статье изложено содержание самостоятельной экспериментальной работы студентов исследовательского характера, которая проводится в физических лабораториях университета. Изучен процесс формирования системы практических умений будущих учителей физики.

Ключевые слова: Учитель физики, практическая подготовка, умения, экспериментальное исследование.

#### Resume

The authors of the article examined the content of the independent students' experimental research work which is carried out in physical laboratories of the university.

The process of forming the system of practical skills of future teachers of physics has been studied.

Key words: teacher of physics, practical training, skills, experimental research.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАС ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ  
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ РЕТІНДЕ**

**Б.Ж. АБДРАШЕВА**

әлеуметтік ғылымдарының кандидаты, доцент

**М.Т. БАЙМУҚАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**А.М. БАЙМУХАНОВА**

магистр, аға оқытушы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды

мемлекеттік университеті

**Аннотация**

Мақалада өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі қарастырылып отыр. Бүгінгі таңда әлеуметтік дамудың стратегиясын жасау мен орындаудың объективті қажеттілігі туындап отыр. Оның маңызды бағыты ретінде әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеудің басты бағыттары бойынша әлеуметтік дәстүрлердің және құндылықтардың дамуы ғылыми сыйымды салалардағы технологиялық жетістіктермен камтамасыздандыруы қажет. Осыған орай, рухани құндылықтарды, дәстүрлердің әлеуметтік маңыздылығын авторлар тарихи тұрғыдан қарастырып, қазіргі жағдайларға орай талқыланған еңбектердің тұжырымдамасын ортаға салған.

*Түйін сөздер:* нарықтық қатынас, әлеуметтану, дәстүр, құндылық, рухани-мәдениет байлығы, қарым-қатынас, әлеуметтік заң, жаһандану.

Соңғы жылдардың ішінде Қазақстан ішкі және сыртқы салиқалы саясаттымен, байсалды қадамдарымен, ел экономикасын өрге бастырудағы батыл қимылдарымен, жаһандық мәселелерді шешудегі игі бастамаларымен бүкіл әлемге танылды. Тәуелсіздік жылдары рухани өмірге бұрын-соңды болмаған өзгерістер әкелді. Материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз етудегі ауыртпашылықтарға қарамастан қазақ халқының рухани мұрасын толық қалпына келтіру, ұлттық дәстүрді, оның мәдени-этникалық және нормалық-этникалық құбылыстарын әлеуметтік институт ретінде ғылыми-теориялық жағынан талдай отырып, оның мәдениетін батыстандырудың теріс ықпалдарынан қорғау кезек күттірмейтін келелі мәселеге айналды.

Заман талабынан туындап отырған аталмыш мәселелерді шешуде Қазақстан үшін екі үлкен міндет туындады. Бірі – санадағы, әлеуметтік

тәжірибедегі бодандықтың елдіктен, тендіктен алыстататын қиянатынан тезірек арылу, екіншісі – тәуелсіз азат Қазақстанның аяғынан тік тұруына, әлемдік өркениетке өзіндік келбет-кейпімен кірігуіне лайықты үлес қосу. Демек, әлемдік үрдіске қалтқысыз араласуды мақсат еткен Қазақстанға рухани-мәдени болмысымызды, ұлттық дәстүрімізді, құндылықтарымызды, қазақы пішін-болмысымызды бүлдірмей, қолдан келсе таза ұстаудан басқа жол жоқ. Өйткені, алыс-жақын мемлекеттер қоян-қолтық жақындасып жатқан мына заманда ұлттан ұлттың, нәсілден нәсілдің, халықтан халықтың өзгешелігі, ерекшелігі, төлтума даралығы мен айырмашылығы тек дәстүр, руханият, тіл, менталитет салаларына келіп тіреледі. Ендеше, вестернизацияны ой елегінен өткізу көкейкесті мәселеге жатады. «Вестернизация» ұғымы қазақстандық қоғамтанушылар тарапынан да талдау объектісі болып келді. Қазіргі жаһандану үрдістері және олардың ұлттық мәдениеттерге тигізетін әсері соңғы жылдары қоғам өкілдері арасында қызу талқыланып, әртүрлі пікірлер айтылып жүр.

Неоконсерватизм идеологиясын австриялық экономист Фридрих Август фон Хайек (1899-1992) өзінің «Құлдыққа апаратын жол», «Еркіндік конституциясы» еңбектерінде, «Құқық, заң шығарушылық және еркіндік» трилогиясында негіздеді. Оның әлеуметтік-философиялық доктринасы экономикалық концепциясымен қатар қазіргі қоғамды ұйымдастыру, мәдени даму, ғылыми таным методологиялары мәселелерін де қамтиды.

Хайек өз ілімінде нарықты мемлекеттік реттеудің кез келген формасын сынап отырып, Кейнстің теориясына да, социализм іліміне де қарсы шығады. Жалпы игілік үшін меншікті әлеуметтендіру, оның пікірінше, индивидуалдық еркіндікті басып-жаншып, тоталитарлық режимді орнатады. Қазіргі плюралистік қоғамға құқық үстемдік ететін мемлекет қана сәйкес келеді. Құқықтық мемлекет жеке құқықтан, тіпті конституциядан да үстемдігін білдірді, өйткені «жеке меншік еркіндіктің басты кепілі болып табылады».

Қазіргі батыстандыру саясатында экспансиялық сипаттың күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл қазақстандық зиялы қауымды да толғандырмай қоймайды. Біз осындай экспансияға төтеп бере алатындай болуымыз керек. Осы жөнінде академик Ә. Нысанбаев айтқанындай, вестернизация яғни, батыстану – бүкіл әлемді батыстың үлгісімен дамыту. Мысалы, нарыққа көшіп жатырмыз, демократия, сөз бостандығы деп жүрміз мұның бәрі батыстан шыққан, ал шығыстың құндылығы өз алдына. Бізге жаһандану процесінің пайдалы жағы – біз батыстан инвестиция алып жатырмыз, капитал, технология келеді. Ол біздегі тоқтап тұрған өндіріс орындарын жандандыруға септігін

тигізеді. Бірақ Қазақстан батыс рыногына, бәсекеге төтеп беретін өз тауарын шығара алмай отыр. Ондай тауар бізде жоқ. Қарап отырсақ, жаһандану процесінде біздің еншімізге тиетін шаруа шикізат өндіру ғана сияқты. Шетелдіктер бізден шикізатты арзанға сатып алып, өңдеп, пайдалы затқа айналдырып, қымбатқа қайта сатады. Бұл экономикалық жаһандану. Мәдени жаһандану салдары одан да қауіпті. Сөйтіп, біз саяси және экономикалық тәуелсіздігіміздің белгілі бір бөлігінен еш соғыссыз-ақ, бейбіт жолмен айырылып қалу қауіпін ескертеді [1]. Бұл жерде саяси дәстүр мен мәдени ұлттық дәстүрдің бетпе-бет келген тұсында, халық патриоттары мен ұлт жанашырларының алдын ала камданғаны орынды болар еді деген ойды білдіреді.

Алғашқы нарықтық қатынастар кезіндегі рухани мәдениеттің көптеген ұжымдары мен түрлеріне ыңғайсыз болып шықты, мәдениет пен өнердің дәстүрлі емес түрлері (негізінен, батыстық) қаулап өсті. Мұндайда елдігімізді, ерендігімізді сақтап қалудың жолы – ұмыт бола жаздаған ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғырту.

Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі – адамдар арасындағы қатынастардың өркендеуі және өзгеруі жағдайындағы тұрақтылықты ретке келтіріп отыру. Тұрақтылық болмаса, даму да болмайды. Демек, дәстүрсіз қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, дамуы, өзгеруі мүмкін емес. Тұрақтылықты реттей отырып, дәстүр қоғамдық болмыстың ең маңызды негізін түзеді. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың әрбір жаңа сатысында сақталып қана қалмастан өзгеріп, жаңара береді. Сөйтіп, дәстүрлер арқылы қайта жаңғыру жүзеге асады, ескі қатынас түрлерінің қазіргі және болашақтағы қатынас түрлері келіп шығады. Француз әлеуметтанушысы Э. Дюркгеймнің пікірінше, әлеуметтану әлеуметтік нақты мәні бар, оған ғана тиісті қатынастарды, олардың саналарын терең зерттеуі керек. Э. Дюркгейм әлеуметтік фактілерді бастапқы түсінікті (елестетуді) жатқызады. Ұжымдық ұғымға әртүрлі адам өмірінің моральдық, басқаша айтқанда, әдет-ғұрып, дәстүр, тәртіп ережелері т.б. кіреді. Ал, олар объективті түрде өмір сүреді. Э. Дюркгейм қоғамды ерекше субстанция ретінде қарастырды, оны топтық сана мен топтық мінез-құлық ерекшеліктерімен салыстыра отырып түсіндірген. Топ ойлайды, сезінеді, іс-әрекет, қимыл жасайды. Ал, бұл топтың мінез-құлқы оның әрбір жеке мүшесінің ой-сезім, іс-әрекетінен басқаша. Бұл постулатты Э. Дюркгейм барлық қоғамға қолданады. Әлеуметтік фактілер индивидтен (адамнан) тәуелсіз, ол да табиғат құбылыстары сияқты, бірақ, олар адамға еріксіз түрде әсер етіп, оның қоғамда бір тәртіппен жүруін талап етеді [2]. Мұнда әлеуметтік қатынас түсінігінің дәстүрі қалыптасады. Қазақ мәдениеті батыстандыру мен жаһанданудың

жойқын ағысына батып кетпей тұрғандағы ұлттық дәстүрді Дюркгейм айтқандай, әлеуметтік қатынасының тұрақтылығына айналдыру.

М. Вебер саяси әлеуметтануды дамытуға да үлкен үлес қосты. Өзінің әлеуметтік іс-әрекет тұжырымдамасына сүйене отырып, ол саяси билікті үш түрге бөлді: 1) харизматикалық; 2) дәстүрлік; 3) бюрократтық. Харизматикалық үстем ету – яғни соқыр сезіммен көсемге сенуге негізделген. Дәстүрлік – дәстүр мен салтқа негізделген; ал бюрократтық деп ресми қызметтегі адамдардың, азаматтардың мүддесіне нұқсан келтіріп, өз міндеттерін формальды түрде атқаратын үстем ету формасы. Осыдан барып, «бюрократизм» деген ұнамсыз ұғым пайда болды. Бюрократизм – істің мәніне немқұрайлы формальды қарау, істі көпке созу. Екінші жағынан, мұның өзі бюрократтардың кәсіби деңгейі мен адамгершілік қасиеттерінің төмендігін, қызмет тәжірибесінің кемдігін дәлелдейді [3]. Осыдан келіп қазіргі қоғамдық ортада ұлттық әдет-ғұрыптарды пайдалану ескіліктің қалдығы, оны жаңғырту, іске асыру мардымсыз деген шорқақ оймен ғана шектелетін оқымыстылар мен чиновниктер арасында «бюрократтану» дәстүрінің қалыптасу қаупі бар екенін ескерткіміз келеді. Уақыт көрсеткендей, харизматикалық биліктегі қатынас тұрпайы болғандықтан ондағы билік келе-келе жойыла бастады да, ондағы кейбір дәстүрлік пен бюрократтық биліктегі қатынас күні бүгінге дейін сыртқы формасын өзгерткенімен, ішкі әлеуметтік билік қатынасы әлі де сақталуда.

П.А. Сорокин әлеуметтанудың ірі тұжырымдамасын жасап, дүние жүзіндегі өзгерістердің болашағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Олардың біріншісі, әлеуметтік-мәдени динамика, екіншісі – қоғамның тұтастық тұрпаты [4]. Бірінші тұжырымдамасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын, оны мәдени типтердің дамуы ретінде қарады. Ал, мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді.

Елімізде жаһандану үрдісінен кенже қалмас үшін, еңбек ресурстарының және тауарлардың әлемдік базарларының талабына сәйкес жаңа технологиялық ілгерілеу мен инновациялық өзгерістердің қарқынды дамуы қуантады. Дегенмен жергілікті тауарлардың модельдерін ұлттық өрнекпен ұштастырып, бүкіләлемдік талғамға сай жасалып, әлеуметтік қажеттіліктерді туғызып, материалдық және рухани өндіріс нәтижелерімен алмасу арқылы сұранысты көбейту, әлеуметтік болжам жұмыстарын жоспарлау, Шығыс және Батыс өркениеттерінің диалогын жандандыруды қолға алу, әлеуметтік бақылау мен қадағалау арқылы әлеуметтік институт функцияларын айқындаймыз.



К. Маркс пен Ф. Энгельстің пікірінше, «Әлеуметтік қарым-қатынас қоғамдағы диалектикалық қайшылықтар дамуының ең жоғарғы сатысы, ол әлеуметтік қауым және индивидтердің мүдделерінің қарым-қатынас тенденцияларының үндеуімен сипатталады. Адамдардың түсініктердің пайда болуы, ойлауы, рухани қарым-қатынасы мұнда әлі де олардың материалдық іс-әрекетінің тікелей туындысы болып табылады. Белгілі бір халықтың саясат, заң, мораль, дін, метафизика т.б. тілінен көрінетін рухани өндіріс жөнінен де осыны айту керек. Адамдар өздерінің түсініктерін, идеяларын т.т. жасаушылар болып табылады»- деп көрсеткен [5].

Әлеуметтік қарым-қатынас билік, мәртебе, бедел ұғымдарымен де байланысты. Сан алуан әлеуметтік экономикалық жүйелер және әлеуметтік институттар әлеуметтік қарым-қатынастың сипаты мен әлеуметтік рөлдерінің жүзеге асуы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұратын патриархальды-дәстүрлі қоғамда касталар, сословиелер арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың, әскердегі әлеуметтік қарым-қатынастың белгілі бір ережелерге, қатаң тәртіпке бағындыруынан көруге болады.

Әлеуметтік қарым-қатынас билік, мәртебе, бедел ұғымдарымен де байланысты. Сан алуан әлеуметтік экономикалық жүйелер және әлеуметтік институттар әлеуметтік қарым-қатынастың сипаты мен әлеуметтік рөлдерінің жүзеге асуы жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұратын патриархальды-дәстүрлі қоғамда касталар, сословиелер арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың, әскердегі әлеуметтік қарым-қатынастың белгілі бір ережелерге, қатаң тәртіпке бағындыруынан көруге болады.

Мысалы, белгілі бір елдің әлеуметтік қарым-қатынасынан дамуын ашу үшін оның бүгінгі жағдайын, қатар өмір сүріп отырған басқа елдің жағдайымен салыстыруға болатын болса, екінші жағынан, сол елдің өзінің өткен кезеңімен де салыстыруға болады. Бірақ мұндай салыстырмаларды зиялылықпен, терең талдаулардың негізінде жүзеге асырған орынды. Онсыз кейде, басқа елдің бір жақтарының сырт көріністері «жетістік» болып көрінгенімен, ол жетістіктің сол елге ғана тән себеп-салдарлық тарихи тағдырлары болады. Сондықтан, сол ерекшеліктерден шықпай, әртүрлі сырт көріністерді өзара теңестіру зерттеліп отырған елдің қалай дамып келе жатқандығын дұрыс түсінуге көмектеспейді. Әлеуметтік қарым-қатынастың дамуы күрделі түрде мөлшерлеп көрсетуге, көмек көрсетуге алатын ғылыми ұғымдарға «өмір салты», «әділеттілік» сияқты ұғымдар жақын болып есептеледі. Әлеуметтік қарым-қатынас түрлері интенсивтігі мен оның шиеленісуінің дамуы экономикалық саяси идеологиялық факторларға

тәуелді. Бұқара халықтың қоғамның дамуы заңдарын түсінуі мен оның бостандығының дамуы тікелей байланысты. Әлеуметтік қарым-қатынас жасай білу – қоғамдық еңбек бөлінісіне өндіріс күштерінің және өндірістік қатынастардың деңгейіне байланысты қалыптасқан қауымдардың тұтастығы және олардың өзара тұрақты қатынастары. Жеке адамның ішкі рухани құрылымын дәлелдеу және бағдарлау жүйесінің әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларына қоғамдық бейімделудің әсерін зерттеудің тәжірибелік әдістері қарым-қатынас жасау. Әлеуметтік субъектілердің қоғамдағы жағдайы мен қоғамдық өмірдегі рөліне байланысты туатын, олардың өзара қатынас, қызметін білдіретін, салыстырмалы түрде анықталатын тәуелсіз, ерекше қарым-қатынастардың бір түрі. Әлеуметтік қарым-қатынастар мәні мен қоғамдық қатынастардағы орны бүгінгі күнге дейін біржақты анықталмаған күрделі мәселе болып келеді. Сол себепті, ғылымда әлеуметтік қарым-қатынастар туралы төрт түрлі пікір орын алып отыр:

1) әлеуметтік қарым-қатынастар мен қоғамдық қатынастар өзара тең;

2) әлеуметтік қарым-қатынастар басқа қатынас түрлерінің бір түрі;

3) әлеуметтік қарым-қатынастар – әлеуметтік қауымдастықтардың арасындағы әртүрлі қатынастардың жиынтығы;

4) әлеуметтік қарым-қатынастар қоғамдық қарым-қатынастардың тәуелсіз жеке түрі – олар экономикалық қарым-қатынастар мен қондырмалық қарым-қатынастардың арасындағы аралық қарым-қатынастарды құрайды. Жалпы алғанда әлеуметтік қарым-қатынастар социология ғылымының негізгі объектісі, басты зерттеу мәселесі болып есептеледі [6].

Әлеуметтік қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік-мәдени фактордың бірі – дәстүр. Дәстүр қазіргі қоғамда әлеуметтік қарым-қатынастың бір арнасы бола отырып, адамдардың әдет-ғұрып арқылы бір-біріне ықпал етуіне, олардың әлеуметтік нормаларын сақталуына, қоғамдық ортада мінез-құлқының қалыптасуына әсерін тигізеді. Мәдени-этикалық құндылықтарды жинақтайтын, адамда әлеуметтендіруге елеулі ықпал қоғамдық болмыстың бір қыры.

Қазақ мәдениетінің креативтік қуаттылығы туралы Дидар Амантайдың «Қазақ табиғаты» деген эссесінен кейбір үзінділер келтірейік:

- Батыстан Шығысқа қарай көш түзелгенде, Күн қарсы алдыңнан жолықсын.

- Қазақ мәдениеті түркі әлемінің бұтағы емес, діні. Ата жұртты тастап кете алмайтын солар ғана. Түркі дүниесінің қара шаңырағы болып қазақтар қалды.

- Қазақтың тілін білмей, мәдениеті жайлы сөз айту күнә. Мәдениеті не жыраудың толғауында, не жылқының бітімінде.

- Еуропалық ақыл-ой өзі түсінбеген құбылысты артта қалған өркениетке жатқызады. Оның қолдан жасаған категориялар қатынасы көшпелі әлемін түсіндіре алмайды да, түркі мәдениетін алқашқы қоғамдық құрылыстың жүйесіне зорлап тықпалайды. Өйткені еуропалық рационализм көшпелілік ғарыш кеңістігінде салақтап бос қалады. Көшпелілік ғарыш кеңістігі ат шаптырым кең, еуропалық пайым көш шеңберін толғамымен толтыра алмай қиналады, мұндай деңгейде байытылған басқа категория қажет [7].

Әлеуметтік қарым-қатынастың әртүрлі элементтері арасында істестік, қайшылық және топтың күрес қатынастары болуы мүмкін.

Адамның бүкіл рухани дүниесі, оның адамдардың қарым-қатынасында ғана пайда болады. Қарым-қатынас процесінде адамның тек қана жеке басы ғана жетілмей, олардың санасының қалыптасуына гуманистік салт-сананың әсері де тиіп («жылу жинау», «асар», «енші беру», «ерулік») қатынасын қалыптастырумен қатар әдептілік-имандылық қатынастағы салт-сана «сәлем беру», «сәлем салу», «үлкеннің жолын кеспеу», «сөзді бөлмеу», әлеуметтік нормалардың талаптарына сәйкес келіп отырған. Әлемдік озық өркениеттердің, таңдаулы елу елдердің қатарына аяқ басқан Қазақстанда уақыт талабы да жоғары, сондықтан халқымыздың мәдени, тарихи, әлеуметтік мұралары мен рухани құндылықтарын зерттеу күн тәртібіне қойылып отырған өзекті мәселе. Қазақстандық рухани жүйенің бүгіні мен келешегі оның кешегі дәуірінде жинақталған рухани мұраларын талдай, танып білумен, мойындаумен және қадірлеумен байланысты.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Нысанбаев А. Глобализация и проблемы межкультурного диалога: в 2-хт. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН Республики Казахстан, 2004. - Т 1. – 274 с.

2 Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод, предназначение. - М., 1995.- 236с.

3 Вебер М. Избранные произведения и статьи. - М., 1990. - 240с.

4 Сорокин П. Система социологии. - М., 1993. – Т. 1. - 360с.

5 Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. 2 - том. - М., 1978. - 456с.

6 Каган М.С. Мир общения: Проблемы межсубъектных отношений. - М., 1988.-137с.

7 История социологии / Под общ. ред. А.Н. Елеукова и др. - Минск, 1997.-370с.

### Резюме

В современных условиях многонационального казахстанского общества важно учитывать национальные традиции в процессе регулирования социальных отношений. Они выражают черты национального сознания и социального поведения индивидуума. В статье представлен детальный методологический анализ сущности национальных традиций в структуре социального взаимодействия и черты их интеграции.

### Resume

В научной статье Тапио Вариса «Новые технологии и инновации в сфере высшего образования и регионального развития» приводятся иные ключевые компетенции, применяемые в высшем учебном заведении, такие как **цифровая компетенция**, включающая базовые операционные субкомпетенции, связанные с компьютерами; **психокогнитивные компетенции**, связанные с компьютерными знаками; **базовая компьютерная компетенция**; **интерактивные медиа- и онлайн компетенция**, а также **глобальная социально-коммуникативная компетенция**, связанная с киберпространством [19].

Исходя из сказанного, можно сделать вывод о том, что формирование иноязычной профессиональной компетенции у будущих специалистов неязыкового профиля, и в частности, специалистов - регионоведов включает в себя в качестве **когнитивно-функционального компонента** накопление и анализ информации по специальным проблемам регионоведения, формирование профессионального тезауруса, усвоение необходимых средств выражения в вербальном и невербальном поведении, а также развитию умений и формированию навыков, необходимых для выполнения профессиональных функций: ведение переговоров, оперативное принятие решений в ситуации изменяющегося профессионального контекста и т.д. **Мотивационная составляющая** профессиональной иноязычной компетенции реализуется в удовлетворении коммуникативно-познавательной потребности личности обучающегося на фоне общей потребности достижения определенного уровня профессиональной компетентности. **Формирование рефлексивности**, как необходимой характеристики профессиональной иноязычной компетенции, осуществляется в процессе когнитивного и социально-личностного развития. Рефлексивность акцентирует оценку обучающимися собственного образовательного процесса, что является важнейшим механизмом достижения качества образовательного процесса в целом.

#### Список литературы

1 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Эксперимент и инновации в школе – 2009. - №2. – С.7-13 <https://cyberleninka.ru/article/n/klyucheveye-kompetentsii-novaya-paradigma-rezultata-obrazovaniya>

2 Э.Зеер, Э.Сыманюк. Компетентностный подход к модернизации профессионального образования// Высшее образование в России. -2005. -№4. -С.22-28 <https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentnostnyy-podhod-k-modernizatsii-professionalnogo-obrazovaniya>

3 С.Е.Шишов. Понятие компетенции в контексте качества образования//Стандарты и мониторинг образования. -1999.-№2-30 с.

4 Левина Л.М. Организация самостоятельной работы студентов в условиях перехода на двухуровневую систему высшего профессионального образования. – Н.-Н.: Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, Методическое пособие для преподавателей вузов. Нижний Новгород, 2010-95 с. [http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/994/73994/53248?p\\_page=1](http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/994/73994/53248?p_page=1)

5 С.С.Кунабаева. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Монография. Алматы, 2014. 208с.

6 Ю.Н.Пак, И.О.Шильникова, Д.Ю.Пак. Компетентностный подход-инновационная основа методологического обновления образовательных программ. Опыт высшей школы Казахстана. // Образовательные технологии и общество №1 том 17, 2014. - С.360-362 <https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentnostnyy-podhod-innovatsionnaya-osnova-metodologicheskogo-obnovleniya-obrazovatelnyh-programm-opyt-vysshey-shkoly>

7 Метаева В.А. Рефлексия как метакомпетентность//Педагогика. №3. 2006. С.57-61

8 Татур Ю.Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования: Материалы ко второму заседанию методологического семинара. Авторская версия. -М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 16с.

9 Хуторской А.В. Технология проектирования ключевых и предметных компетенций // Интернет-журнал "Эйдос". -12 декабря, 2005. - С. 289. <http://www.eidos.ru/>

10 Чебанная И.А. Формирование профессиональных компетенций выпускников колледжа: диссертация ... кандидата педагогических наук. Астрахан. гос. ун-т.-Ставрополь, 2008. - 160 с. <http://www.dslib.net/prof-obrazovanie/formirovanie-professionalnyh-kompetencij-vypusnikov-kolledzha.html>

11 Самойлова Е. С. Обучение иностранному языку как фактор формирования профессиональной компетентности экономиста : Дис. канд. пед. наук. Казань, 2004 - 187 с. <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/obuchenie-inostrannomu-jazyku-kak-faktor-formirovanija-professionalnoj.html>

12 Штанько Е. В. К вопросу о формировании профессионально-ориентированной языковой компетенции бакалавров и магистров в сфере менеджмента// Актуальные задачи педагогики: материалы III Междунар. науч. конф. Издательство: Молодой ученый, г. Чита, февраль, 2013. <https://moluch.ru/conf/ped/archive/67/3361/>

13 Петрова А. П. Педагогические основы формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции в неязыковом вузе: дис. канд. пед. наук. Якутск, 1999. – 179 с. <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/pedagogicheskie-osnovy-formirovanija-inojazychnoj-professionalno-kommunikativnoj.html>

14 Е.П.Кобелева. Формирование профессиональной иноязычной компетенции будущих специалистов экономического профиля. Вестник ТГПУ. 2010. Выпуск 12 (102). С.56-57 <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnoy-inojazychnoy-kompetentsii-buduschih-spetsialistov-ekonomicheskogo-profilya>

15 Тенищева В. Ф. Интегративно-контекстная модель формирования профессиональной компетенции: диссертация доктора педагогических наук, ГОУВПО "Московский государственный лингвистический университет"- Москва, 2008.- 399 с. <http://www.lib.ua-ru.net/diss/cont/287044.html>

16 Sylvia van de Bunt-Kokhuis. Talent competences in the new eLearning generation. eLearning papers № 15, June 2009. [www.elearningpapers.eu](http://www.elearningpapers.eu)

17 Adecco Institute (2008), Talent, talent, talent. Finding it. Developing it. Keeping it. The new role of HR in the future. [www.adeccoinstitute.com](http://www.adeccoinstitute.com), European Commission (2006)

18 Recommendation of the European Parliament and of the Council of 18 December 2006 on key competences for lifelong learning (Brussels, 18 December 2006) L 394/10 "Official Journal of the European Union" 30.12.2006 <http://enil.ceris.cnr.it/Basili/EnIL/gateway/europe/EUkeycompetences.htm>

19 Tapio Varis. New technologies and innovation in higher education and regional development. Monograph "Universities and Regional Development: the challenge in the era of the globalization of higher education". Universitat Oberta de Catalunya. RUSC vol.4. 2007. <http://rusc.uoc.edu>

#### Түйін

Бұл мақалада «Кәсіби құзірет», «Тіл құзіреті» категориялық аппаратының, ғылыми-педагогикалық әдебиетінің, нормативтік-құқықтық құжаттардың талдауы ұсынылған. «Шет тілінің кәсіби бағытталған құзіретті біліктілігі» ұғымы нақтыланған, осы біліктіліктің қалыптасу ерекшеліктері айқындалған. Сонымен қатар цифрлық және электрондық оқыту технологиясын қолдану барысында қалыптасатын негізгі құзыреттер қарастырылған.

#### Resume

This article presents an analysis of legal documents, scientific and pedagogical literature about the categorical apparatus of "professional competence" and "language competence", the content of the concept "foreign professionally-oriented competence" is specified, specifics of the formation of this competence are revealed, and key competences formed when using digital and electronic learning technologies are defined.

**ОРТА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ХАЛЫҚ  
ПЕДАГОГИКАСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б.С. ЖЕЛДЫБАЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
физика кафедрасының доцент міндетін атқарушы

**Г.К. АБУСАЛИМОВА**

физика кафедрасының 1-курс магистранты  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

**Аннотация**

Мақалада заман талабына сай оқытуда этнопедагогикалық материалдарды оңтайлы қолдану арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетіне ерекше мән беріледі. Танымдық іс-әрекетінің нәтижесінде оқушылардың білімі, іскерлігі, дағдысы зерделеніп, өмір сүру тәсілдеріне бейімделген, өзін-өзі еркін сезіне алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға назар аударылған.

*Түйін сөздер:* халық педагогикасы, этнопедагогика, оқушы, оқыту үдерісі, мектеп, сынып, физиканы оқыту.

Білім беру «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдылықтарының бірі ретінде мойындалды. Отандық білім беру жүйесінің жаңаруы жағдайында әлемдік білім беру кеңістігіне ашық интеграцияға түсуі, шетел тәжірибесінің жағымды жақтарын сыни тұрғыдан қарастырып, ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеп қолдануды қажет етеді [1, 293 б.].

Қазіргі күндері әр баланы жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға, туындайтын проблеманы анықтауға үйрету – ұстаз парызы. Үйрету, бағыт-бағдар беру неден басталады?

А.Құнанбаев осыдан бір ғасыр бұрын «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша», [2, 38 б.] – деп этнопедагогикалық тәліммен тәрбиенің негізгі әдістеріне жол сілтейді.

Өркениеттілік мүлде басқа құндылықтар жүйесін құрады. Өркениетті дамудан білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілікке бағытталып жаңғыруы, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту қажеттілігі және оның салдары ретінде, мазмұн құндылығының артуы туындайды. Бәсекеге қабілеттілікке негізделген, тіршіліктегі әрекеттердің құбылмалы нысандарына, өмір сүру тәсілдеріне бейімделген, өзін-өзі



еркіндікте танитын жеке тұлға сол құндылықтар жүйесінің тірегі болып табылады.

Білім беру парадигмасының түбегейлі өзгеруі оқу-тәрбие үдерісінің бәсекеге қабілеттілікке бағыттталып, жаңғыруы қазіргі ұстаз қызметіне тың талап қояды. Ол талап оқушының дамыған тұлға дәрежесіне жетуін қамтамасыз ететін тиімді танымдық әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады.

Өткен ғасыр басында А.Байтұрсынұлының «Оқыту біткеннің беретіні – өлі білім» деген көрегендігін сараптай келе, «оқыту» – бұйрық мағынасындағы сөз, яғни біреудің басшылығымен, үстемділігімен жүзеге асырылады, ал оқи білуге баулу, үйрету – технологизациялау талабын жүзеге асыру деп пайымдауға болады.

Қазақта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дегендей, халық шығармалары арқылы заңдылықтарды өмірмен ұштастыра отырып құбылыстардың физикалық мағыналарын оқушылардың жете түйсінуді үшін олардың өздік таным әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыру – бүгінгі күнгі технологизацияландыру талабына саяды.

Халықтық педагог Шәкәрім ақын жаратылыс атаулының басы – қозғалыс деп білген. Бұл ойымызға ақынның «Тіршілік, жан туралы» өлеңінің мынадай үзіндісі айғақ болды.

*Жаратылыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлің, бір мән де  
Сол қуатпен бол таныс,  
Қозғаған қуат – жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сән дейміз [3, 230 б.].*

Шәкәрім өмірінің есею жылдарында қалыптасқан қасиеттерінің бірі – өз бетімен білім өрісін кеңейтуі, сана-сезім мәдениетін көтеруі, оқу-өнерге ынталандыруы, жаратылыс туралы түсініктерінің болуы кез келген оқушыны қызықтырмай қоймайды.

Халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы мен танымдық үрдісінен туындайтын дүниетанымдық көзқарас өзіндік болмысқа ие болып, уақыт ағымында халық санасының өмір сүру формасы ретінде көрініс таппақ.

Ал мына «Әбден толып жарық ай...» өлеңінің шумағына көңіл аударсақ,

*Күннің нұрлы бетінде,  
Алты-жеті дағы бар.  
Уайым сол ниетінде,  
Көреді-ау деп тағы жар [3, 255 б.].*

Алғашқы телескопты ойлап тапқан, күн бетінде дақтар бар екенін байқаған, әлемнің гелиоцентрлік жүйесінің дұрыстығын астрономиялық бақылаулар арқылы дәлелдеген атақты Галилейдің еңбектерімен таныс Шәкәрім өз өлеңдерінде осы жағдайдағы нақты көріністі бере білген. Инквизиция соты дәуірлеп тұрған заманда асқан батылдықпен гелиоцентрлік жүйені жақтаған Галилей еңбегінің дұрыстығын, келешек – болашағын дәл тауып көре білген оны ұнасымды өлең жолдарымен кескіндеген бабамыз Шәкәрімнің осы шумақтарына неге таңданбасқа!?

Осындай этнопедагогикалық мысалдар оқушылардың назарын оңай аударады және оқуға деген қызығушылықтарын арттырады. Білім көзін сыртқы дүние құбылыстарынан, халық ақындары мен жазушылары осы өмірден, табиғаттан алған әсерлерін жеткізуі, осы шығармалардан белгілі бір заңдылыққа сүйеніп, табиғаттың ақиқаттылығы жайлы ғылым ретінде түсінігі қалыптасады. Қазіргі кезде ең тиімді оқыту құралы болған интерактивті тақталарды қолданып, халықтық педагогика элементтерін тиімді пайдаланып, сабақ жүргізу оқушыларды белсенділікке және ізденушілік пен танымдық іс-әрекеттерге жетелейді. Табиғат құбылыстарынан алған әсерлері арқылы физикалық тұрғыда түсініктері қалыптасып, көбірек білген сайын оқуға деген ынтасы арта түседі. Оқушылардың материал мазмұнын анық түсінікті жеткізуі және оның меңгеруін қадағалаған дұрыс, осыдан шығармашылықпен жұмыс жасап, өресі кеңейеді, қисынды ойлауы жақсарады.

Дәстүрлі үдерісте білім беру жүйесінің бастапқы сатысы сынып болды. Инновациялық үдерістегі «жеке тұлғаға бағыттап оқыту» технологиясы бойынша төменде келтірілген білім беру жүйесінің «иерархиялық сатысының» ең төменгі «баспалдағында» оқушы белгіленген. «Топ», «сынып», «сыныптар жүйесі» болып «саты» баспалдақтары ары қарай жоғарылай береді (1-сурет).

## ББЖ иерархиялық сатысы



1-сурет. Білім беру жүйесінің иерархиялық сатысы

Ықтималдықтар теориясы бойынша берілген формулада негізгі сапа – ықтималды шама.

$$C = C_0 * C_T * C_c * C_M * C_{M.ж} * C_K * C_o * C_{б.ғ.м}$$

Негізгі сапа (C) әр баспалдақта келтірілген сапалық белгілердің көбейтіндісіне тең.

$C_0$  – оқушының жақсы оқу ықтималдығы;

$C_T$  – осы оқушы құрамына енетін топтың жақсы оқу ықтималдығы;

$C_c$  – осы топ құрамына енетін сыныптың жақсы оқу ықтималдығы;

$C_M$  – осы сынып құрамына енетін мектептің жақсы оқыту ықтималдығы;

$C_{M.ж}$  – осы мектеп құрамына кіретін қаладағы мектептер жүйесінің жақсы оқыту ықтималдығы;

$C_{к.б.б}$  – мектептер жүйесі орналасқан аудан, қала білім бөлімінің жақсы оқытуға барлық жағдайды туғызу ықтималдығы;

$C_{о.б.д}$  – облыстық білім департаментінің жақсы оқытуға барлық жағдайды туғызу ықтималдығы;

$C_{б.ғ.м}$  – Білім және ғылым министрлігі тарапынан туғызылатын барлық жағдайдың жасалу ықтималдығы;

Егер баспалдақта белгіленген бір шама «ақсаса» (төмендесе) онда формулада көрсетілгендей, ықтималдықтар көбейтіндісі де төмендейді, негізгі сапа көрсеткіші де ақсайды.

Келтірілген мысалдағы тұжырым Эль-Фараби Қазақ ұлттық университетінің профессоры А.В. Юшковтың пайымына негізделген [4, 24 б.].

Ұстазға қатысты «баспалдақтар»: оқушы, топ, сынып, сыныптар жүйесі.

Әдетте адам бір нәрсені жақсы меңгерсе, осы сала бойынша өз танымын кеңейте түсуге деген табиғи талпынысы арта түсетіні баршамызға аян. Теория негіздерін санаға құю – бастапқы қадам. Ал базалық білім мазмұнын қалыптастырудың негізгі кілті – оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыру. Жалпы білім беру мазмұны бойынша оқушылар алған білімін өмірдегі әртүрлі жағдайларда қолдана алатындай іс-әрекет атқаруға икемделуі негізінде олардың білігі, дағдысы, әрекет жасау амалдары, т.б. дамиды.

Жалпы білім беретін мектепте физиканы оқытуда назарға алатын мәселелер:

7-8 сынып оқушыларының нақты көру, бейнелеу арқылы ойлауы басым. Сондықтан демонстрациялық тәжірибе, құралдар, модельдер, макеттер, аудио-визуальды құралдар арқылы көрсетілімдер, халық педагогикасының материалдары, таратпа материалдар негізінде ұйымдастырылған танымдық іс-әрекеттер олардың оқу материалын меңгеруіне пәрменді ықпал етеді.

9-сынып оқушыларының абстрактылы ойлауы басым. Сондықтан кинематика, динамика, статика (материалдық нүкте, жылдамдық, үдеу, масса, күш, т.б.), яғни көзбен көре алмайтын объектілер жайлы ұғымдарды меңгеру үшін халық педагогикасынан келтірілген мысалдар арқылы шынайы көріністі оқушылардың өздігінен пайымдау икемділігін қалыптастыруға назар аударуы тиіс.

10-сынып оқушыларының теория негізінде ойлауын дамыту, яғни дедукция әдісі арқылы ой түйіндеу икемділігін қалыптастыру қажет. Осыған әсер ететін оқу материалдары молекула-кинетикалық теория зат құрылысы, электрондық теория элементтері әр ортада туындайтын электр құбылыстары, т.т. халық туындыларынан келтіруге болады.

11-сынып оқушыларының интеллектуалдық икемділіктері жоғары дәрежеде қалыптасатындықтан олардың танымдық белсенділіктері өседі. Халық шығармаларынан танымдық тапсырмалар беріп, табиғат заңдылықтарымен сабақтастырып, өресін кеңейтеді. Осыған орай ғылыми ақпарат көлемі өсуіне қарамастан олардың танымдық іс-әрекеттері жетіле береді.

Жаратылыстағы болып жатқан өзгерістерді, құбылыстарды қазақтың зиялы ақын-жазушылары өз еңбектеріне енгізіп, ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра ретінде қалдырып отырған. Міне, бізге жеткен осы халықтық педагогикадағы асыл мұралары, материалдары жаратылыстану пәндерімен сабақтастыру қажеттілігі туындайды. Себебі, қазақ халқының бар өмір тіршілігі табиғатпен, жаратылыспен тікелей етене байланыста өтіп келеді. «Балаңа басқұр қалдырғанша тозбас дәстүр қалдыр» деп қазақ халқы болашақ қамын ертеден ойластырған. Жаратылыстану пәндерінде оқушы ойының әлемнің сырларын біртіндеп түсінуі, тануы және заңдарын қолдануы халық шығармаларындағы табиғат құбылыстарымен терең тығыз байланыстылығын ашады, осыдан теориялық ойлауы да басым түседі.

Күнделікті тіршіліктегі оқушылардың оқу процесіндегі іс-әрекеті және қарым-қатынасы нәтижесінде олардың өмірге тұрақты көзқарасы, мақсаты, жаратылыстану негізіндегі өмірлік ұстанымдары, дүниеге деген бағыт-бағдарының амал-тәсілдері қалыптасады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ерназарова А.С. 12 жылдық білім беру жүйесінің елімізге келуі // Ізденіс. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – 2013. - №1. – 293 б.
- 2 Құнанбаев А. Қара сөз. – Алматы: «Ел», 1993. – 38 б.
- 3 Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 255 б.
- 4 Юшков А.Ю. Основы теории системы непрерывного образования // Физика. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. – 2007. – №5. –22-24 б.

#### Резюме

В статье рассматривается проблема использования наследия народной педагогики в процессе преподавания предмета физики, что само по себе обогащает содержание школьного курса данного предмета, совершенствуя методический аспект преподавания конкретного предмета, помогает школьникам лучше усваивать материал предмета; способствует рациональной организации познавательной деятельности учащихся.

#### Resume

The article deals with the problem of using the heritage of folk pedagogy in teaching physics, which in itself enriches the content of a school course of a given subject, improving the methodological aspect of teaching a particular subject, helping pupils better assimilate the subject material. It contributes to the rational organization of cognitive activity of pupils.



УДК 958.4 «18» «19»(.75.8)+342 (574) (094.7)

**ОРГАНИЗАЦИЯ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ОКРУГОВ В  
КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА:  
СОЗДАНИЕ ВООБРАЖАЕМЫХ ГРАНИЦ**

**Ж.М. ДЖАМПЕИСОВА**

кандидат исторических наук,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

**Аннотация**

Статья посвящена изучению практик организации административных границ между округами, которые были образованы российскими властями на территории Среднего жуза, согласно реформе 1822 года. Автор аргументирует, что на самом деле административные границы не проводились, а являлись отражением границ землепользования кочевых групп, вошедших в окружные приказы. Таким образом, колониальные границы были условными и существовали на основе обычного права казахов, касавшегося вопросов землепользования.

*Ключевые слова:* карта, административные границы, кочевые группы, суд биев, поземельное право кочевников.

В первой половине XIX века Российская империя приступила к изменению системы управления в казахской степи. 22 июня 1822 года был принят «Устав о сибирских киргизах», который кардинально менял статус казахских территорий степного края [1, с.93-112]. Согласно упомянутому документу, территория Средней орды должна была быть трансформирована в особую административную систему, организованную в так называемые округа, самые крупные административные образования для того времени в степи. Образование

административных единиц подразумевало централизацию управления над кочевым населением, что само по себе противоречило кочевому образу жизни населения, которое с целью обеспечения скота пастбищами, стремилось к дисперсному расположению кочевых групп друг от друга. Это требовало от российских чиновников формирования особой политики взаимоотношений с кочевыми лидерами. В то же время, объединение кочевого населения в административные единицы было не только вопросом переговоров и получения согласия со стороны казахской элиты, а столкновением с проблемой кочевого землепользования. В данной статье будет произведен анализ практик организации административных границ округов на территории Среднего жуза с целью исследования практики российских властей в создании административной системы в среде кочевого населения.

Представители казахских родов Сибирского ведомства восприняли новый закон неоднозначно. Прежде всего, он рассматривался как угроза независимости и традиционному укладу жизни. Часто это выражалось в игнорировании Устава и уговоров российских чиновников, так и в открытых высказываниях о нежелании иметь российское управление в степи [1, с.137]. В то же время достаточно значительная часть казахской элиты стала постепенно интересоваться о вступлении в приказы из-за тех привилегий, которые декларировались российскими чиновниками. По мнению С. Броневского, начальника штаба Отдельного сибирского корпуса, главная причина, которая толкала отдельные роды присоединиться к окружным приказам, это появившаяся возможность военной помощи приказов, при которых находились отряды российских казаков. Отдельные кочевые предводители надеялись с помощью казаков усилить защиту скота от нападений других родов, а также усилить их положение в соперничестве с другими родами за пастбища и водные ресурсы [1, с.160]. Политика России, заключающаяся в использовании острой конкуренции казахских родов за природные ресурсы, стала основой укрепления позиций российского управления в Среднем жузе [2, с.90-111].

Все же, процесс образования округов происходил достаточно сложно. Новое законодательство стремилось к закреплению кочевников на определенной территории округа. Согласно Уставу, процесс образования округов должен был сопровождаться разграничением земель одного округа от другого. В частности, в параграфе 9-м о разделении округов говорилось, что «каждый округ имеет определенные надлежащим разграничением земли, и жители другого округа не переходят на оные без точного позволения местного

начальства»[1, 93]. Таким образом, на повестку дня встал вопрос об организации границ округов. Это были первые шаги формирования административных границ.

Округи имели свою подструктуру. Согласно Уставу, округа должны были состоять из 15-20 волостей, границы которых становились очертаниями окружных административных образований. Исходя из существовавших кочевых экономических связей, российская администрация учитывала тот факт, что волость может сформироваться на основе тех групп, которые кочевали совместно и имели общие родовые связи [1, с.93]. В результате, сначала формировались границы волостей, потом на их основе и границы округов. В течение последующих 30-ти лет было образовано 7 округов, однако проблемы формирования данных границ и их оспаривания между волостями было одной из главных головных болей управления в Сибирском ведомстве.

Волости, будучи прежде всего, экономическим образованием, входя в округа, надеялись на протекцию российских властей их экономических интересов, другими словами, защиты владений урочищ и водоемов. По мере образования волостей практически сразу же начали появляться жалобы на неправильное присвоение территорий приграничными волостями. Соперничество между кочевыми группами, теперь ставшие волостями, было и основой успешной политики России по внедрению своей системы управления в степи, так и причиной того, что округа как центры имперского управления в степи были раздираемы постоянными противоречиями. Волостные элиты, вступив в окружную систему, добивались через окружные приказы, жалобы в Омскую пограничную комиссию, упрочения своих прав на пастбища, так и на возможное их расширение. Риторика писем и жалоб волостных представителей часто сопровождалась напоминанием, что российские власти обязаны выполнить свои обязательства по их защите перед другими волостями в вопросах землепользования, а также защиты от угонов скота. К примеру, в 1830 году старший султан Каркаралинского окружного приказа Батыр Букеев в своем рапорте начальнику Омской области генерал-лейтенанту Де Сент-Лорану сообщал, что две волости имели длительный конфликт из-за оспаривания на границе между ними урочищ Бугулы, Тагалы и Кызылтау. Как видно из переписки с обеими сторонами, обе волости, Коянчи-Тогаевская и Алтай-Карпыковская в своем споре за названные зимовки, просили вмешательства Областного начальника Омской области или генерал-губернатора Западной Сибири [3, л.14-16, 105-106 об.].



С другой стороны, внутри волостей существовала постоянная борьба между родами за права владения теми или иными урочищами. Управители волостей, выходцы из определенного рода, часто оказывали протекцию своим кочевым группам в решении вопросов использования пастбищ. Не имеющие подобной протекции, старались отделиться от нее и образовать новую волость с доминированием своей кочевой группы, обеспечивая, таким образом, свои ресурсы. В результате границы волостей часто менялись [4, л.76-77]. Границами округов считались смежные волости, которые часто дробились на более мелкие. Границы волостей отражали расположение кочевых групп, которое существовало до реформы 1822 года, и таким образом, границы округов в большей степени отражали границы прежних их территорий.


В первой половине XIX века российские чиновники определяли границы в основном через описание принадлежащих им урочищ и мест кочевок. Для обозначения мест нахождения волостей заводились специальные ведомости волостей каждого уезда, имена родоначальников и мест кочевания, как это описано было в случае Кокчетавского и Каркаралинского округов [4, л.2-45.]. Несмотря на существование подобных границ в виде описаний урочищ, на практике же они не проводились. Другими словами, границы округов находились в рамках поземельного права кочевников и отражали их владения. Следует обратить внимание на понимание роли границ в работе русского офицера и исследователя М. Красовского. Он объяснял причину невозможности проведения границ непониманием российскими чиновниками поземельного права казахов. *Признание русским законодательством поземельных дел исковыми, отдавало разрешение вопросов границ в руки суда биев, а значит, самих казахов. По признанию М.Красовского, не было необходимости охранять окружные границы, так они, будучи отражением владений кочевых групп, были строго под охраной самих кочевников и казахского обычного права* [5, с.159].

В связи с этим, захват чужой собственности казахами другого округа находился в компетенции суда биев, что было согласно параграфу 215 Устава о сибирских киргизах [1, с.103]. Рассмотрим случай спора приграничных волостей Кокчетавского и Акмолинского округов, имевший место в 1852-1853 гг. Казахи Джавар-акты-мунтук Сары-караульской волости оспаривали зимовки Койтас и Джамантуз с казахами куватай-кипчакской волости Акмолинского округа. Архивное дело иллюстрирует, что две упомянутые волости пришли к соглашению по киргизским обычаям 5 мая 1857 года. Решение биев

гласило, что они решили провести границу, разъединяющую Джамантуз и Джаман-Койтас между кипчаковскими и караульскими киргизами, а в частности, разделить урочище Джаман-Койтаспопалам, «... половину коего, начиная от последнего поставленного полковником Валихановым на урочище Тас-Кузук в виде ... знака – столбчика из земли, по направлению к озеру Кундугулю до урочища Алты-чучак, по сю сторону могилы, где похоронена сноха бия Чортомбая Дауленева – Наурдзан, должна принадлежать киргизам кулатай-кипчаковской волости, киргизам же Джавар-Акты-Муктук-Сары Караульской волости достается во владение озеро кундугуль с окрестностями и урочищем Алты-чувак и могилой Нурдзан; урочище Джаманкул оставить при тех же гранях, которые были указаны нам в 1856 году г. полковником Валихановым. За уведение караульскими киргизами у Чортамбая Дауленева в числе 245 копен сена, уплатить им, караульцам ему, Чортамбаю, по третьему году два кунанджина и два жеребенка также по третьему году» [6, л.173-175]. Этот спорный случай показывает сложность поземельного разбирательства и его решения, которое удовлетворило две стороны. Можно заключить, что российские чиновники не были компетентны разбирать такие споры и чаще всего были наблюдателями или посредниками. М. Красовский полностью признавал, что законы поземельного права русским чиновникам незнакомы. В связи с этим, он констатировал: «все поземельные споры будут оставаться неразрешенными в тех случаях, если русская власть вмешается в них, поэтому мы всегда старались избегать этого вмешательства, продолжая держаться той же политики и до нынешнего дня. При таких условиях границы между областными округами не могли быть точно обозначены прежде...» [5, с.159].

Карта, опубликованная М. Красовским в 1868 году, имела обозначения границ округов, однако он сам подтвердил их лишь условное существование.

(Карта 1.)[5, Приложение]



Можно заключить, что политика российских властей, направленная на административное разделение степи, столкнулась с правами кочевого землепользования. Попытки проведения границ, касавшихся как крупных административных единиц, так и мелких, осуществляли в жизни практику игнорирования границ, совместного использования приграничных территорий, а также было средством использования их в свою пользу. Как мы видим, карты, которые производились представителями российской власти в этот период, отражали не административные границы, а границы казахского землепользования. Другими словами, административные границы являлись воображаемыми административными границами. Этот пример показывает, что административная политика российских властей в построении окружной системы накладывалась на границы казахского землепользования, которые, в свою очередь, существовали в определенном смысле по законам кочевого казахского права.

#### Список литературы

- 1 Материалы по истории политического строя Казахстана. Алма-Ата, 1960. - Т.1. – С.87
- 2 Джампеисова Ж. Казахское общество и право в пореформенной степи. Астана, 2006.– С.85
- 3 Центральный государственный архив Республики Казахстан, ф.338, оп.1, д. 522.
- 4 Центральный государственный архив Республики Казахстан, ф.338, оп.1, д. 539.
- 5 Красовский М. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов. СПб, 1868, Часть III. – С.164
- 6 Центральный государственный архив Республики Казахстан, ф.345, оп. 1, д. 1446.

#### Түйін

Мақалада 1822 жылғы реформаға сәйкес Орта жүз аумағындағы Ресей билігімен құрылған округтар арасындағы әкімшілік шекараны ұйымдастыру тәжірибесін зерттеуге арналған. Автор, шындығында әкімшілік шекаралардың өткізілмегендігін, ал округтық бұйрықтарға енген көшпелі топтардың жерді пайдалану шекараларының көрінісі болып табылатындығын дәлелдейді. Отарлық шекаралар шартты түрде болған және жерді пайдалану мәселелеріне байланысты қазақтар құқықтарының негізінде іске асырылған.

#### Resume

The article is devoted to the investigating of administrative borders organization practices between districts (okrugs), which were organized by Russian authorities in the territory of the Middle Horde, according to the reform of 1822. The author states that in fact administrative borders were not made artificially, but they reflected the borders of land tenure of those nomadic groups which entered in the district system. Thus, colonial borders were conditional and existed on the base of common law in land tenure issues.

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ

Г.Б. СҮЛЕЙМЕНОВА

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
Еуразия гуманитарлық институты

### Аннотация

Мақалада діни экстремизм және босқындар мәселесі, еуропадағы миграциялық дағдарыстың жағдайы, сонымен қатар оның нәтижелері мен салдары статистикалық мәліметтер негізінде жете талданған.

*Түйін сөздер:* экстремизм, миграция, миграциялық дағдарыс, мигранттар, босқындар, адам құқығы, Шенген келісімі, ксенофобия.

Діни экстремизм ұғымы – шынайы діннің негізгі қағидаларынан, қазіргі қолданыстағы ұлттық заңнамалардың және халықаралық құқықтың қағидаттарынан тыс шектен шығу дегенді білдіреді. Арнайы сөздік бойынша «діни экстремизм – басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру». Экстремизм (extremus) деген латын тілінен енген термин, сөздік мәні «соңғы, шеткі» деген мағынаны білдіреді, саяси мағынасы экстремизм бойынша – бұл шектен шыққан көзқараспен және іс-әрекетімен ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 2 ақпанында қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында Діни экстремизм ұғымына мынадай сипат берген: Экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы [1].

Жалпы экстремизм деген терминге қазіргі әлем ғалымдары мен сарапшылары түрлі мағыналар берген. Бірақ, ортақ бір шешімге келмеген. Бір анығы ол қоғамға, мемлекетке және жалпы әлемге қауіп

төндіретін құбылыс. Ал, соның ішіндегі діни экстремизм дегеніміз – дәстүрлі дінді бұрмалап, жат «идеяны» белсенді насихаттау, зайырлы жүйеге қарсы әрекет ету.

Діни экстремизм негізінен діни сауатсыздық, дінге толық таныммен келмеу және діни сауатсыздықтың кесірінен теріс пиғылды ағымдардың өкілдерінің сөзіне еріп, надандықтан шыққан соқыр сенім деуге де болады.

Бүгінгі күні жаһандану жағдайындағы діни экстремизмнің қоғамда белең алуымен қатар ол белгілі бір дәрежеде босқындар мәселесіне де септігін тигізіп отыр.

Еуропаға алғашқы босқындар басқа құрлықтардан өткен ғасырдың 70-ші жылдары келе бастады. 1973 жылғы Чили мен Уругвайдағы және 1976 жылғы Аргентинадағы әскери төңкерістерден кейін көпшілігі Латын Америкасын тастап кетуге мәжбүр болды. 1975 жылдан кейін Батыс Еуропа да Үндіқытайдан 230 мыңға жуық босқындарды қабылдады.

80-ші жылдарға қарай барлық дүние жүзінен көптеген адамдар нақ осы Еуропаға ағыла бастады. Баспана іздеген тұлғалардың стихиялы түрде келуі қарқын алушы бағыт бойынша жүрді. Африкадағы, Латын Америкасындағы және Таяу Шығыстағы ішкі шиеленістер және адам құқықтарының күрделі бұзылуы жағдайында олардың саны 1989 жылға қарай 200 мың адамға жетті.

Батыс Еуропаға орнығуға ниет білдірген мигранттар санының күрт өсуі 1993 жылдың өзінде-ақ Ұлыбритания, Франция, Германия, Бельгия, Португалия, Нидерланды сияқты елдердің мигранттарды қабылдауды шектеу бойынша шаралар қабылдауға мәжбүр етті. 1994 жылы олардың ізімен Австрия, Дания және Италия жүрді. Бұл шаралардың қатаң болғандығы соншалық, бірқатар үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының пікірінше, саяси баспана берудегі халықаралық институт негізін бұзуға дейін барды. Ал бұл шаралардың нәтижесі заңсыз мигранттар ағынының артуы болды.

ЕО полицейлары мен миграциялық қызметі 2003 жылы қаңтарда иммигранттар, оның Еуроодақтың негізгі мемлекеттеріндегі заңсыздары, туралы төмендегідей мәліметтерді жариялады:

Францияда 3,6 миллион шетелдіктер, оның 9, 23 мыңы – заңсыздар. Франция территориясына үшінші елдерден кіру үшін шетелдіктер өз елдерінде тек консулдықтан ғана виза сұрауы тиіс. Франция территориясына келгеннен кейін шетелдік үш ай ішінде полициялық иммиграциялық қызметке тұру түріне рұқсат сұрап өтініш беруі тиіс, оның мерзімі француздық заңмен анықталады. Егер бұл

ереже бұзылатын болса, иммигрант тек Францияға ғана емес, Шенген аймағының барлық мемлекеттеріне кіру құқығынан айырылады.

Ұлыбританияда – 2,2 миллион иммигранттар, оның 46,47 мыңы заңсыздар. Мұнда саяси баспана беру өтінішін білдірген (түрлі себептермен) тұлғалар саны көп, және бұл өтініштер көбінесе қанағаттандырылады. Алайда Британ аралдарына заңсыз енген шетелдіктерді тасымалдағаны, түнеткені және жасырғаны үшін заңмен ерекше жоғары айыппұл орнатылған.

Германия үшін миграциялық ағындарды шектейтін шектеулер немесе квоталардың болмауы тән. Мүмкін, сондықтан да мұнда шетелдіктердің ең көбі өмір сүріп жатыр - 7,5 миллион, оның 7 мыңнан астамы заңсыздар. Тұруға рұқсаттың екі түрі беріледі: уақытша (оның мерзімін өз еркімен арттыруға болмайды) және мерзімі шектелген. ЕО азаматтары еместерге тұруға рұқсат алу үшін басты талаптар – мамандығы болуы тиіс және неміс тілін білуі тиіс [2, 107 б.].

Испанияда 1 миллион келушілердің 95 мыңы өздерінің елге тұрақты келуін тиісті деңгейде рәсімдемеген. Елге заңсыз ерудің басты «қақпасы» - Гибралтар: тек бір ғана 2003 жылдың өзінде жағалау күзеті 12 мыңға жуық заңсыздарды ұстаған. Босқындардың үлкен ағынының келуімен күрес үшін билік оңтүстік жағалауға сыртқы бақылау жүйесін орнатқан. Ал заңсыздарға тіпті уақытша жұмыс пен баспана бергендерге жоғары мөлшерде айыппұл салынады.

Заң бұзушылармен күрес әсіресе, Италияда белсенді жүргізіледі, мұнда шамамен 1 миллион иммигранттың 5,35 мыңы заңсыз келгендер жағдайында. Ал ХХІ ғасырдың басында олар 150 мыңнан астам болған болатын. 2003 жылы «Босси-Фини» заңы күшіне енді, ол бойынша ЕО кірмейтін елдерден келген барлық шетелдіктердің еңбек шарты және тұрақты мекен-жайы болуы тиіс, сонымен қатар полицияға саусақ таңбаларын тапсыруы керек. Италияндық полицейлер заңсыз мигранттар қылмыс жасағаннан кейін тез жоғалып кету мүмкіндігімен және өздерінің мобильділігімен қауіпті деп есептейді.

Швецияда 0,5 миллион иммигранттың бар болғаны 595-і заңсыздар. Елде орнатылған келу-кету тәртібі қатаң ұстанылады, ал заңсыздарға мұнда тығылу ерекше қиын, оларды жай ғана полицияға ұстап береді.

Бүгінгі күнде Еуропалық одақ тығырыққа тірелді. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан кәрі құрлыққа толассыз ағылған босқындар тасқыны осынау аты дүбірлі ұйымды сарсылтып қойған жайы бар. Оларды «Заңсыз мигранттар», «уақытша босқындар» деп қанша алдаусыратқанмен, бұл ділгірлік шын мәніндегі «ғасыр қайғысына» айналғалы отыр дейді мамандар. Жол азабы мен қауіп-қатерге

қарамастан, жүздеген мың адам Еуропаға қарай ағылуын тоқтатар емес. Ал Еуропалық одақ әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыбына айналған миграциялық дағдарыс мәселесінде әлі күнге дейін қандай да бір ілгерілеушілік байқатпай келеді. Осынау қоғамдастыққа мүше-мемлекеттер қаншама рет талқыға салып, дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін жүзеге асыруға асықпайды. Жағдай болса ушығып барады. Бәрібір, алқалы жиындарда келісілген міндеттемелерді орындауға ешбір ниет нышаны көрінбейді.

Еуропадағы ең «қонақжай» ел Германия болып шықты. Еуропа одағы елдерінің ішкі істер министрлері Брюссельдегі төтенше кездесуде миграциялық дағдарысты қайта талқылайтын болды. Сөйтіп, жиырма сегіз елдің Ішкі істер министрлері әлем назарындағы басты мәселенің біріне айналған миграциялық дағдарыстан шығу жолдарын қарастыруды жалғастырады. Келімсектерді қабылдаушы мемлекеттердегі жағдайдың ушығып кетуіне байланысты 2015 жылдың соңына дейін жаңа төтенше отырыс өткізуге шешім қабылданды.

«Миграциялық дағдарысты талқылау үшін ішкі істер министрліктері басшыларының деңгейіндегі кеңес Брюссельде жиналатын болады. Кеңес осы мәселеге байланысты жағдайдың ушығуына орай Еуроодақ әрекетінің күшейтілуін, алдағы іске асырылатын шаралардың қабылдануына кепілдік берілуін, сондай-ақ, қол жеткізілген келісімдердің орындалуын көздейді», – деп хабарлады кеңестің баспасөз қызметі. Олар, сонымен қатар, алдағы отырыста келісім жасауды көздеп отырған жаңа шаралардың негізінен жүргізіліп жатқан мигранттарды көшіру үдерісін жеделдету, Еуропалық одақтың сыртқы шекарасын бекіту және босқындарды елдеріне қайтару мәселелеріне қатысты болатынын жеткізді.

Қоғамдастықтың серкелері түрлі деңгейдегі жаңа төтенше жиындарды бірінен соң бірін өткізуде. Алайда, ол отырыстардың барлығы дерлік түн ортасына дейін жалғасқанымен, ешбір нақты нәтижеге жеткізе алар емес. Бұл орайда қабылданған ең бір маңызды шешім – Италия мен Грекияға келген 160 мың мигрантты Еуроодақтың өзге елдеріне орналастыру ісі. Десек те, осы жұмыстың өзі өте баяу жүргізілуде. Италия мен Грекиядағы келімсектерді орналастыру жөніндегі келісім осыдан екі ай бұрын одаққа мүше мемлекеттердің дауыс беруі арқылы біршама қиындықтармен қол жеткізілген болатын. Алайда, қазіргі уақытқа дейін бар болғаны 100 адам ғана одақтың басқа елдеріне көшірілді. «Орналастыру механизмі аясында бүгінгі таңда Еуропалық одаққа мүше 15 ел баспана сұрағандарға көмектесуге дайын екендерін білдірді. Келімсектерді орналастыруға қажет болатын

160 мың орынның 2314-і пайдалануға дайын», – деді Еурокеңес өкілі. Қоғамдастық жетекшілері Брюссельдегі әр мәлімдемелерінде ЕО-ға мүше елдерді миграциялық дағдарысты шешу мақсатында қосымша қаражат бөлуінде өз міндеттемелерін орындамайды деп айыптауда. Соңғы кездесулердің бірінде Еурокомиссия төрағасы Жан-Клод Юнкер атап өткендей, ЕО елдері миграциялық бюджетке 2 млрд. доллардан астам қаражат бөлулері қажет екен, алайда оны орындамай келеді. Ішкі істер министрлерінің отырысы Валлеттада болатын екі саммиттен кейін өткізіледі. «Егер жағдайды қиындата түспейміз десек, жылдамырақ әрекет етуіміз қажет. Сондықтан, мен Валлеттада болатын саммиттен кейін бірден ЕО мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының бейресми кездесуін өткізуді шештім», – деп мәлімдеді Еурокеңес басшысы Дональд Туск. Оның айтуынша, отырыстың мақсаты бірінші кезекте қабылданған шараларды бағалау болмақ. Осылайша, ЕО лидерлері, негізінен, үшінші елдермен (Түркияны қосқанда) миграция саласындағы ынтымақтастықты, келімсектерді көшіру жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын, Грекия мен Италия аумақтарында босқындарды қабылдайтын орталықтар құруды, сондай-ақ, қоғамдастықтың сыртқы шекараларындағы бақылауды қарқынды түрде күшейтуге бағытталған шараларды талқыға салады.

«Кәрі құрлықтың» бас ауруына айналған миграциялық дағдарыс соңғы айлар бойы одан шығу жолдарын барынша қарастырып жатқан Еуропалық одақтың басты проблемасы болып қалуда. Еурокомиссияның соңғы болжамдары бойынша, ЕО-ның 28 елінен баспана сұрап жатқан мигранттардың саны жылдың соңына дейін миллионға жетеді немесе одан да асып жығылады.

Одан бөлек, Еуроодақтың миграция жөніндегі жоспарланбаған соңғы саммитінде Еуропалық көршілестік саясаты және сыртқы кеңею істері жөніндегі еурокомиссар Йоханнес Ханның айтуына қарағанда, қыстың жақындауы мен ауа райының сууы босқындар легінің көбеюіне соқтыруы мүмкін.

«Қазір Еуропалық одақтың айналасындағы мемлекеттерде 20 миллионнан астам мигрант болуы ықтимал. Сириядағы соғыс қимылдарының жандануы келімсектер санының артуына соқтыруы мүмкін – деді ол. – Алеппо ауданында болған соғыс қимылдарының өзі қосымша 3 млн. босқынның келуіне себеп болуы ықтимал».

Еуроодақтың басқарушы органдары келімсектерді елдеріне қайтару жөнінде жоба ұсынды. Оған сәйкес, Африка елдеріне ондаған мың мигрантты отандарына қайтару мақсатында 2 млрд. доллар бөлінеді. Бұл жөнінде «Sunday Telegraph» газеті жазды. Басылымның хабарлауынша, Еуроодаққа мүше мемлекеттердің министрлері қазіргі



миграциялық дағдарысты реттеуге бағытталған батыл жоспар дайындаған. Қоғамдастық келімсектердің бір бөлігін елдеріне қайтару мақсатында айтарлықтай қаржылай немесе өзге де қолдау көрсетуге дайын екенін білдірген. Африка құрлығының Эфиопия, Судан, Уганда мен Кения елдеріне барлығы 2 млрд. доллар қаражат ұсынылмақ. Осыған байланысты жақын арада арнайы «мақсатты қор» құру көзделіп отыр. Қаражат келімсектерді Еуропадан елдеріне қайтарып, ол жерде олардың өмір сүруіне қажетті керек-жарақтарымен қамтамасыз етуге жұмсалады. Дегенмен, африкалық үкіметтерді ондаған мигрантты елдеріне қабылдауға көндіру үшін оларға құрлықтың «жоғары білікті» жұмысшылары үшін «визалық режимді жеңілдетуді» ұсынуға тура келеді. Былайша айтқанда, мыңдаған африкалық студент, дәрігерлер мен кәсіпкерлер Еуроодақ аумағына кедергісіз кіре алады деген сөз.

Германия канцлері Ангела Меркель қазіргі дағдарысты Еуропаның «әмбебап адам құқығына» адалдығын тексеруге арналған сынақ деген болатын. Ал Германияға келген мигранттардың ішінде Сирия, Ауғанстан, Ирак, Эритрея және Батыс Балқан елдерінің азаматтары бар. Кейбіреулерінің босқын мәртебесін алуға мүмкіндігі көбірек болып тұр. Сириялықтардың мүмкіндігі бәрінен жоғары тәрізді. 2014 жылы босқын мәртебесін алуға ниет білдірген 26 мың сириялықтың тек 1 пайызының өтініші қабылданбады. Германия Сириядан келген босқындарды қабылдайтын Еуропа одағының ең «қонақжай» еліне айналды. Төртжылдық соғыс салдарынан Сирияда 240 мың адам опат болса, 4 миллионға жуық адам босып кеткен.

БҰҰ дерегіне қарағанда, 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығында Еуропаға теңіз арқылы 137 мың босқын өткен. Бұл 2014 жылдың алғашқы алты айымен салыстырғанда 80 пайызға артық. Бір Грекияның өзіне келген босқындар саны – 68000 адам. Еуропаға қарай қашып жатқан босқындардың көбі Сириядан. Ұзын саны – 44 мың адамдай. Одан кейінгі орында Эритерия мен Ауғанстан тұр. БҰҰ есебінде босқындар Еуропа жағалауларына Жерорта теңізі арқылы келгені және қолдан жасалған, қауіпсіздік талаптарына сай емес қайықтарды пайдаланғаны айтылған. Бұл туралы БҰҰ-ның жоғарғы комиссары Антонио Гутерриш Иорданияда өткен Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріне қатысты Дүниежүзілік экономикалық форумда мәлімдеген [3, 4 б.].

Адам құқығы мен теңдікті ту еткен кәрі құрлық ХХІ ғасырда ойламаған жерден идеологиялық қарама-қайшылықтарға тап болды. Бір жағынан, мыңдаған мигранттар демографиялық дағдарыстағы Еуропа үшін тиімді экономикалық тетік болса, екінші жағынан, олар –

әлеуметтік-саяси қауіпсіздікке және әлеуметтік тепе-теңдікке төнген қатер.

Еуропа тарихында мұндай миграциялық дағдарыс бұрын-соңды болған емес. Өз ішінде халықтардың қоныс аударуы, мәдениеттердің өзара ықпалдастығы болғаны рас. Бірақ басқа құрлықтан шыққан, түртүсі бөлек, діні жат, тілі бөтен түрлі халықтардың жаппай ауа көшуінің себеп-салдарын әзір салмақтап үлгерген жоқ. Себебі бүгінгі миграциялық процесс кәрі құрлықтың өзі үшін тарихи нонсенс.

Ресми деректерге қарағанда, 2002-2010 жылдар аралығында заңсыз мигранттар саны жылына 20 мыңнан аспаған екен. Соңғы жылдары жағдай күрт өзгеріп, 2014 жылы олардың саны 169 мыңға жетті. Ал 2015 жылдың қаңтар мен шілде айы аралығында кәрі құрлыққа 340 мың заңсыз мигрант келген.

XXI ғасырдағы миграцияның түрлі себептері бар. Саяси, әлеуметтік, экономикалық, тіпті психологиялық себептердің әрқайсысына жеке тоқталып өтсе:

Саяси себеп. Еурокомиссия босқындар мәселесін Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ірі дағдарыс деп атады. Шындығында, аймақтық қақтығыстар мен соғыстардың кесірінен әлемнің саяси картасы өзгеріске түсті, енді әлеуметтік-этностық сипаты ауысып жатыр.

Босқынның тағдырын ешкім өз қалауымен таңдап алмас. Соғыс өрті қаулаған елдерден бас сауғалап, мыңдаған адам туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Олардың мұндай аттың жалы, түйенің қомында қалған тағдырына жергілікті билік те, батыстық демократияшыл елдердің саясаты да кінәлі.

Сирияда, Иракта, Ливияда соғыс басталғанда кәрі құрлықты оның өрті еш шарпымастай көрінген. Мысырда жергілікті билік құлап, әскери төңкеріс болғанда, оның салдары туристік бағыттардың өзгерісімен ғана шектелер деген.

Кезінде «Араб көктеміне» түрткі болған саяси себептер енді ашық айтыла бастады. Базбір еуропалық қайраткерлер Африка мен Азияны жайлаған тұрақсыздықтың түп тамырын АҚШ пен Израильдің сыртқы саясатынан іздейді. Ауғанстан мен Иракта соғыс қимылдарын жүргізген саясаткерлердің қателігінен көреді. Тунистен Ауғанстанға дейінгі аймақтағы тұрақсыздық саясаттың салдары деседі.

Шындығында, араб елдеріндегі төңкерістер кезінде Италия жағалауларына 65 мыңдай босқын табан тіреген. Ал 2014 жылы бас сауғалап келгендер саны 170 мыңға жетті.

Соғыс пен берекесіздіктің кесірінен Африкадағы Сомали, Эритрея, Таяу Шығыстың көптеген тұрғындары да туған үйін тастап, босып кетті.

Ендеше, Азия мен Африкада тыныштық орнамай, тұрақтылық пен береке қайта оралмай, Еуропа бұрынғысынша қамсыз өмір сүре алмасына көзі жете бастады. Босқындар мен келімсектер тасқынын тоқтату үшін олардың елінде бейбіт тұрмыс орнатуға атсалысу керектігін еуропалық саясаткерлер түсінген сияқты [2, 78 б.].

Әлеуметтік себеп. Адам құқығын жалаулатқан еуропалық елдерде босқындар белгілі бір артықшылықтарға ие. Қазіргі таңда Еуропаға бағытталған миграцияның негізгі салмағы Германия мен Швецияға түсіп отыр. Мұның себебі босқындарға жасалатын жағдай әр елде әртүрлі деңгейде. Мысалы, скандинавиялық мемлекеттер мигранттарға жергілікті тұрғындармен тең жағдай жасайды: оларды баспанамен қамтамасыз етіп, балаларын оқытуға, тегін медициналық көмек алуға құқық береді.

Ал Германия заңдарына сәйкес, босқындар пана сұраған өтініш қаралып жатқан алғашқы үш ай ішінде тегін жатын орынмен, тамақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі әрі оларға медициналық көмек тегін көрсетіледі. Бұдан бөлек, адам басына айына 143 еуродан беріледі. Ал осы орталықтан шыққаннан соң босқындар ай сайын ересек адамға 287 еуро мен 359 еуро аралығында көмек, алты жасқа дейінгі балаларға 84 еуро алуға қақылы. Оның үстіне, енді олар әлеуметтік баспана алуға талпынады. Неміс билігі беретін осы ақшалай көмек бұл елге «экономикалық мигранттардың» көптеп келуіне себеп дейді сарапшылар. Германияның ішкі істер министрі Томас де Мезьердің айтуынша, бұл елдегі босқындар алатын қызмет түрлері мен ақшалай көмектің құны Албания, Босния, Косово сияқты елдердегі еңбек адамының жылдық табысынан артық екен. Басқаша айтқанда, жылына 3,5 мың еуродан көп деген сөз.

Вице-канцлер Зигмар Гарриэльдің айтуынша, неміс үкіметі 2015 жылы босқындарды қабылдауға 3 миллиард еуро жұмсаған. Германия үкіметі қыркүйек айының соңында аймақтарда босқындарды қабылдау мәселесіне қатысты суыт кеңес өткізді. Себебі қазірдің өзінде босқындарды қабылдау орталықтарында қосымша 150 мың орын қажет екені белгілі болды. Босқындар мен мигранттарды еңбекпен қамту үшін жергілікті жұмыспен қамту орталықтары да үкіметтен қаржылық қолдау сұрауда.

Ұлыбританияда босқындарға жан басына аптасына 35 фунт (шамамен 50 еуро) береді. Екі баласы бар отбасыға аптасына 148 фунт (208 еуро) бөлінген. Францияда босқындар тегін медициналық

сақтандыруға ие болады, ал босқындар лагерінен орын табылмаған әрбір адамға 340 еуродан бөлінеді. Жатақханада орналасқандарға жағдайына байланысты айына 91 еуродан 718 еуроға дейін бөлінеді.

Германиядағы босқындардың жартысына жуығы Югославиядан келген келімсектер. Яғни, олар соғыс өртінен бас сауғалағандар емес, жақсы тұрмыс іздеген экономикалық мигранттар деген сөз. Олар да босқындарға берілетін жеңілдіктерді пайдаланады екен. Енді жергілікті билік босқындар туралы заң талаптарын күшейтуге тырысуда. Егер жаңа талаптар қабылданса, онда босқын мәртебесін Сирия сияқты соғыс өртіне оранған елден келген келімсектер ғана алуға құқылы болмақ.

Сонымен, қазір еуропалық мемлекеттер мигранттарға жасалатын көмек аясын шектеуге тырысуда. Мақтаулы Еуропаның тосылған тұсы да осы. Бір жағынан, бас сауғалап келген келімсектерге еуропалық құндылықтарға сай жағдай жасау керек, екінші жағынан, көмек сұрап келушілер қатарын сирету керек. Бұл тығырықтан шығар жол әзір табылар емес [4, 97 б.].

Экономикалық себеп. Еуропа елдерінің бай қуатты тұрмысы кедей елдердің қызғанышына да, қызығуына да себеп.

Еуропаның өзі ішкі миграцияны реттей алмай, әрі-сәрі күйге түскелі қашан. Шығысеуропалық еңбек мигранттары үш-төрт жыл бұрын Чехияға аттанатын болса, соңғы кездері Польшаға көбірек ауа бастады. Еңбек мигранттарының босқындардан бір айырмашылығы олар Еуропалық Одақта жағдай жақсы болғандықтан, яғни табыс табу үшін қоныс аударады. Ал босқындар өз елдерінде жағдай нашар болғандықтан, яғни бөтен елге бас сауғалап барады.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Румыния мен Болгария тұрғындарына Еуропалық Одақ елдерінде жұмыс істеуге берілген шектеуді алып тастады. 2004 жылдан бері Шығыс Еуропадан Ұлыбританияға жарты миллионнан аса еңбек мигранты келген. Қазірдің өзінде Ұлыбританияда 150 мың румындар мен болгарлар өмір сүріп жатыр.

Жалпы, ағылшын жеріндегі жұмыс көзі көбірек әрі мұнда әлеуметтік көмек алу жеңілірек. Ұлыбританияда жұмысқа тұру, жергілікті тұрмысқа бейімделу жағдайы жақсы, босқындардың Францияға тұрақтамай, Тұманды Альбионға өтіп кетуге ұмтылатыны сондықтан болса керек. Бірақ Шенген аймағына кірмейтін болғандықтан және шекаралық бақылаудың қатаңдығының арқасында Ұлыбританиядағы босқындар саны Германиямен салыстырғанда әлдеқайда аз. 2014 жылы олардың саны 31 400-ге жеткен. Тіркелген

босқындар саны бойынша Ұлыбритания Еуроодақ бойынша бесінші орында тұр екен.

Дегенмен, қартайған Еуропа иммигранттарға зәру. Арадағы теңізден өтіп, тау-тасты кезіп, өзге құрлыққа баруға жүрегі дауалайтындар негізінен жастар болса, қартайып бара жатқан ұлттарға жас жұмыс күші ауадай қажет. Оның үстіне, еуропалықтарды біржола құрып кетуден сақтайтын бұла күш те осылардан болмақ. Сондықтан Еуропа белгілі бір деңгейде иммиграциялық толқынды қолдайды. Тек оның еуропалық қалыпты бұзатын тасқынға айналуына жол бергісі келмейді.

Психологиялық себеп. Әдетте бөтен елден бас сауғалап, пана сұрап не нәпақа іздеп баратындар қоғамның белсенді мүшелері, еті тірі тұрғындар. Мұндай адамдар барған жерінде де күнкөріс үшін жанталасып әрекет ететін көрінеді. Яғни, қай жерде жүрмесін, қозғалыс, яғни, өзгеріс тудырады деген сөз. Иммигранттар елінің ең үлкен мысалы Америка осыған нақты дәлел.

Екінші жағынан, өз елін тастап шыққандар басқа жерде тұрмыстың әлдеқайда жайлы, өмірі қауіпсіз, болашақ жарқын екеніне сенеді. Асан Қайғы сияқты Жерұйықты іздемесе де, қамшының сабындай қысқа ғұмырын қайғысыз өткізу үшін көшіп-қонудың қандай да бір ауыртпашылығын көтеруге даяр. Жылы орнын суытқан адамдар орныққан жерінен дүр көтерілуге қай кезде де бейім тұрады. Сондықтан иммигранттардың өздері де, ұрпақтары да бір елге тамыр жая қоюы қиын. Егер барған жерінде жағдай күрт өзгеріп, ахуал қиындайтын болса, кешегі мигранттың қайтадан сап түзеп, одан әрі сапар шекпесіне ешкім кепіл бола алмайды. Басқаша айтқанда, бұл орайда мигранттар мен босқындардың психологиясы ұқсас: олар барған елін біраз уақыт бөтенсиді, біржола сіңісуі екіталай.

БҰҰ дерегіне жүгінсек, 2015 жылдың басынан бері 300 мың босқын Еуропаға теңіз жолы арқылы жеткен екен. Өз елінен безген мигранттар адам тасымалынан байлыққа белшесінен бататын контрабандистер үшін пайда көзіне айналды. Жерорта теңізіндегі мыңдаған босқындардың аянышты тағдыры әлемдік ақпарат құралдарында айтылып-жазылып жүр. Жыл басында тіпті контрабандистердің адам тоғытқан кемелерді жағалауға жақын жерде басқарусыз тастап кеткен оқиғалары да тіркелген.

Сириядан бортына жүздеген адам тоғытқан талай кеме Италия жағалауына келіп тоқтады. Олардың ішінде діттеген жеріне жетпей, орта жолда ажал құшқандары қаншама. Былтырғы жылы Италияға Африка мен Таяу Шығыстан теңіз арқылы 170 мыңдай босқын келген

екен. Мыңдаған мигранттардың ішінде тірі қалып, аман жеткендерінің ғана саны бұл [2, 26 б.].

2014 жылы Жерорта теңізінде 34 мыңнан аса босқын қаза болған. Алдыңғы жылы теңізден өтпек болған 700 адам ажал құшқан еді. Бірақ қайғылы оқиғалар тізбегі де Еуропаға ағылған адам тасқынын тоқтата алмады.

Қазір Сириядан қашқандар Түркия арқылы Сербияға, одан Венгрияға заңсыз өтіп жатыр. Заңсыз мигранттардың бағыты: Сирия – Түркия – Грекия – Македония – Сербия – Венгрия. Одан әрі Шенген шеңберіндегі бақуатты елдер қол созым жерде ғана тұр. Кей деректерге қарағанда, бір адамның осы жолды басып өтуі 5000 еуроға дейін шығындануды қажет етеді. Ал ақшасы жоқ мигранттар бөтен елдің ой-шұқырын түгендеп, түн жамылып, адам төзгісіз жағдайда өмір сүріп, оның үстіне, жергілікті қарақшылардың тонауына түсіп, жем болса да, өлген-тірілгеніне қарамай алға ұмтылады.

Қазір Венгрия Сербиямен арадағы шекараны тікенді сыммен және дуалмен қоршап, заңсыз мигранттардан өздігінше қорғанып жатыр. Бірақ адам тасқынына тікенекті сым бөгесін болады дегенге сену қиын. Бір жол жабылса, екінші бір бағыт ашылады. Адам өмірін ақшамен өлшеген контрабандистер бұған сеп.

Мұның бір дәлелі, Ұлыбританияның «The Guardian» газетінің жазуынша, сириялық босқындар жақында Еуропаға Ресейдің Норвегиямен шекарасы арқылы өтетін жол тапқан.

Еурокомиссия босқындар мәселесін шешуде біліксіздік танытып отыр. Брюссель ұсынған жолдар босқын дағдарысын біржола шешуге тиімсіз. Себебі еуропалық көшбасшылар мигранттар мәселесінде дағдарыстың салдарларымен ғана күресуде. Ал бұл дағдарыстың туындау себебі неде дегенде, еурократтардың көбі үнсіз қалды.

Венгрияның премьер-министрі Виктор Орбан «Еуропа тек еуропалықтар үшін» деп ұран тастады. Орбанның үндеуін ашық та, астыртын да қолдаушылар жетерлік. Бірақ адам құқығын алға тартып, еуропалық құндылықтарды қорғаушылар мұндай оқшаулану саясатына қарсы.

Шын мәнінде, Брюссель Еуропаның төл ұстынына қайшы іс-қимыл жасауға құлықсыз. Бірақ соғыс пен кедейшіліктен қашқан мыңдаған, келешекте миллиондаған болуы мүмкін адамға пана беруге кәрі құрлық дәрменсіз. Сондықтан еуропалық басты қағидалардан бас тартуы ықтимал. Еуропалық қағидалар адам құқығын қорғау және өміріне қауіп төнген адамдарға пана беру еді.

Германия Еуропаға босқындардың қаптап кету себебін Италия мен Грекияның солқылдақтығынан көріп отыр. Дублин конвенциясына

сәйкес, пана іздеуші келімсектер Еуропа аумағына табан тіреген елде тіркеуден өтіп, сол елден пана тауып, қажетті көмек алуы тиіс. Бірақ Италия мен Грекия билігі босқындарды одақтастар жеріне кедергісіз өткізіп жіберуде. Солтүстікке қарай ұмтылған мигранттардың қалауы бұған басты себеп болса, екінші жағынан, мыңдаған босқынды орналастырып, жұмыспен қамтуға, әлеуметтік қолдау беруге Италияның да, Грекияның да шамасы жетпейді. Бұл елдердің экономикалық қиыншылығы өз басына жетерлік.

Австрия мен Германия, Рим мен Афиныны осы орайда Еуропалық сотқа беруге дайын екенін мәлімдеді. Ал Италия мен Грекия босқындарды қабылдаудың бар салмағы өздеріне түскенін айтып, басқа одақтастарына «қолдау білдірмейсіңдер» деп айып тақты.

Еуропалық елдер босқындарды қабылдау үшін әр елге белгілі бір мөлшерде квота белгілеу мәселесін талқыға салды. Бірақ Шығыс Еуропа мен Балтық елдері өз жерінде еуропалық қағидаға сәйкес босқындарды қабылдауға дайын болмай шықты. Салыстырмалы түрде тыныш Эстонияның өзінде 200 босқынды квота беріп қабылдау керек пе жоқ па деген мәселеге байланысты қоғам екіге жарылып, айтыс-тартысқа бой алдырды [5, 36 б.].

Бірақ Чехия, Эстония, Латвия, Литва, Нидерланды, Португалия, Франция елдері міндетті квота белгілеуді қолдамайды. Еурокомиссияның бұл ұсынысын кері қайтару үшін 15 мемлекеттің бірауыз қарсылығы қажет. Чехия басшылығы босқындарды кәрі құрлықта құшақ жайып қарсы алудың орнына, олардың өз елінде көмек беру керек деп санайды.

Чехия Еурокомиссия ұсынған жүйе бойынша босқындарды қабылдауға квота белгілесе, оның мөлшерін өзі бекітуге ынталы. Ол тіпті Люксембургте Еуропалық одақпен Еуропалық сотта соттасуға дайын.

Бұл жағдай еуропалық біртұтастық пен бауырластыққа сына қағылғанын көрсетеді. «Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы» деген қағидаға еуропалық елдер бой алдыра бастағандай.

2014 жылы Германияда 200000 босқын тіркелген. 2015 жылдың алғашқы үш айында келген 85 мыңның дені Косово, Сирия, Сербия, Албания, Ирак және Ауғанстаннан шыққан.

Неміс Ішкі істер министрлігінің деректеріне жүгінсек, 2015 жылы Германияға баспана сұрап келуші келімсектер саны 800000-ға жетуі мүмкін. Бұл дегеніңіз, алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда төрт есе көп.

Мигранттар мәселесі кәрі құрлықта екіұдай көңіл-күй тудырды. Германияның өзінде келімсектерге түсіністікпен қараушылар да,

оларды жек көрушілер де баршылық. Әсіресе, Шығыс Германия тұрғындары сырттан келгендерге тым салқын. Сәуір айында жүргізілген сауалнамаға қарағанда, немістердің жартысына жуығы босқындар санын көбейтуді қолдайды.

Соңғы кезде босқындар орналасқан мекен-жайларға, лагерьлер мен жатақханаларға өрт қойып, шабуыл жасау жиілеп кеткен. Биылғы жылдың алғашқы жартысында босқындарға қарсы 150 шабуыл ұйымдастырылған. Былтырдың өзінде 170 оқиға болған. Жергілікті «Пегида» атты ұйым астыртын түрде арандатушылық іс-әрекеттерді ұйымдастырып, отқа май құйып отыр.

Бірақ неміс қоғамы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін нәсілшілдік пен астамшылыққа қатысты айыптаулардан сескенеді. Сондықтан болуы керек, Германия канцлері Ангела Меркель «Ксенофобияға жол бермейміз» деп мәлімдеді. Германияның президенті Йоахим Гаук те жақында сөйлеген сөзінде арандатушылық әрекеттерді айыптады. «Босқындар лагеріне жасалған шабуылдарға шыдауға болмайды», – деді ол.

Германия мен Швецияға өткісі келген мигранттар Грекия, Италия, Австрия елдерінің шекараларындағы жағдайды күн сайын ушықтырып барады. Бұл елдердегі шекаралық күзет мыңдаған босқындар Еуропаның солтүстігіне тезірек өтіп кетуіне мүдделі. Ал Германия Еуроодақтың басқа мүшелерінен шекаралық бақылауды күшейтуді талап етуде. Ендеше, Шенген келісімі біртіндеп өз күшін жоюы мүмкін деген жорамал бар. Себебі Еуропалық одақ аумағында еркін жүріп-тұру мүмкіндігіне тосқауыл қойылуы мүмкін.

Осы орайда, Ангела Меркель тамыздың соңғы күні берген баспасөз мәслихатында мигранттарды бөлісу мәселесі Шенген келісімінің бұдан әрі күшінде болу-болмау мәселесіне тікелей қатысты деп мәлімдеді. «Егер біз босқындарды өзара әділ бөлісу туралы келісімге келе алмасақ, онда Шенген мәселесі көптеген елдер үшін күн тәртібіндегі мәселеге айналады» деді канцлер.

2015 жылы Ұлыбритания, Германия мен Францияның ішкі істер министрлері бас қосып, «миграциялық тасқынды тоқтату үшін шұғыл шара қолдану керектігін» мәлімдеді. Ал 14 қыркүйекте Брюссельде Еуроодаққа мүше елдердің ішкі істер және әділет министрлері кезектен тыс кеңес өткізеді. Осы кеңесте тығырықтан шығар жол табылмаса, Еуропадағы миграция дағдарысы Еуроодақтың өз ішінде түрлі қайшылықтарға себеп болуы мүмкін.

Еуропадағы иммиграция мәселесі екіжүзді қанжар секілді. Бір жүзі адам құқығының сақталуын талап етсе, екінші жүзі кәрі құрлықтағы қалыптасқан тәртіп пен жайлы тұрмыс деңгейінің



өзгермеуін тілейді. Жеме-жемге келгенде, «өле жегенше, бөле же» дегенге Еуропа дайын болмай шықты. Миграциялық саясатта солқылдақтық танытып отырған Франция ынсабы да, ырысы да бөлек екенін ашық білдіруде.

Еуропа жүздеген жылдары бойы адамның игілігін басты мұрат еткен қоғам құрды. Енді жайлы тұрмыс, қауіпсіз өмір, алаңсыз қарттық кепіл болған қоғамдық құрылысты басқа елдерге үлгі етіп отыр.

Екінші жағынан, еуропалық мемлекеттердің өзі әлемдік экономикалық дағдарыс салқынын сезіне бастады. Ұлыбритания мен Францияда жұмыссыздық көрсеткіші артып келеді, жергілікті азаматтардың мемлекеттік жәрдемақы алуы қиындады, тұрақтылық тұралап қалуға ұласуы мүмкін. «Пиерре» қайырымдылық қорының мәліметтеріне жүгінсек, қазірдің өзінде Францияда 140 мың адам көшеде түнеп жүр.

Мұндай жағдайда сырттан келген мигранттар жергілікті нарықтың еңбек бөлінісіндегі тепе-теңдікті жоймақ. Олар арзан жұмыс күшіне айналып, жергілікті тұрғындарды нәпақасынан айыруда. Тегін медициналық жәрдем, мемлекеттік қолдау жергілікті бюджетке салмақ болып, салық төлеушілердің арқасына аяздай қарып барады. Осының бәрі кәрі құрлық тұрғындарының сырттан келушілерге салқын қабақ танытуларына себеп.

Еуропалықтардың мигранттарды құшақ жая қарсы алуларына кедергі келтіретін тағы бір жайт – қауіпсіздік мәселесі. Яғни, тыныш та жайлы өмір сүріп үйренген еуропалықтардың өз бастарына төнген қауіптің себебін келімсектерден көреді. Лаңкестердің қолымен жасалған Лондон, Париж қалаларындағы жарылыстардың қарапайым мигранттарға түк қатысы болмаса да, оларды жанама себеп көруге бейім.

Осылайша, ХХІ ғасырдағы Еуропада адам құқығы мен өз тыныштығы таразыға түсті. Бір жағынан, соғыс пен кедейшіліктен қашқан босқындар, бөтен елге бас сауғалаған мигранттар еуропалық ұғым-түсініктегі адам құқығына сәйкес, саяси баспана алуға, көмек алуға, жаңа жерде өмір сүруге толық құқылы, екінші жағынан, еуропалықтар келімсектердің құқығын сақтау үшін өз тыныштығын бұзуға риза емес. Басқаша айтқанда, бөтен елде адам құқығының сақталуын өз жерінде отырып талап ету оңай. Алыстан нұсқау беріп, ақыл айту оңай. Ал қаптаған мигранттар баспана сұрап, есік қаққанда, олардың адами құқығын қорғау оңай емес екен. Францияның бұрынғы үкімет басшысы Мишель Рокардың сөзі барша еуропалықтардың пиғылын аңғартқандай: «Франция әлемнің бар кедейін паналата алмайды» [6, 2 б.].

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Заңы. 2005, 2 ақпан.

2 Иванов Д.В. Вынужденная и трудовая миграция населения в международном и национальном праве.- М: БИ., – 2010. – 240 с.

3 Сейілбек Асан. Еуропа миграциялық дағдарыс шегіне жетті //Қазақ үні газеті. 2015, 16 қараша.

4 Миграционные процессы в странах Азии и Африки опыт государственного регулирования. - М., - 2010. – 112 б.

5 Гольдин Г.Г. Миграция и проблемы ее регулирования. - М, - 2000.-50б.

6 Кожановский А.Н., Любарт М.К. Франция и Испания: иммиграционная политика на рубеже XX-XXI вв. – М., 2009. – 7 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются проблемы мигрантов и религиозный экстремизм, миграционный кризис в Европе, а также на основе статистических данных детально обсуждается его последствия и результаты.

#### Resume

The article deals with the problems of migrants and religious extremism and migration crisis in Europe, as well as on the basis of statistical data are the consequences and results discussed in detail.

**УДК 81-119**

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗГІ КОДЫ – ЭТНИКАЛЫҚ  
ТІЛ**

**О. ЖҰБАЕВА**

филология ғылымдарының докторы,  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Грамматика бөлімінің меңгерушісі

**Аннотация**

Зерттеу парадигмасының антропоэзектік ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметін, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашуға бағытталады. Мақалада грамматикалық категориялардың ғаламның тілдік бейнесін түзудегі орны көрсетіледі. Соған сәйкес белгілі бір ұлттық ұжымда қалыптасқан тіл тұтынушының тілдік санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінетіні сөз болады.

*Түйін сөздер:* когнитивтік бағыт, ұлттық код, грамматикалық категория, концепт, репрезентация, концептосфера, этнотілдік сана, тіл, сөз табы.

Бүгінгі таңда когнитивтік бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Морфология теориясының дамуы ондағы когнитивті үдерістерді талдауды қажет етіп отыр. Бұл орайда тілдің коммуникативтік жүйесіндегі кодқа салынған ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді тауып, этнограмматикалық бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық мән-мазмұнын ашып көрсетудің маңызы зор. Ол үшін грамматикалық категориялар мен көрсеткіш түрінде көрініс тапқан морфология деңгейіндегі білімдерді айқындап, морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілішілік ерекшеліктерін, концептуалды мазмұнды репрезентациялаудағы морфологиялық бірліктердің орнын нақтылау қажет.

Әр халық өзіндік ғалам бейнесін түзеді, әр халықтың ғаламның ұлттық бейнесі түрліше болады. Ғаламның тілдік бейнесі *амбебап* әрі *ұлттық сипатқа* ие. Ғаламның ұлттық бейнесі тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады. Тілде халықтың ұлттық ерекшелігі, қоғамдық орны, тарихы – ғалам туралы білімі көрініс тауып, түрленеді. Сол себепті мәдениет пен тіл халықтың ділімен, дүниетанымымен тығыз байланысты. Тіл ұлттық діл ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық мәдениеттің семантикалық жүйесі, негізгі коды – этникалық тіл болып табылады. Тілдік этномәдени кеңістікке енетін нәрсенің бәрінің де атауы бар. Сол арқылы білім тасымалданады. Тілді зерттеу арқылы белгілі бір мәдениет өкілінің этнотілдік санасының ішкі әлемін көріп, түсінуге болады. Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етіп отырады. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Сол себепті әр ұлттың тілі, мәдениеті ерекше болады. Оларды біріктіруге, байланыстыруға болмайды. Мәдениет пен тіл белгілі бір этносқа тән ортақ заңдылықтарға байланысты болады. Тіл тағдыры мен этнос тағдыры өзара тығыз байланысты. Бұл орайда А. Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің [1] терең астары бар. Тілдің табиғатын, өзіндік ерекшелігін түсіну үшін сөйлеушінің қандай ұлттың өкілі екеніне назар аудару қажет.

Білім – мәдениеттің когнитивті тұрғыда ұйымдасуының негізгі, іргелі формасы. Тіл білім деңгейін анықтау үшін қолданылады. Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізіледі. Сол себепті А. Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [1, 343 б.].

Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы,

дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады.

Коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажет. Қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген немесе қазақ тұрмысымен етене таныс емес тыңдарман не оқырман қазақтың салт-дәстүріне, ұлттық өнерге қатысты сөздердің мағынасын да, оның мәдени коннотациясын да түсіне алмайды. Оны түсінуі үшін атадан балаға жеткізілетін этномәдени ақпаратты білуі керек. Ол санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған ғалам бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды.

Ғаламның тілдік бейнесінде белгілі бір тілдік қауымдастыққа тән түсініктер мен білімдер кешені тілде көрініс тауып, сақталады. Ғаламның тілдік бейнесі бірқатар өзгерістерге түскенімен, тұрақты сипатта болады, яғни әлем туралы білім белгілі бір құрылымға ие болып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады, сөйлеушілердің тілдік санасы, ойлау жүйесі дәстүрлі түрде қалыптасқан категориялармен беріліп, сақталып отырады. Ғаламның тілдік бейнесі – халықтың болмыс туралы, тілдік таңбалар мен мәндерде көрініс тапқан түсініктер жиынтығы, ғалам туралы ақпараттың, сөздердің жүйелі мәндерінде белгілі бір тәртіпке келтірілген көрінісі. Осыған байланысты М.Балақаев: «Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге реформа жасау мүмкін емес. Бірақ оны әдеби нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады. Тілдегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан онша үйлесімді болмауы да мүмкін. Бірақ солар қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, мақсатты ойымызды дұрыс айтуға жарап жатса, ондайды өзгертудің керегі болмайды. Мысалы, «жұмыс істеп жатыр», «қолын тістеп алды» дегендердің құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын аңғаруға болады: жұмыс «істеу» мен «жатыр», «тістеу» мен «алды» етістіктерінің бөлек тұрғандығы мағыналары мүлде үйлесімсіз-ақ қой. Сонда да халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада солай жұмсалу дәстүрге айналған. Ондайлар ойымызды дәл айтудың бірден-бір дұрыс амалы болатындықтан, оларды өзгертудің

жөні жоқ. Тіпті, «күн күркіреді», «шақпақ шақты», «қарным ашты», «жаным ашиды» сияқтылар, ескі мифологиялық ұғымға лайық құралғанмен, оларды қазір басқаша түсініп, жаңаша жұмсап керегімізді өтейміз», – дейді [3, 29 б.].

Концептуалды және семантикалық деңгейлердің өзара байланысы нәтижесінде концептуалды жүйеде тілдік бірліктер қолданылады. Концептуалды ақпараттың маңызды бөлігі, тіл үшін маңызды болатын мағыналар тілдің грамматикасында, әсіресе морфологиясында көрініс табады. Бұл табиғи, логикалық сұрыптау негізінде жүзеге асады. Алайда алдымен барлық мағыналар лексика деңгейінде көрініс тауып, кейін олардың ішіндегі ең маңыздылары ғана морфология, грамматика деңгейіне өтеді. А. Вежбицкая грамматиканы ерекшеленген мағыналар саласы деп атайды [4]. Морфология концептуалды жүйенің ең негізгі концептілерін, яғни концептуалды кеңістік құрайтын концептілерді репрезентациялайды, сол себепті олар әмбебап сипатта болады. Грамматикалық концепт – ең жоғарғы деңгейдегі жалпылау нәтижесі болып табылады. Тілдің лексикалық жүйесінде грамматикалық топтар, яғни сөз таптары, лексика-грамматикалық топтар, жіктер түзіледі. Грамматикада көрініс тапқан категориялар міндетті болатындықтан, морфологияны когнитивті тұрғыдан зерттеуде белгілі бір тіл үшін маңызды болатынын, сөйлеуші назарынан тыс қала алмайтынын, адамзат тәжірибесінің қай бөлшектері ғаламның тілдік бейнесінде көрініс тауып, жіктелгенін анықтауға болады.

Тіл жүйесіне бағытталып, ғалам туралы білімдердің тілде көріну тәсілдерін бейнелейтін грамматикалық концептілер лексикалық жолмен берілетін концептілерге қарағанда, біршама тұрақты болып келеді. Сол себепті грамматикалық концептілер жалпыұлттық деңгейде стандарттауға бейім болады. Грамматикалық концептілердің тұрақтылығы олардың ғаламның концептуалды бейнесінің категориалды бөлігімен байланысты болуымен де сипатталады. Морфологиялық категориялардың бұл ерекшелігін Қ. Жұбанов та атап көрсетеді: «Тіл өзгереді, бірақ барлық саласы бір қалыпта өзгермейді. Грамматика құрылысы өте шабан өзгереді. Токтамай калейдоскоп сияқты өзгерсе, грамматика да болмас еді. Демек, грамматика дегеніміз – тілдің бір қалпының белгілі уақыт ішінде тұрақтауы, орнығуы. Осы арқылы ол дыбыс құрылысының өзгеруіне де кедергі болады. Сондықтан сөздер ұзақ замандар бойы дыбыс құрылысы жағынан бір-бірінен алыстап кетпейді. Бұдан олардың ұластығы байқалады» [5, 258 б.].

Категориалды мағына ғаламның концептуалды бейнесінің тұрақты компоненті болып табылады. Яғни әмбебап сипаттағы негізгі

концептілердің мазмұны тұрақты мағыналардан құралады. Алайда категориялды мағыналардың бәрі морфологиялық жолмен беріле бермейді. Қазақ тіл білімінде морфологиялық концептілер арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Грамматикалық бірліктерді ұлттың, этностың дүниетанымдық білімдер жүйесімен байланысты қарастыратын ғылыми еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Бұл мәселенің қазақ тіл білімінде зерттелмеуін күні бүгінге дейінгі грамматика іліміне қатысты зерттеу жұмыстарында тілдің құрылымдық бағытына көп мән беріліп, оның коммуникативтік-прагматикалық, психолингвистикалық, нейролингвистикалық т.б. антропоэзектік қырларының өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқанымен түсіндіруге болады. Алайда қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін саралай келіп, когнитивті грамматиканың алғашқы нышандары Ы.Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Қ. Кемеңгерұлы т.с.с. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болғанын байқаймыз.

Ы.Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін үйретуде жекелеген сөздердің мағыналарын сипаттауда оларды сөз таптарына жіктеп, баланың бейсаналы сезіміндегі концептілерді негізге алғанын байқаймыз. Зерттеуші лексикалық бірліктерді: Нәрселердің аттары (зат есім) (*Имя существительное*): *Құдай – бог, пайғамбар – пророк, періште – ангел, кісі – человек, ата – отец, әже – мать, баба – дед, дедушка, үлкен шеше – бабушка, аға – старший брат, қан – кровь, тамыр – жилы, бас – голова...*; Зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім) (*Имя прилагательное*): *жақсы – хороший, жаман – дурной, ақылды – умный, ақымақ – глупый, батыр – храбрый, қорқақ – трусливый, сұлу – красивый, жұмсақ көңілді – добрый, қатын алған кісі – женатый, кәрі – старый, жас – молодой*; Есеп аттары (сан есім) (*Имя числительное*): *бір – один, екі – два, үш – три, төрт – четыре, бес – пять, алты – шесть, он бір – одиннадцать*, Местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік): *мен – я, өзімді – я, өзіңді – ты, өзін – он, она, оно, они, оне / себя*; Ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу демеу) (*Наречие и союз*): *қашан, кезде, шақта, мезгілде, жеткен кезде – когда дошел, бүгінде – ныне, кеше – вчера, ертең – завтра*; Глагол деген сөздің бөлімі (етістік): *болуға еді – быть, оқуға – читать, жазуға – писать, жаттауға – твердить, көруге – видеть, баруға – идти, келуге – придти, шығуға – выйти* т.с.с. түрінде топтастырған.

Ғалымның сөздігіне тілде морфологиялық концепт құраған, тілді үйретуде маңызды болатын сөздер ғана алынған. Зерттеушінің бұл еңбегі сөздерді таптастыру, яғни сөз таптарына жіктеуі, сондай-ақ морфологиялық концептілерді анықтауы тұрғысынан да маңызды.

Ғалым баланың санасындағы морфологиялық концептіні дайын күйінде пайдаланған. Бұл орайда концептуалды жүйенің негізгі бөліктерін категориялауда ғалым морфологиялық концептілерді қолданған.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тіссе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142 б.].

Концептуалды құрылымдар болмыстағы құбылыстарды тікелей қабылдау, әсерлену нәтижесінде түзіледі; *бастапқы концептілер* концептуалды жүйе құрауда маңызды орын алып, жаңа концептілерді меңгеруде анализатор, интерпретатор қызметін атқарады; тілдің көмегімен түзілген концептуалды құрылымдар концептуалды жүйеге тілдің көмегінсіз енгізуге болмайтын ақпараттар жүйесін құрайды. Алдымен барлық мағына лексика деңгейінде көрініс тауып, кейін олардың ішіндегі ең маңыздылары ғана морфология, грамматика деңгейіне өтеді. Морфологияда морфологиялық категориялар мен тұлғаларда көрініс алған концептуалдау тәсілдері мен жолдары айқындалады. Морфологиялық концептуалдау жолдары мен тәсілдері *тілдің онтологиясына* байланысты болады. Себебі морфология тілдік репрезентация заңдылықтарының концептуалдану құралы болып табылады.

Концептуалды жүйенің морфология деңгейіндегі категориалды бөлігі әмбебап сипаттағы негізгі концептілер арқылы көрініс табады. Әмбебап сипаттағы негізгі концептілер, бір жағынан морфологиялық категориялар мен тұлғалар арқылы берілетін білімдер бірлігі болса, екінші жағынан, морфологиялық категорияларға негіз болатын, нақты грамматикалық мағыналар берілетін концептілер болып табылады.



Осыған орай әмбебап сипаттағы негізгі концептілер тілдегі ғалам туралы білімнің морфология деңгейіндегі бірлігі болып табылады, яғни тілде энциклопедиялық білімнің берілу жолы, тілдік білімнің бірлігі болып табылады. Әмбебап сипаттағы негізгі концептілер бірігіп, морфологияның концептуалды кеңістігін құрайды, ол тілдегі морфологиялық репрезентацияның когнитивті негізі болып табылады.

Грамматикалық ұғымдар лексикалық концептосфераға үстеледі. Сол себепті қандай да бір сөз табына қатысты болмайтын сөз жоқ. Әр сөз не зат есім, не сын есім, не етістік ретінде танылады. Ендеше, тілдің грамматикалық құрамының концептосферасы адамның тілдік санасының ажырамас бөлшегі болып табылады. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категоризациялау негізінде қалыптасады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа сияқты әмбебап сипатты негізгі концептілерде көрініс табады. Болмыстағы категориялар, олардың өзара байланыстары сөз таптары ретінде жүйеленген. Нақты құбылыстар тілдік санада заттың атауы, күйі, қалпы, сапасы түрінде көрініс табады. Яғни грамматикалық ұғымдар концептосфера түзіп, оның ерекше деңгейін құрайды.

А. Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер береді, яғни түрліше сипатталып, әртүрлі ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа сияқты әмбебап сипатты негізгі концептілерде көрініс табады.

Психолингвистикаға арналған еңбектерде морфологиялық концептілердің бейсаналы сезімде болатынын растайтын тұжырымдар баршылық. А.А. Леонтьев мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін практикалық тұрғыдан алғанда, тілді меңгерген сөйлеуші

екенін ескертеді [6]. Алайда грамматиканы үйрену барысында бала бірқатар қиындықтарға тап болады, себебі грамматикалық концептілерді түсіну оңайға соқпайды. Бала мектепте дайындықсыз әрекетін саналы түрде зерделей бастайды. Бала белгілі бір сөзді қандай да бір сөз табына жатқызуда қиналады. Алайда мектепке бармаған баланың өзі де күнделікті сөйлесу барысында сөздерді дұрыс қолдана береді. А.А. Леонтьев бұл ерекшелікті баланың сөз таптарының лингвистикалық белгілерімен сәйкес келе бермейтін өзіндік жүйесі болатынымен түсіндіреді [6]. Ғалым: «Грамматиканы, септік жүйесін үйреткен кезде балаға қандай да бір жаңалықты ашпаймыз, бала бұған дейін де сөздерді дұрыс септей алады», – дейді [6, 260-б.]. Тіпті балаға грамматиканы үйретпесе де өзі-ақ үйреніп алады. Ол сезімдегі негізгі морфологиялық концептілер негізінде жүзеге асады.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [2, 160-б.]. Зерттеуші зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика дыбыс жүйесі мен түрлері – морфология сөз жүйесімен түрлері – синтаксис сөйлем жүйесі мен түрлері деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

Қорыта келе, соңғы кездері тілдегі ғалам бейнесіне ерекше мән беріле бастады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдік формалар арқылы берілген түсініктерді когнитивті құрылымдар арқылы айқындауды мақсат етеді. Тілді зерттеудің антропоэзекті парадигмасы адам факторын көрсетуді мақсат ететіндіктен, мұндай зерттеулерде міндетті түрде әр ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық болмысы көрініс табады. Мұндай зерттеулер тілді құрылымдық немесе функционалды қырынан зерттеумен қатар қалыптасқан

тұжырымдарды жаңа қырынан сипаттайды, морфологияның тіл жүйесіндегі орнын айқындап, сөйлеу-әрекетіндегі маңызын түсінуге, морфологиялық категориялардың тұрпат және мазмұн межесін тануға мүмкіндік береді. Морфологиялық категорияларды осылайша талдау тілді когнитивті бағытта зерттеуге арналған еңбектердің дамып, өркендеуіне жол ашады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 3 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- 4 Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 780 с.
- 5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 6 Леонтьев А.А. Общение как объект психолингвистического исследования // Методологические проблемы социальной психологии. – М., 1975. – С. 251-261.

#### Резюме

В статье антропоцентричность грамматических категорий выявляется в двух направлениях: как отражение человеческого фактора в грамматических категориях и как использование грамматических категорий человеком в акте коммуникации. Грамматические категории трактуются в исследовании одновременно как результат концептуализации и как результат категоризации.

#### Resume

Anthropocentricity of grammatical categories in this study is elicited in two directions: as the reflection of the human factor in grammatical categories and as the use of grammatical categories by a person in the action of communication. Grammatical categories in the research work are interpreted both as a result of conceptualization and as a result of categorization.

**ДОСПАМБЕТ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ  
СЕРПІН ЖӘНЕ РЕАЛИСТІК-ЭПИКАЛЫҚ СУРЕТКЕРЛІК**

**А.Д. ӘЛТАЙ**

филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**С.Ш. АЙТУҒАНОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада Доспамбет жырау толғауларындағы өмірбаяндық-деректі көріністер сипатталып, жыраудың өзінің азаматтық болмысы, суреткерлік ұстанымы қарастырылады. Доспамбет шығармаларындағы бейнелі динамика, романтикалық серпін және көркемдік шындықты бейнелеудегі шеберлігі мысалдар арқылы талданып, тұжырымдар жасалады.

*Түйін сөздер:* суреткерлік ұстаным, бейнелі динамика, жырау, көркемдік ерекшеліктер, шеберлік.

Қазақтың төл әдебиетінің бастауында тұрған жыраулар белгілі бір дәуір аясында өмір салты ортақ, нақты қоғамда қатарлас тірлік кешіп, сол кезеңдегі өмірдің көркем бейнесін жасауға үлес қосқандықтан, олардың барлығын сол дәуірдегі әдебиет өкілдері ретінде топтастыра қарастырғанымызбен, олардың қай-қайсы да өзіндік дүниетанымға, көзқарасқа, ұстанымға ие тұлғалар екенін есте тұтқан абзал. Сондай-ақ, олардың әрқайсының болмысына тән ерекшеліктердің қалыптасуында көрген тәрбиесі, алған өнегесі, өз өмірінде бастан өткергендері маңызды мән иеленетіні де шүбәсіз. Алдыңғы тұстарда шығармашылықтары сөз болған Қазтуған жырау мен Асан қайғының туындыларында кездесетін ортақ сипаттар мен бір-бірінен ерекшелене көрінетін жайттардың сыр-себебі осы тұста жатыр.

Барша қазақ жырауларына етене қасиеттер мен өзіндік дара жаратылысқа ие тұлғалардың бірі – Доспамбет жырау. Біздің уақытқа дейін жеткен жыр-толғауларынан басқа, Доспамбет жырауға тікелей қатысты дерек-мағлұматтар жоқтың қасы. Ал жыраудың туындылары алғаш рет Мақаш Бекмұхамбетовтің жинақтауымен 1908 жылы «Жақсы үгіт» деген атпен Қазан қаласында жарық көрген кітапта жарияланған. Доспамбет жырауға байланысты баспа бетіндегі дерек те

– осы. Сол себепті жыраудың өмірін, дүниетаным, көзқарасын, жалпы болмысын танып-білуге жол ашатын бірден-бір дереккөзі оның өз шығармалары болмақ.

Жырау толғауларына осы тұрғыдан зейін аударсақ, көз алдыңызға шаңды жорықтарда «кіреуке киіп күн өткерген», қанды ұрыстардың бел ортасында «алты құлаш ақ найзасын ұсынып шаншып», қанжығасына жау бөктерген жаужүрек жырау бейнесі келері хақ. Өйткені:

*«Екі арыстан жау шапса,  
Оқ қылқандай шаншылса,  
Қан жусандай егілсе,  
Аққан судай төгілсе,  
Бетегелі Сарыарқаның бойында*

*Соғысып өлген өкінбес!»* [1, 31б.]– деп жырлау мәрт мінезді, ержүрек жанның ғана жаратылысына лайық. Ал мәйін мінез, боркемік жан қанша өршеленіп, өр мінез танытпақ болса да, болмысында жоқ мінез әйтеуір бір тұста сыр беріп қояры анық. Демек, XVI ғасырда жасаған Доспамбет жыраудың елдік мұрат жолында тіл қайраты мен қол қайратын қатар жұмсаған әрі батыр, әрі жырау болғаны шүбәсіз.

Тумысынан тамырында қаһармандық мінез тулаған жорықшы жырау Доспамбеттің толғау-жырларында оның өзіне қатысты деректер де айшықтала беріледі. Туып-өскен жері мен өзі туралы ой толғаған сәттерінде жыраудың мәртебесі тасып, сөздері асқақтап кетеді. Туған өлкесі жайында айтқан жыраудың:

*«Айнала бұлақ басы Тең,*

*Азаулының Стамбұлдан несі кем?!»* [1, 32б.] – деген сөздерінен оның сол заманның аса ірі қалаларының бірі Стамбұлды да көргені және өзінің туған жерін дүние жұртына танымал Стамбұлдан артық көрмесе, бір мысқал төмен бағаламайтыны, қасиеттей қадірлейтіні айқын аңдалады.

Өр мінезді, ер қайратты жырау өзінің туған өлкесін тағы бір толғауында:

*«Азау, Азау дегенің  
Әл-Ғұсман паша жұрты екен,  
Дін ісләмнің кірті екен»*[1, 31б.]– деп жырлайтыны және бар.

Осы үзіндіге назар аударсақ, Доспамбет жыраудың ата қонысы – Азау бойындағы жұрттың мұсылманшылық жолына ден қойғандығын және түрік елімен жақсы қарым-қатынаста болғанын байқаймыз. Олай болса, осындай мүмкіндіктері бар өңірде туып-өскен Доспамбеттің де мұсылманшылықты ұстанғаны хақ және оның түрік елінде болуы, Стамбұлды көруі әбден мүмкін жағдай. Демек, Доспамбет жыраудың

жастайынан ілім-білім игергені, тағылымды өнеге көріп өскені шүбәсіз. Оның:

*«Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның*

*Хан ұлынан несі жоқ,*

*Би ұлынан несі кем?*

*Тәңірінің өзі берген күнінде*

*Хан ұлынан артық еді менің несібем!»* [1, 32б.] – деп жырлауы сондықтан. Бұл тұста Доспамбет жырау өзінің хан ұлынан да, би ұлынан да кем болмағанын, тіпті иығы артық тұрғанын көрсеткенде, ол өзінің байлық-дәулетімен асқанын алға тартып тұрмағаны, ілім-білімімен, ел алдындағы абырой-даңқымен олардан мойны озық болғанын меңзегені анық. Себебі, өмірлік мұраты абырой-даңқына кір шалдырмауға арналған жаужүрек жырау үшін дүние-байлық маңызды мән иелене алмаса керек. Оның жырларында кездесетін байлық, дәулеттілік белгілерінің өзі көпірме мақтан үшін емес, ел ортасында абыройы асқан адам болғанын айғақтайтын сипаттар ретінде көрініс береді. Мәселен, ол қолға ұстаған қамшысының қасиетін:

*«...Бүлдіргесі бұлан терісі,*

*Өрімі құнан білдің қайысы,*

*Шырмауығы – алтын, сабы – жез...»* [1, 33] – деп бейнелейді.

Басқа зат емес, қамшысының қадір-қасиетін асыра суреттеуінің өзі Доспамбет жырау үшін қамшының аса маңызды болғанын көрсетеді. Өйткені қазақ жырауы қамшыны ат айдау құралы ретінде емес, кесімді билік айтуға араласа алатын абыройлы адамның айбын-айбарының белгісі есепті бағалап тұр. Айбарлы жыраудың «шырмауығы – алтын, сабы – жез» қамшысын «Бейазының бойында күзен, қарсақ жер ме екен?!» – деп күйзеле қамығуының сыры да сонда. Демек, жыраудың алаңын қамшының тұз тағыларына жем болуымен ғана байланыстыра тану аздық етпек. Бұл тұстағы жырау алаңы – ел билігін кімнің ұстарына байланысты. Бар ғұмырын ат үстінде, ұрыс-шайқас ортасында өткерген жырау көңілінде мұндай алаңның болуы – заңды құбылыс.

Ел қамына бола «күңіреніп күн түбіне жортқан» жырау өзін таныстырған тұстардың бірінде:

*«Азаудың Ер Доспамбет ағасы*

*Азаудың бір бұрышындай нарты екен!»* – деп бір қайырып өтсе, келесі бір сәттерде:

*«Азаулыда аға болған ерлер көп еді,*

*Әйтсе де, алмаға ат байлаганы жоқ еді!»* [1, 32б.] – деп толғайды.

Бұл жолдарда жыраудың айтып тұрған «аға болу» сөзі тек жас жағынан үлкею емес, дүйім елді ауызына қаратып, жөн нұсқау, жол бастау әрекеттерін білдіріп тұрғаны түсінікті. Ал кейінгі мысалға назар аударсақ, Доспамбет жыраудың «Азаулыда аға болған көп ерлердің» бірі емес, бірегейі болғанын танимыз. Сондай-ақ, жыр-толғауларының әр тұсында жыраудың өз есіміне тіркестіре қолданатын «Ер» сөзі эпитеттік қолданыс емес, оның ерлік қимылдарына сүйсінген қалың елдің берген атағы екеніне күмәнданудың да орайы жоқ. Демек, Доспамбет – жол бастаған ақылман, қол бастаған қаһарман, сөз ұстаған жырау.

Доспамбет жырларында оның әулеттік тегі, отбасылық жағдайы туралы ой түюге мүмкіндік берер өлең жолдары да ұшырасады. Мәселен:

*«Алғаным Әли аганың қызы еді,*

*Қас арудың өзі еді...»* [1, 33б.] – деген өлең жолдарынан жыраудың жары да текті әулеттен шыққан жан екенін аңдаймыз. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, Доспамбет жырау қолданысындағы «аға» сөзі адам жасына байланысты ұғымды емес, «елге қадірлі адам» деген мәнді білдіреді. Ендеше, алған жары текті әулеттен болса, жыраудың өзінің түп-тегі де осал түспеуге тиіс. Осы жайттарды ескере отырып, Доспамбет жыраудың өзі де елге ықпалды әулеттен шыққанын пайымдауға болады.

Жыраудың жыр-толғауларында оның балаларына қатысты екі түрлі дерек кездеседі. Олардың бірі:

*«...Білейім мен жаман күн*

*Болатсыз қылыш кесерін,*

*Айналасы алты жылдың ішінде*

*Есақай, Қосай екі ұл*

*Азау билеп өсерін!»* – деген үлгіде және:

*«...Бізім бетке барсаңыз,*

*Есақай, Қосай екі ұл*

*Алдыңызға жыр құшақлай,*

*Жылай шықса, не айтарсыз?!»* [1, 34б.] – деген мазмұнда келеді.

Ал алған жары туралы сөз болатын келесі бір жыр жолдарында балаларына қатысты дерек: *«...Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы...»* – деп беріледі.

Алғашқы екі үзінді мен кейінгі мысал арасында алшақтық барын байқаймыз. Яғни, алғашында жыраудың балалары Есақай, Қосай екендігі айтылса, кейінгі тұста балалардың есімдері Қосақай, Қосай, Ер Досай болып ұшырасады. Дегенмен, алғашқы үзінділердегі есім иелері нақты жағдаймен және нақты іс-әрекетпен байланыстырыла берілгенін

ескерсек, жыраудың Есақай, Қосай есімді екі ұлының болғандығын анық аңдаймыз.

Сондай-ақ, алғашқы үзіндіде «Айналасы алты жылдың ішінде Есақай, Қосай – екі ұлдың Азау билеп өсетіні» айқын айтылғанына зер салып, мәніне үңілсек, осы толғау айтылған сәтте жыраудың аталған ұлдарының әлі ержетіп үлгермегенін бағамдар едік. Сонымен бірге, жыраудың баршаға мәлім толғауларының бәрі бір деммен айтылып шыққандай әсер ететінін де ескерсек, әдебиет тарихшысы М.Мағауиннің: «Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді» [2, 43б.] – деп ой қорытуының негізділігіне ден қойған абзал. Сол сияқты, жыраулар поэзиясын зерттеуші ғалымдар арасындағы болжамдардың бірінде: «Жырау өз толғауларын өмірінің соңғы сағаттарында айтып бергенге ұқсайды» [3, 62б.] – деп келетін пікірдің де негізсіз емес екендігін ескеру жөн.

Осы орайда жыраудың өміріне қатысты қысқа қайырым ой түйіндерін жасасақ, XVI ғасырдағы жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Доспамбет – сол дәуірдегі елге ықпалды әулеттен шыққан және соның арқасында ел мен жер көріп, біршама ілім-білімге қанығуға мүмкіндігі болған, игерген ілім-білімі мен өзінің ақыл-парасатының және қажыр-қайраттылығының арқасында елге «аға» бола білген, сондай-ақ, дау кезіксе, жол бастаған, жау кезіксе, қол бастаған әрекеттері арқылы қабырғалы қалың жұрттан «Ер» деген атақ алған көсем ойлы, шешен сөзді, батыр мінезді жырау.

Ал, Доспамбет жыраудың шығармашылық тұлға ретіндегі ерекшелігі қандай? Бұл сұрақтың жауабы да жыраудың өз шығармаларында жатыр. Оның жырау ретіндегі көзқарасы, шығармашылық ұстанымы жоғарыда сөз болған азаматтық болмысымен арқаулас. Бұған дәлелді жыраудың кез келген жыр-толғауынан таба аламыз. Мәселен, оның бейбіт күндегі ел тірлігін және сол тыныштықтың шырқы бұзылған жағдайда Ер тірлігі қандай болмағы жөн екендігін бейнелейтін «Қоғалы көлдер, қом сулар...» деп басталатын толғауында мамыражай өмір көрінісі – өзен, көл жағалай ел қондыру, арғымақ мініп, салтанатты көбе киіп, арулардың арасынан таңдап жар сүю, сәнін келістіре той тойлау, қымыз құйып ішу әрекеттері арқылы беріледі. Яғни толғаудың алғашқы жолынан басталып, «...Құрама шапшақ көп қымыз құйып ішкен өкінбес...» тармағымен аяқталатын бірінші бөлікте осы әрекеттер біріне бірі ұласа суреттелген және осылай суреттеудің нәтижесінде толғау сюжетінде динамика пайда болған. Ал егер динамикаға толы сюжетті көзге елестетер болсақ, жайлауға қонып жатқан елді, арғымақ мініп, сол елден шыққан батыр бозбалалардың сейіл-сапарын және олардың ел



арасынан «жұпары қардай бораған» аруларды таңдап сүйіп, тіл табысқанын, тіл табысу соңының ұлан-асыр тойға ұласқанын және сол тойда қымыз қызығына берілген қамсыз жұртты көрер едік. Бұл көрініс – жыраудың өз еліне тілейтін алаңсыз өмірдің бейнесі. Дәл осы суреттің өзінен-ақ Доспамбет жыраудың асыл арманы елдің амандығы, ел берекесінің бұзылмауы болғаны анық байқалады.

Ал егер тыныштықтың шырқын бұза, «жау шапса», не істемек керек? Жыраудың мұндай сын сағаттарға қатысты жауабы да дайын және ол өз мақсатын бұлдыратпай:

*«Бетегелі Сарыарқаның бойында*

*Соғысып өлген өкінбес!»* [1, 31б.] – деп, үзілді-кесілді кесім айтады. Мұншалықты кесіп сөйлеу ел мұратына қалтқысыз берілген, ел бақытын өз қамынан жоғары санайтын қаһарман жанға тән мінезді танытады.

Жаужүрек жыраудың бұл толғауында елге қатер төнген қиын-қыстау сәттерде кеудесінде намыс бұрқаған әрбір Ердің қарекет-қимылы қандай болуы қажеттігі бейнеленсе, «Қалаға қабылан жаулар тигей ме...» деп басталатын толғауда өз әрекеттерінің қандай болары (яки қандай болғаны) бірінен бірі өрістей суреттеледі. Аталмыш толғауда динамикалы сурет те («Қалаға қабылан жаулар тигей ме, Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме»), кейіпкердің (яғни өзінің) жан дүниесіндегі психологиялық өзгерістер де («Қатарланып, қарланып»), әрекет көрінісі де («Қайран ер қарт күреңге мінгей ме»), көріністі сырттай бейнелеу де («Қабырғадан қараған Достым менен дұспаным: «Апырым, Ер Доспамбет!» дегей ме!..») бар. Егер осы көрініс-бейнелерді тұтастыра қарасақ, бейбіт елге шапқан жауды, жау қылығына кектене ашынған қайран Ердің (жыраудың өзі) күрең атқа ер салып, жауға аттанғанын, оны көрген жұрттың бәрінің сүйсіне көз тіккенін көре алар едік.

Аталған екі толғаудың сюжеттік-динамикалық белгілеріне, жыраудың тілдік қолданысындағы бейнелілікке және әр тармақтың белгілі бір сурет яки көрініс туындатуға қызмет ететініне көңіл қойсақ, бұл сипаттар Доспамбет жыраудың мәрт мінезді, ержүрек батыр болумен қатар, суреткер жырау болғанын айғақтайды. Демек, Доспамбет жырау шығармаларын даралай танытатын әдеби-көркемдік сипаттардың бірі – оның жыр-толғауларының мейлінше суреттілігі, бейнелілігі және сол бейнелердің динамикалы болып келуі.

Оның теңеулерінің өзі динамикаға толы. Мәселен, арғымақтың – «Арыстандай екі бұтын алшайтып», арулардың – «Жұпарын қардай боратып» деген үлгіде көрінуі, я болмаса, майдан даласының суреті – «Оқ қылқандай шаншылса, Қан жусандай егілсе, аққан судай төгілсе»

деп берілуі осы жолдарда бейнеленген қозғалыс-қимылдардың аяқталмағанын аңғартады. Ал аяқталмаған әрекеттің жалғасып жататыны белгілі. Доспамбет жырларындағы бейне-көріністердің динамикаға толы болып келуінің себебі де осы іспетті тілдік қолданыста жатыр. Салыстыру үшін жоғарыдағы мысалдардың бірін сәл өзгертіп көрер болсақ, мүлдем басқа сурет пайда болар еді. Мысалы, арғымақтың сипаты «Арыстандай екі бұтын алшайтқан» деп берілсе, буын-бунақта да, екпін, ырғақта да еш өзгеріс болмайды, алайда суреттегі бейне динамикадан айырылар еді. Осы сияқты, екінші толғаудағы ұйқастың «тигей ме, жүргей ме, мінгей ме, дегей ме» үлгісінде қолданылуы да іс-әрекеттердің біріне бірі ұласа суреттелуіне қызмет етеді.

Дәл осы әдіптес динамикаға толы бейнелер жырау шығармаларының барлық тұсынан ұдайы ұшырасады және олардың бәрі іс-әрекеттің, яки оқиғаның толғау айтылған нақты уақытқа қаншалықты қатыстылығын да айқындай тануға мүмкіндік береді. Мәселен, «Сере, сере, сере қар» толғауында:

*«...Кәмбідей ару жсаларға  
Күректтей мұзды тоңдырып,  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!  
Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран,  
Озар сойды бұ дүние*

*Азаулының Аймадет Ер Доспамбет агадан...»* [1, 32б.] – деп келетін іс-әрекеттер көрінісі бұрынғы болып өткен және дәл сол сәттегі жағдайды танытады. Үзіндідегі алғашқы төрт тармақ Ер Доспамбеттің қалың елдің қамы үшін қандай қимылдарға барғанын жинақтай бейнелесе, кейінгі үш тармақ ел еркіндігі жолында «күңіреніп күн түбіне жортқан» Ердің дәл сол сәттегі қамыққан көңіл күйінен, басына түскен ауыр ахуалдан хабар береді. Осы үш тармақтан жорықшы жырау жаратылысына тән батырлық мінездің тағы бір қыры анық байқалады. Ол – қаһарман жыраудың басынан бұ дүниенің эне-міне озарын сезіп, «Озар сойды бұ дүние...» деп қамықса да, күңірене күйзеліп, торыға түңілмеуі, құтқармас ажалдың өзін қасқая қарсы алуға даяр мінез танытуы. Бұл да Доспамбет жыраудың батырлық болмысын айғақтайтын қасиет екендігі анық.

Сондай-ақ, жырау өткен күндерін еске оралтқан сәтте де әлдебір өкініштерге бой алдырып, зарлана опынып, шерлене егілмейді, керісінше, жасап үлгерген іс-қимылдарының бәрін сүйіне, сүйсіне ойға оралтады. Оның өткен дәуреннің түйінін: «Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!» – деп риза көңілмен еске алуының сыры сондықтан. Ел

іргесін жаудан қорғаған күндерін осы сипатта есіне алатын жырау бейбіт күндерде бастан өткерген сөйіс-серуендерін де өкінішсіз жыр етеді. Жорық-жортуылдардан қалыс, алаңсыз күндер суретін:

*«Ағарып атқан таңдай деп,  
Шолпанды шыққан күндей деп,  
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,  
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,  
Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз  
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,  
Үйде қалған арудың*

*Ал иіндігін аудырып»*[1, 32б.]– деп толғаған жырау сөздерінен де әлденендей өкініш сызы аңдалмайды. Тіпті ол: «Жазыда көп-ақ жортқан едік-ау!» – деп, аңсау сезіміне де берілмейді, «Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз» – деп, жастық албырттық пен аңғырттық жетегінде өткерген тірлігіне ризашылық, қанағаттану сезімдерін білдіреді. Ақтық сәтін күтіп жатқанның өзінде, аһ ұра құсаланбауы Доспамбет жыраудың хас батырларға ғана тән қайсар жаратылысын айшықтай танытады.

Жалпы, Доспамбет жырау сөздері бірінен бірі туындап, бірін-бірі толықтырып жататын біртұтас дүниенің құрамдас бөліктеріндей әсер етеді. «Сере, сере, сере қар...» толғауының негізгі мазмұны ақтық сәтін күтіп жатқан қаһарманның өткен күнді еске оралтуына құрылса, «Арғымаққа оқ тиді...» деп басталатын келесі толғауында жыр қаһарманының осындай жағдайға ұшырауының себебі ашылып, жан дүниесін мазалаған сезім күйлері алға шығады және бұл толғауында да жырау бастан өткерген жағдайларын бірінен бірін туындатып, кішігірім эпикалық сюжет өрістете, сурет пен сезім құбылыстарын ұштастыра, шынайы көрініс ұсынады. Мәселен:

*«Арғымаққа оқ тиді  
Қыл майқанның түбінен,  
Аймадетке оқ тиді  
Отыз екі омыртқаның буынынан,  
Зырлап аққан қара қан*

*Тыйылмайды жонның уақ тамырдан...»* [1, 32б.] – деген үзіндіге зер салсақ, қаһарманды ажалмен бетпе-бет келуге себеп болған оқиғаны көреміз. Жыр қаһарманының (Аймадеттің) әлдебір қайран қылуға дәрменсіз болып қалуының себебі – дәл омыртқаның жігінен оқ тиіп, қансырауы.

Ал толғауды әрі қарай оқыған кезде қаһарман жарақатының тіптен ауыр екендігі байқалады. Бұл тұста:

*«Сақ етер тиді саныма,*

*Сақсырым толды қаныма...»* [1, 32б.] – деген жолдарға қарасақ, Аймадет ердің қара саннан да ауыр соққы алып, бейнетінің үстемелене түскенін көреміз. Толғаудың нақты оқиғаны суреттейтін бөлігі:

*«Жара бір қатты, жан тәтті,*

*Жара аузына қан қатты...»* [1, 32б.] – деген жолдармен аяқталады. Соңғы тармақ жара аузына қатқан қанның суретін көрсетумен бірге, оқиға басталғаннан бергі аралықта бірталай уақыт өтіп үлгергенін де аңғартады. Демек, осы үзіндінің өзінен-ақ жыраудың суреткерлік хас шеберлігі анық танылады. Бас-аяғы он тармақты қамтитын үзінді аясында нақты бір оқиғаны басталуынан шешіміне дейін жеткізе және бейнелей көрсетуі Доспамбет жыраудың сөз күдіретін кемел игерген дарындылығын айғақтайды.

Ал толғаудың бұдан арғы бөлігінде қаһарманның жан дүниесі, аңсары мен арманы, үміті мен күдігі, т.с.с. сезім құбылыстары шыншылдығымен иландыра көрінеді. Жарақаты жанына батқан қаһарманның:

*«Жарықшылар жоқ па екен*

*Жармай білте саларға?!.»* – деп үміттенуі де, сондай-ақ:

*«Жағдайсыз жаман қалып барамын*

*Жанымда бір туганның жоғынан!..»* [1, 33б.] – өкініш білдіруі де шынайы. Сол сияқты, «құнан білдің қайысынан» өрілген қамшысына, «маңдайы күнге тимеген» сүйген жарына байланысты сезім күйлері де Аймадет қаһарманның адами жаратылысын тануға қызмет етеді.

«Алғаным Әли ағаның қызы еді...» – деп басталып, одан кейінгі жолдарда алған жарының қадір-қасиеттерін бірінен бірін асыра сипаттай келіп, сөз түйінінде:

*«...Омыраудағы он түймесін ағытып,*

*Кейінгі қалған көпекке*

*Қалай да белін шешті екен!..»* [1, 33б.] – деп, қызғаныш сезіміне бой алдыруы да көңілге қонымды. Әйткенмен, «Кейінгі қалған көпекке» деген тіркеске зейін аударсақ, қаһарман сезімінің пендешілік қызғаныштан жоғары тұрғанын байқаймыз. Толғау қаһарманын қызғаныштан гөрі, «хан қызындай» аяулы жарының қадірінен айырылуы мүмкін екендігі көбірек алаңдатып, көбірек өкіндіретіндей.

Сөз болған толғауда көрініс тапқан көркемдік сипаттарға сүйене отырып, қысқаша ой түйінін жасасақ, бұл толғау Доспамбет жыраудың эпикалық сюжет түзуге шеберлігін, сезім құбылыстарын шынайы бейнелеуге аса қабілетті лирик жырау болғанын танытады. Бұл тұрғыда оны эпикалық оқиғаны лирикалық сезіммен ұштастыра жырлаудың жарқын үлгісін қалыптастырған жырау ретінде бағалауға болары анық.

Ал жыраудың суретті сезіммен астастыра жырлайтын толғаулары – «Айналайын Ақ Жайық...» және «Тоғай, тоғай, тоғай су...» деп басталатын дүниелері.

«Айналайын Ақ Жайық...» толғауында Доспамбет жырау өз дәуіріндегі көшпелі қазақ өмірін, қазақ жұртына қалқан болған ерлердің қарекет сипатын, олардың асқақ рухты болмысын романтикалық әсерлерге жетелейтін айшықты бояуларын қанықтыра, әрі сол суреттерді аңсау сезімімен қабыстыра бейнелейді. Толғаудың қай тұсын алсаңыз да, мүлтіксіз суреттелген көріністер мен сол көріністерді аңсау сезіміне жолығасыз. Мәселен:

*«...Қара бұлан терісін  
Етік қылар күн қайда?!  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке киер күн қайда?!  
Күмбір-күмбір кісінетіп*

*Күреңді мінер күн қайда?!»* [1, 33б.] – деген үлгіде келетін жолдардан қалың елдің қамы үшін қай уақытта да бес қаруын бойынан тастамай, қапысыз қамданып жүретін батыр ұлдар бейнесі көрінсе:

*«...Еділдің бойын ел жайлап,  
Шалғынына бие біз байлап,  
Орындықтай қара сабадан  
Бозбаламен күліп, ойнап,*

*Қымыз ішер күн қайда?!»* [1, 34б.] – деген жыр жолдарынан жорық, жортуылдардан тыншу тапқан бейбіт ел тірлігі көрінеді және осы көріністердің қай-қайсы да «күн қайда?!» деген сөздер арқылы аңсай түйінделіп отырады. Толғауда суреттелген көріністердің романтикалық сипат иеленуінің сыры да – аңсау сезімімен байланысты.

Мазмұндық-сюжеттік құрылымы жағынан да, сурет пен сезім тұтастығы жағынан да, шынайылық тұрғысынан да аталған толғаумен сарындас туынды – «Тоғай, тоғай, тоғай су...».

Бұл толғауда да өткен өмір бейнесі жасалған. Ал екі толғаудың бір-бірінен негізгі айырмашылығы: біріншіден, бейнеленетін объектіге қатысты, яғни алғашқы толғаудағы көріністер жалпыға ортақ мәнде жырланса, екінші толғауда нақты қаһарманға (Доспамбеттің өзіне) тікелей байланыстырыла беріледі. Сол себепті аталмыш толғауды жыраудың өз өміріне қатысты қарастыруға мүмкіндік бар. Екінші айырмашылық – толғаулардағы сезім сипатына қатысты. Яғни алғашқы толғаудағы бейнелі көріністер аңсау сезімімен ұштасса, екінші толғаудағы сезім сипаты өмірінің мәнді өткеніне қанағаттану, ризашылық танытуға бейім.

Жырау бұл толғауында өз ғұмырында бастан өткерген тіршілігін тізбелей суреттей отырып, соның бәріне риза екенін аңдатады. Тіпті, толғау соңында:

*«Бүгін, соңды өкінбен,  
Өкінбестей болғанмын,  
Ер Мамайдың тұсында*

*Шаһид кештім, өкінбен!..»* [1, 34б.] – деп, нығарлай айтуының өзі жырау сезімінің шынайылығын көрсетеді. Сондай-ақ, осы үзіндіден жыраудың батырлық болмысы да, мұсылмандық түсінігі де танылады.

Ал Доспамбет жыраудың әкелік сезімі, адами үміті, мәрт мінезі көрініс беретін туындысы – «Озушылар, озмаңыз...» деп басталатын толғауы. Бұл толғауға реалистік сипаттар тән. Толғауда жыраудың ішкі секемі, әкелік махаббаты, болмашы үміті, жазмышқа көзқарасы іспетті жайттардың бәрі мейлінше шынайы жеткізілген.

Осы орайда айта кету абзал, Доспамбет жыраудың толғауларын жеке-жеке алып қарамай, біртұтас шығарма ретінде қарастыруға да болады. Мұндай жағдайда бұл толғаулардың әрқайсысы күрделі мазмұнды шығарманың сюжеттік-композициялық бөліктері тәрізді қабылданып, нәтижесінде оқиғаның басталуы, байланысуы, дамуы, шарықтау шегі, шешілуі сияқты бөліктерінің бәрі қамтылған және қажетті тұстарда лирикалық шегініс, ішкі монолог секілді көркемдік тәсілдер пайдаланылған эпикалық жыр пайда болады.

Доспамбет жырау толғауларының бұл ерекшелігіне қарасақ, оларды бір сәтте дүниеге келген туындылар ретінде де бағалауға мүмкіндік бар. Қалай болғанда да, XVI ғасырдағы қазақ поэзиясында айрықша орын иеленетін Доспамбет жырау шығармашылығынан, жоғарыда сөз болғандай, көркемдік сипаттардың, әсерлі бейнелердің сан алуан түрлерінің молынан ұшырасуы оның аса дарынды тұлға болғандығын айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы, 1989. – 384 б.

2 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 1991. – 427 б.

3 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 2001. – 280 б.

Резюме

В статье анализируются биографическо-документальные и гражданские черты, поэтическое кредо в толғау Доспамбета. Кроме того, рассматриваются изобразительная динамика, романтический мотив и мастерство жырау в поэтических воспеваниях художественной реальности, даются примеры и выводы.

## Resume

The authors of the article analyze biographical-documentary and civic features, a poetic credo in the crowd of Dospambet. In addition, pictorial dynamics, romantic motive and skills of zhyrau in the revelations of artistic reality in their poetry are considered, examples and conclusions are given.

**ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ҮЛГІЛЕР  
МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ АРҚАУЫНДА**

**А. ҮСЕН**

филология ғылымдарының докторы, профессор

**Р. ТҰРЫСБЕК**

филология ғылымдарының докторы, профессор

**Б. ҚОРҒАНБЕКОВ**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор,

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Қазақ поэзиясы халықтың даму үрдісіне сай өзгерістерді өткеріп жатыр. Оның даму бағытының бірі – жыраулық сарынмен өлең өру. Ерікті ырғаққа негізделген бұл күрделі құрылыммен тарихи тақырыптағы немесе елдік тақырыпты көтерген өлеңдер жазылуда. Бұл өлеңдер Мәңгілік ел идеясы тұрғысынан жазылып, мемлекеттік, рухани жаңғыру концепциясына бағытталған.

*Түйін сөздер:* идея, үрдіс, құрылым, дәстүр, жаңашылдық.

Ақын Т.Медетбектің «Көктүріктер сарыны» атты жыр жинағына енген өлеңдерінде жаңа сабақтастықтар, тың ырғақтық құрылымдардың көптігі сондай қазақ өлеңінде бір-бірімен үйлеспейтін ырғақ жоқ деген ойға жетелейді. Ақын Темірхан бұл жинағында көктүріктердің сарынын салған. Мұндай сарын салу үрдісі қазақ поэзиясында ең алғаш Шәкәрімнен көрінеді. Ақынның Қорқыттың сарынымен жазылған өлеңі – «Қорқыттың сарыны». Ол да интонациялық құнары күшті прозалық стильдегі өлең. Ал проза стилінде ырғақтық үйлесудің аса күй талғамайтыны белгілі. Ақын өлеңдеріндегі ырғақтық-интонациялық мол мүмкіндіктер сол көктүріктер сарының өлшемдерді тұсап қоймай, еркін үндестіретін ерекшелігіне қарай туындаған. Ақынның «Бұл дүниеге қарасам» атты өлеңінде дәстүрлі құрылымдық негіздерден көрінетіні – ұйқас пен шумақ. Ал ырғақтың, бунақтардың жүйелі қайталануы көрінбейді.

Бұл дүниеге // қарасам

Ойым онға //

Санам санға // бөлінеді.

Кеудемдегі // жүрегім



Қауіпті // тозақ мен

Қатерлі // шаңға // көміледі [1,117].

5+3, 4, 4+4, 4+3, 3+3, 3+2+3 өрнектерге негізделген тармақтардың ырғақ өрнегіне назар салсақ, дәстүрлі сегіз және жеті, алты буынды өлшемдер. Ырғағында дәстүрлі жүйеден еш ауытқу болмаса да, өлеңнің интонациясының проза стиліне соншалықты жақын. Өлең өлшемі дәстүрлі болғанмен, өрнегі таныс болғанмен, одан туындайтын интонацияның поэзиялық дәстүрден алыс болуы оның құрамындағы семантикалық және синтаксистік құрылымдардың өзгеше құрылуынан. Өлең синтаксисінде поэзияға тән инверсия құбылысы мүлдем жоқ. Синтаксистік құрылым ішіндегі сөйлем мүшелері өз орын тәртібін сақтайды.

Жап-жасыл уы // ақтарылып,

Өтім // жарылады.

Күйедей // қап-қара боп

Өкпем // қабынады.

Шумақта соңғы бунақтардың төрт буынды болуына, әрі «Өкпем қабынады – өтім жарылады» деген синтаксистік және ырғақтық параллел қатарлардың болуына қарамай, өлеңнің қара сөзбен шектес болуы дәстүрлі өлеңдегі өлеңнің жаны болып табылатын поэзиялық пафосқа барып тіреледі. Көктүріктер сарынының қазақтың дәстүрлі өлеңінен құрылымдық өрісінің үлкен айырмасы барлығы байқалады.

Ақын Е.Раушанов «Айша бибі» поэмасында Қағанның сөзін «Көктүріктер» әуенімен беруді құнттайды. Бес буынды өлшемдер қазіргі ақындар шығармашылығында белсенді қолданыла бастады. Т.Айбергенов өз өлеңінде бес буынды өлшемнің 2+3 және 3+2 өрнегін сабақтасу мүмкіндігін көрсетіп, тұтас өлеңге ырғақтық-интонациялық негіз бола алатындығын нақты мысалмен көрсетеді. Қазіргі поэзияда дәстүрлі өлеңдерде мүлдем кездеспейтін 3+4 және 2+3 ырғақтық сабақтастықтары дербес жүйе ретінде көрінуі де үрдіс алып барады. 3+4 сабақтастығы Қ.Аманжолов өлеңдерінде дербес құрылым болып, тұтас өлеңнің құрылымдық жүйесіне айналған-ды. Ал 2+3 өрнегі Т.Айбергеновтің поэзиясында өзге өрнектермен сабақтасып біртұтас жүйе құрғанмен, жеке ырғақтық жүйе ретінде көрінбейтін-ді.

Қанша // жүректі

Нұрлантып // келдің.

Қанша // теректі

Ырғалтып // келдің [2, 154].

Байбота Қошым-Ноғай қысқа, аз буынды өлең өрнектерін өз шығармаларында шебер түрлендіреді. Ақынның өлеңнің ырғақ

жүйесіне тәжірибе жасауға деген талабы күшті сезіледі. «Күз бен қыз» өлеңінде төрт буынды құрылымды 1+3 өрнекті қалыпта тасымалдайды.

Күз.

Қоңыр күз.

Қыз

Көңілсіз [3, 89б.].

Мұнда қыз бен күз психологиялық параллелизм арқылы беріліп, бірінің күйі екіншісінен танылады. Өлеңде ырғақтық-интонациялық, синтаксистік симметрия қатаң сақталады. Қысқа тармақтың өрнегін тауып одан дербес бір құрылымдық жүйе жасау зор шеберлікті қажет етеді. Байбота ақын өлең техникасының қиын құрылымын жасаудың шебері екендігін Абай алты аяқтарын түрлендіруінен анық көрінген.

Маусымның он үшінші жаңасында

Өзен жағасында,

Шалғын арасында.

Мөлдір шық...

Кірпік ілмей түніменен,

Көз жұмды таңға жақын.

нанасың ба? [2,134].

11-6-6-3-8-7-4 ырғақтық құрылым. «Мөлдір шық кірпік ілмей түніменен, Көз жұмды таңға жақын нанасың ба?» деген 4-5, 6-7 тармақтар біртұтас ырғақтық-интонациялық, логикалық бірлік. Ақын Е.Раушанов оларды дербес тармақтарға қондырғанда осы тұстарға ерекше мән беріп, оқырманның да өз жүрегіндегіні дөп ұғуын диттеген сияқты. Мөлдір шықтың жайына ерекше назарды көп нүкте арқылы аударады. Жеке тұрған сол бір сөз бен осы бір үш нүкте өлеңді тым тереңдетіп, жүректің тереңіне жетелейтіндей. Бұл жерде ақын үзіліс арқылы мөлдір шық драмасын әсерлендіре түскен.

Өлеңнің ішкі сарайын құбылтып, аса көркем өлеңдер жазып жүрген ақындар баршылық. Ал оның сыртқы сымбатын келістіріп, ішкі сарайының сырына сай кесте түзіп, өлең өрімін әлденеше түрлендіре білген ақындар қазіргі поэзияда да көп емес. Өлеңнің өлшемінде, оның құрылымдық ерекшелігінде жатқан үлкен жүкті Абай байқап, өлеңдерінің ішкі сырын сыртқы сынымен келістіріп, алты аяқ, сегіз аяқ сынды қазақ поэзиясының биік шыңындай болған өлеңдерін жазған-ды. «Бұл ән» деген өлеңінің кестесін сан құбылтып түзген ақын Шәкәрім де өлеңнің құрылымдық-интонациялық сипатына аса үлкен мән бергені белгілі. Мағжан мен Сәкен, Ілияс пен Бейімбет, Қасым мен Төлеген, Фариза, Мұқағали, Мұхтар поэзиясындағы мазмұн мен түрдің келісімінен, өзара сұлу үндестігінен туған сырлы өлеңдер қазақ өлең өнерінің абыройын аспандатып, еңсесін асқақтатқаны аян. Аталмыш

ақындар поэзиясының биік бағалануына олардың идеялық-көркемдік сипатына сай түзілген ырғақтық-интонациялық құрылымының да құнарлылығы, сонылығы ықпал еткендігінде дау жоқ. Олар өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін түрлендіру арқылы жан бітіріп, сезімнің тереңіне тарта білді. Қазіргі қазақ поэзиясында өлеңнің ырғақтық-интонациялық өрісін мазмұнға үйлестіріп, өлеңнің сырын дөп басып айта білген ақынның бірі Ұлықбек Есдәулеттің шығармаларының құрылымдық ерекшелігі мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан назар аударуға лайық.

Бақ дегенім сорға айналды  
Тақ дегенім көрге айналды  
Көкірегіме шер байланды,  
Толайым  
Жер дегенім кебенек пе  
Ел дегенім ебелек пе,  
Ер дегенім көбелек пе  
Ағайын? [4,83б.]

«Ақтабан шұбырынды. Қожаберген жырау» деген өлеңнің бірыңғай кестеге құрылған үш тармақтың дыбыстық үндесу реті ертеден белгілі. Үш буынды сөздердің де жеке тармақ ретінде тасымалдануы қазақ поэзиясында көрінгенмен, қазіргі поэзияда кездесе бермейді. Өрнекті осылайша құру мазмұндық-идеялық ерекшеліктен туындаған. Өзара ұйқасқан жеті буынды тармақтар өзара синтаксистік параллел қатарлар түзеді. Осындай ырғақтық-синтаксистік қатарларды қолдану эмоционалдық қабылдауды тереңдетіп, сезім шырыңуын көрсетеді.

«Күршім. Жаралы Барақ батыр» өлеңінің алғашқы шумағының ырғақтық-интонациялық негізін құрайтын он үш буынды өлшем өрнегі 3+2+3+2+3, ал жеті-сегіз буынды өлшемдер дәстүрлі өрнекке құрылған. Бір ғана шумақта осы ырғақ сақталады, ал өзге төрт шумағының ырғақтық-интонациялық сипаты төрт түрлі. Мұндай ұзынды-қысқалы аралас тармақтардың еркін сабақтастығына құрылған өлеңдер көбінесе тарихи тақырыпта жазылатын себебі сол дәуірдің тынысы жырау толғауларының екпіні арқылы тарихи тақырыпты шынайы жеткізудің бір тәсілі.

Кеудеме менің күйдіріп киіз басыңдар,  
Бұл жара сонда асқынбас  
Туырлықты түріп, түндікті түре ашыңдар  
Тамағыма да тас тұрмас [4,152б.].

Ал келесі шумақта керісінше тақ тармақтар сегіз буынды өлшеммен беріліп, жұп тармақтар он үш және он бір буынды өрнекке

негізделеді. Дәстүрлі қазақ өлеңінде он үш буынды өлшем 7+6 ретінде екі өлшемге ажырауға бейімдігі байқалатын. Ақын өлеңдерінде он үш буынды өрнектің ырғақтық-интонациялық тұтастығы күшті, «сынуға» бейімдігі жоқ, әрі ұзын тармақтарға тән шашыраңқылық та көрінбейді.

Жасыл ту тұрса жоғары

Жығасы оңай жығыла қояр мен бе екем?

Айдаһар салған жараны

Айдаһардың өз уымен емдетем.

Екі шумақта да ұзынды-қысқалы өлшемдер, оңай, етене сабақтасып, біртұтас, жатық ырғақтық-интонациялық кеңістік қалыптастырған. Екі шумақтың ішкі мазмұндық өрісіне сай өлеңнің интонациясын түрлендіріп, эмоционалды-экспрессивті реңк тудырады. Бірінші шумақта қысқа тармақ ұзын тармақтан кейін ілесіп отырғандықтан өлең мәнері салмақты, жатық өрбісе, екінші шумақта ұзын тармақтың қысқа тармақтан кейін орналасуы мәнерді нық, жинақы етіп, экспрессивтік реңкін қалыңдата түскен. Бұл өлеңдегі шумақтардың ырғақтық-интонациялық сипаты тұрғысынан бір-біріне мүлдем ұқсамауы өлеңдегі ой мен сезімнің сан құбылысын дөп басудан туған.

Қазақ ақындарының шығармашылығын зерттеу барысында қайбір ақын болмасын поэзияға сапарын дәстүрлі ырғақтармен бастайтындығы белгілі. Шығармашылық беті қалыптасқан кездерде өз ырғақтық әуенін іздей бастау талантты ақындардың жолы. Ойын өзіндік ырғақтық-интонациялық қалыппен жеткізе білген дарынды суреткердің бірі Есенғали Раушановтың өлеңдері ой-пікір, ырғақ пен мәнер тұрғысынан сонылығымен, тың өрнектерімен қызықтырды. Оның өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыты мен бүгінгі деңгейін таныта алады. «Батырдың соңғы сөзі» атты өлеңінде ұзынды-қысқалы тармақтарды араластырып ырғақтық-интонациялық түрлендіруге алғаш қадам жасайды. Сегіз және он төрт буынды ырғақтың мынадай 3+2+3 3+2+5+3 өрнектері аралас келіп отырады. Бұл жолдар кейін кең арналы сан алуан жыраулар үлгісінің басы болып табылады. «Маңқыстау ескерткіштері» деген жырында жыраулар сарынына батыл қадам жасайды. 7-8-9-10-11 буынды тармақтар еркін араласып жыр үлгісімен төгіледі.

Бара алмай кеткен бір шың бар

Өрге қарай желгендер.

Ала алмай кеткен бір шың бар

Желбезекке жебе дарытқан мергендер.

Сағана мола сары айшық

Қобылы күмбез, қой тастар

Соны айтып бүгін тұрсындар [2, 214б.].

Бұл өлеңде жыраулық өнердің ақындық өнерге алмаса бастаған тұсы байқалады. «Бозаңға біткен боз жусан», «Қарға бойлы Қазтуған», «Уа, жалт еткен, жалт еткен» деген толғауларында жыраулық үлгінің Қазтуған, Шалкиізге тән күрделі айшықтары көрінеді.

Бұл арман жұрт, арман жұрт

Қарға бойлы Қазтуған сенен қалған жұрт.

Еділдің бойы – елді қиян

Маңқыстау бойы – майлы қиян

Берер ме едік Мысырға

Қиғаштың қырқаланып Жайыққа құяр тұсында

Әттең, дүние-ай дегенсің

Әбілхаят суы екен

Сонда дірілдеп тұрған тамшы жас

Сенің қара кірпігіңнің ұшында [2, 128б.].

Ақын өлеңдерінде 12-10-8 буынды өлеңдер белгілі бір жүйемен еркін араласып келіп толқынды, келісті ырғақ тудырады.

Жаз сағынғаныңды жаз сабырың сарқып,

Біз күткен шақты жаз маған.

Алау еріннің жалыны шарпып

Үздіккен шақты жаз маған.

12-8-10-8, яғни 7+5 5+3 5+5 5+3 ырғақтар өлең мазмұнын ақтайтындай толқынды келісті интонацияға негіз болады. Сандары әртүрлі ырғақтардың келісті түзілуінің негізі соңғы тармақтардың бес, үш буынды болып жүйелі алмасып келуінде жатыр. Он бір буынды өлшемнің жеті, үш буынды өлшеммен еркін сабақтастығы үш буыннан тұратын кез келген ырғақтық құрылым жеңіл үндесіп, еркін үйлесетініне ақынның «Мінажат» өлеңі дәлел бола алады.

Есік алды беткей-ді,

Беткей жақтан көктем әнін тыңдаймын.

Қармен бірге еріп неге кетпейді

Мұң-қайғым.

Артта қалған қиындық пен алдан күткен үміттерге бірдей тіл қатқан жанның үні мен жан толқынысын тап басады ақын. «Шықтың өлуі» деген өлеңінің де ырғақтық-интонациялық құрылымы ерекшелігімен назар аударады.

Нұрлар аппақ,

Түнді адақтап,

Жамырап бара жатты,

Өлген шықты

асығыс аттап өтіп,

қырға қаптап [2,1476.].

11-6-6-3-8-7-4, 4-4-7-4-7-4 ырғақтық құрылымдардан туындайтын интонация тосын, соны. Бірінші шумақтағы ырғақтық-интонациялық түрлендіруші – өзара дыбыстық үндестіктегі алты тармақты шумақтар. Ал он бір буынды ырғақтың тасымалдануы шарттылықтан шығып, қажетті, маңызды сипат алған. *Мөлдір шық Кірпік ілмей түніменен* деген құрылым тасымалдануы автордың субъективті мақсатынан туса, *Көз жұмды таңға жақын. Нанасың ба* деген бірлікте синтаксистік-логикалық ерекшелік негіз болып отыр. Таңғы шық тағдырын түйіндеп тастап, ойды үшінші тұлғаға бағыттайды. Яғни, шық тағдырына өзгелердің назарын аударғысы келеді. Екінші шумақта Абайдан таныс үлгі өзгеріске түседі. Бір ғана синтаксистік-логикалық құрылымдағы инверсия күрделі. Тармақтардағы дыбыстық үндестіктің әлсіздігі шумақ интонациясын күрделендіріп, ауызекі мәнерге жақындата түседі. Бұл философиялық, драмалық, символикалық өлең. Өлген шық, ауырған жүрек, асыққан нұр, өзен жағасы, көк шалғын арасы, маусымның он үші, беймәлім Ол, күркіреген өзен, жайқалған шалғын, ойнаған нұр, жарқыраған жазғы таң барлығы қайнаған тіршілік базарының бейнесі. Сол бұрқаған тіршілік ортасында мөлдір шық кірпік ілмей түнімен қинала қайтыс болады. Сол мәңгілік тіршілік ортасында мөлдір шыққа орын табылмады. Ол мөлдір шық адамның жанының бір сәулелі сезімі, пәк әуені болуы да мүмкін. Нұрдан жаралған бәрін сезгіш жүрек қана байқап, сол ғана жылайды, сол ғана жоқтайды. Аты аталып, түсі түстелмеген. Ол ше? Ол көре ме, Ол нана ма?..

Ақын өлеңдері ойға өзгеше өріс ашқандығымен құнды. Өлеңдер жинағының өн бойынан ішкі толысуды, жетілуді ғана емес, сыртқы, яғни, формалық ізденіс жетістіктерін байқаймыз.

Ұ.Есдәулеттің «Бозторғай» өлеңінің ырғақ негізін төрт буынды бунақтар ғана құрайды. Ашынған, ызалы лирикалық кейіпкердің ширыққан сезімін төрт буынды кестемен түзуінің мәні ашынған адамның ушыққан ызаға толы сәтін жанды, эмоционалды-экспрессивті бояуын шынайы жеткізу.

Жиі ашынам!

ен далада

миы ашыған

мен ғана ма? [4, 2476.].

4+4 өрнекті сегіз буынды өлшем дәстүрлі өлеңдерде ертеден бар және кең тараған үлгі. Осы өрнекті ұйқас арқылы жеке тасымалдай отырып, жаңа, әсерлі, жанды ырғақтық-интонациялық құрылым жасайды. Өлең құрылысының теориясында ұйқасушы сөздер

мағыналық тұрғыдан ерекше мәнге ие болады деген тұжырымға орай, бұл өлеңде ұйқасқан әрбір сөзге зор мағына сыйғызылып, ерекше эмоционалды-экспрессивті маңыз алған.

Қазіргі поэзиядағы жаңа ырғақтарды саралағанда ақындардың осы күнге дейін негізі бар, бірақ өз дәуірінде қабылданып, кең қолданысқа енбеген дербес өлшемдер мен олардың сабақтастығының орнықтыру бағытында өріс алған. Он буынды, тоғыз буынды, он үш буынды өлшемдер поэзияның өзге дәстүрлі өрнектерімен қатар кең құрылымдық айналымға еніп қана қоймай, олардың өзге ырғақтық жүйелермен сабақтасып, біртұтас ырғақтық-интонациялық тұтас жүйе құру мүмкіндігі артты. Он буынды өлшемнің қазақ поэзиясында белгілі 4+3+3, 4+4+2, 3+3+4, 2+3+2+3 сияқты өрнектерінің барлығы қазіргі қазақ өлеңіне құрылымдық жүйе ретінде беки қойған жоқ. Олардың арасында 5+5,4+4+2 өрнектерінің кең таралу мүмкіндігі анықталды.

Қазіргі поэзияда қысқа бір буынды тармақтар да аса ұзын отызға жуық буынды тармақтарда ырғақтық жүйе ретінде орын алып, лирикалық және эпикалық жанрларға құрылымдық негіз болып келеді. Қысқа тармақтар лирикалық шағын жанрларға тұғыр болып, ұзын тармақтар ойға кемел, сезімге сыйымды эпикалық жанрлардың жүгін көтеріп, белгілі өлшемдердің семантикалық сипаты айқындала түсті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Медетбек Т. Таңдамалы. 2 том. – Алматы: Жібек жолы. – 2005. – 285 б.
- 2 Раушанов Е. Бозаңға біткен бозжусан. – Алматы: Раритет, 2005. – 195 б.
- 3 Қошым-Ноғай Байбота. Тәңір таразысы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 218 б.
- 4 Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. – 264 б.

#### Резюме

Казахская поэзия преобразуется в соответствии с тенденциями развития народа. Одной из тенденций его развития является создание поэзии в мелодике толгау. В этих стихах, имеющих сложную структуру, написанных вольным ритмом, поднимается тема истории страны и современная действительность казахского народа. Эти стихи написаны в контексте идей Мангилик Ел и соответствуют концепции современного развития государства и его Духовного возрождения.

#### Resume

Kazakh poetry is changing in accordance with the development trends of the people. One of the tendencies of its development is the creation of poetry in the melody of the *tolgau*. In these verses, which are written on a complex structure based on a free rhythm, the theme of the history of the country and the modernity of the Kazakh people are raised.

These poems are written in the context of Mangilik El ideas and are aimed at the concept of modern state development, Spiritual Revival.



## СТУДЕНТТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУДИО ЖӘНЕ БЕЙНЕҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**Н.Ж. ҚҰРМАН**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу  
мемлекеттік университетінің

Қазақстан филиалы

**Д.М. ЖОЛМАКОВА-ДЖАРБУЛОВА**

аға оқытушы

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу  
мемлекеттік университетінің

Қазақстан филиалы

### **Аннотация**

Студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта оқулық материалдары мен жаттығуларды қолдану жеткіліксіз танытатыны белгілі. Сондықтан да көздеген мақсатқа сай аудио және бейнеқұралдарды қолдану аса қажетті болып табылады. Мақалада бейнемәтінмен жұмыс жасаудың тиімділігі дәлелденеді.

*Түйін сөздер:* коммуникативтік бағытты, бейнеқұралдарды қолдану әдісі, түс бейнесі сюжеті, көрініс, оқу-танымдық үдеріс.

Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік бағытты ұстану қалыпты жүйеге түсті деп айтуға болады. Бұл ретте дәстүрлі сабақтар грамматикалық ережеден басталатын болса, ендігі ретте студентті түрлі сөйлеу жағдаяттарына түсіріп, сол арқылы тыңдап түсіну, сөйлеу, сөйлесу, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру және дамыту көзделетіні туралы айтылып отырғаны белгілі.

Қазақша коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, сабақ сайын дамытып отыру үшін оқытушының кітап пен жаттығуларды ғана қолдануы жеткіліксіздік танытатыны белгілі. Сондықтан да көзделген мақсатқа сай, аудио және бейнеқұралдарды молынан қолдану аса қажетті болып табылады.

Екіншіден, қазақ тілін заманауи құралдар арқылы оқыту студенттерге болашақта өз бетімен қазақша сөйлеу тілін дамыта беруі үшін қажет болатын ақпараттық-коммуникациялық құралдар жүйесін жинақтап алуына көмектеседі.

М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалының студенттеріне қазақ тілін оқытуда жинақталған аудио және бейне қосымша құралдарының жүйесі мазмұны мен қолданылу сапасы жыл сайын жаңадан шығарылып жатқан заманауи құралдармен толықтырылып келеді. Қазақша аудио құралдар CD тасушылары арқылы және сайттардағы контенттерді қолдану барысында қолжетімді болады.

Бұл ретте вебсайттар арқылы танысатын бейнефильмдер мен аудиокітаптардың да көмегі зор екенін атап кету керек. Бір жағынан, қазақ тілін оқыту саласын жыл сайын толықтырып жатқан мол құралдары жүйесін атайтын болсақ, екінші жағынан, сабақтарды қазақ тілінде жүргізу және қазақ тілін үйретуде аударма әдісінен гөрі тікелей оқыту әдістері кеңінен орын алып келе жатқанын атап кетуге болады. Сондықтан да аудио және бейнеқұралдарды қолданудың тиімділігі арта түседі.

Қазақ тілін студенттерге тиімділікпен үйретуде аудио және бейнеқұралдарды қолданудың мынадай мүмкіндіктері бар:

- студенттің көз алдына коммуникативтік жағдаятты толыққанды түрде көрсетуге және сол жағдаятқа байланысты лексиканы толық тыңдатуға мүмкіндік болады;

- студенттер қазақша сөйлесіп тұрған кейіпкерлерді тікелей көріп және тыңдап отырады, олардың бет-бейнесін, ым, мимикасын, қолдарын сілтеу, денесін қозғалтудың сөйлеумен байланысты беретін мағынасына назар аударады;

- студенттер қазақша сөз қолданысты тыңдап және кейіпкерлерді тікелей қарап қана қоймайды, сонымен қатар, бейне көріністе болып жатқан оқиғаның қандай кеңістік пен қандай уақытта болып жатқанына да назар аударып, коммуникативтік жағдаяттың аясын кең түрде тани алатын болады;

- кейіпкерлердің жас ерекшелігіне, олардың сөйлесу барысындағы өзара түрлі қатынастарын (жақсы көру, жек көру, ренжу, қуану, таңғалу т.б.) сезімдері арқылы тани біледі;

- болып жатқан сұхбаттың формалды немесе еркін екенін тани алады, соған байланысты қолданылатын сөздік қордың ерекшелігін аңғарады.

Қазақ тілі қоғамдық-әлеуметтік ортада кең қанат жайып келе жатқанымен, студент жастар әлі де болса, аудиториядан тыс жерде қазақша толыққанды сөйлеспейтіні белгілі. Қазақ тіліндегі әлеуметтік-тұрмыстық сөйлеу жағдаяттарында еркін және табиғи қарым-қатынас жасай беруі үшін, студенттердің сөздік қорында түрлі коммуникативтік жағдаяттардың дыбыстық және көру ақпараттары

болуы керек. Ал аудио және бейне құралдар болса, мұндай істе жақсы көмекшілік қызмет ететіні белгілі.

Бейнеқұралдарды қолдану әдісі, негізінен, көрнекілік әдіске жатады. Бұл әдістің білім берудегі және студенттерге тәрбиелік ықпал етуге қосатын үлесі зор. Осынысымен де қазақ тілін оқытудың тиімділігін көтере алады. Өйткені көрнекі түрде берілген білімдік ақпарат студент үшін қабылдауға жеңіл және есінде сақтауға, еліктеу арқылы үйренуге оңайлық әкеледі. Оған қоса, студенттердің қызығушылығын тудырады.

Әрине, ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму қарқынына қарамастан, студенттердің қазақ тілі сабақтарынан тыс уақытта қазақша сөйлеу және сөйлесу қажеттілігін қанағаттандыратын контент интернетте толыққанды жеткілікті деп айту қиын. Сондықтан бейнеқұралдарды таңдауда олардың білімдік, коммуникативтік, тәрбиелік, мәдени-ақпараттық мазмұнды болуына баса назар аудару керек. Дайын бейнефильмдердің бір артықшылығы, осы аталған, яғни, білімдік, тәрбиелік, мәдени ақпараттар арқылы табиғи тілдік жағдаяттарды тыңдай және көре алатындығында. Сонымен қоса, осындай бейнефильмдерде қазақ тілінің ғана емес, қазақы өмір тұрмысының, салты мен дәстүрінің нәрлі көріністері мол болып, олар өз кезегінде студенттердің санасына игі әсер ететін болады. Бейнефильмнен табиғи қазақы коммуникативтік жағдаяттарды тыңдау және көру арқылы студенттерге бейнефильмдегі кейіпкерлерді қоршаған ортаны қабылдауына да игі әсерін тигізеді.

Студенттердің қазақ тіліндегі қызықты қолданыстарды түсініп тыңдауы және ол айтылымдардың кейіпкерлерді ренжітуі, күлдіруі, ашуландыруы, келісімге келтіруі т.б. әрекеттері тыңдау және көру арқылы бірден есінде қалып, «тілдік аяға еніп», еркін сөйлеу ерекшеліктеріне дағдыландырады. Бірақ бейнефильмдегі сюжетті қуалап кетіп, ондағы тілдік қолданыстарға назар аударылмай қалуы басты назарда болуы керек. Сондықтан да бейнеқұралдармен жұмыс жасаудың жүйелі бірізділікке түсірілген әдістемесі болуы керек.

Бейнефильмнің ерекшелігі – ол тек көру құралы ғана емес, тыңдау да құралы. Сондықтан да аудиоқұралмен жұмыс жасау әдістемесі де оқытушыларға жақсы таныс болуы дұрыс. Мұның өзі, бір жағынан қарағанда, интенсивті, яғни білімдік ақпаратты қарқынмен қабылдау болып табылады. Студенттің барлық сезімдік қабылдау каналдары жұмыс жасап, түрлі психикалық әрекеттерін, соның ішінде зейіні мен есін, ойлауы мен тілін дамытудың негізін қалайды.

Бейнематериалмен жұмыс жасау барысында студенттердің шығармашылық ойлауы мен шығармашылық үдеріс негізінде

қолданылатын сөйлеу тілі қалыптасады. Өйткені тыңдау және бейнематериал – оқу әрекетінің қарқынмен өтуіне шығармашылық тұрғыдан ықпал ететін құралдар. Оқу-танымдық әрекеттің жүзеге асырылуында шығармашылық компоненттің болуы өте маңызды екені белгілі. Шығармашылық компонент қатысқан оқу-танымдық үдерісте студент тек білім алушы не тіл үйренуші ретінде емес, түрлі өмірлік жағдаяттарда өзінің келбетін көрсете алатын тұлғалық дәрежеге көтерілуі мақсат етіледі. Бұл тұтас білім беру үдерісінің үлкен құндылығы болып табылады.

Қандай білім алу үдерісі болса да, ол «білмеуден» «білуге» қарай жүретін танымдық қайшылық үдерісі болып саналады. Осы қайшылықты шеше отырып, студент тақырыпты игеру барысында бір сатыға көтеріледі. Ол саты тыңдау және бейнематериал арқылы жаңа білім мазмұнын игерген студенттің жаңа сөздерді үйренуі, өз ойын айта алуы екені белгілі. Студенттің шығармашылық ойлауын дамыту үшін қазақ тілі сабақтарында шығармашылық үдерістің жақсы да әдемі моделін көрсетіп, тыңдату маңызды. Қазақ тілінде сөйлесетін кейіпкерлердің дыбыстық қабығы ғана емес, лексикалық мазмұны да ұлттық және эстетикалық құндылығы жағынан биік болуы міндетті. Бейнефильмді ұжым болып көру арқылы аудиторияда психологиялық жайлы күй орнап, студенттер ақпаратты еркін қабылдауы арқасында барынша мол ақпарат алуға тырыса бастайды.

Қазақ тілін оқыту барысында осындай сабақтарды жиі қолдану арқылы қазақ тілін оқыту үдерісін қарқындатудың және студенттердің қазақша тілдік және әлеуметтік мәдени құзыретін қалыптастырудың мүмкіндігі зорая түседі. Қазақ тілі сабақтарында бейнеқұралдарды қолдану барысында басшылыққа алынатын кейбір жағдайларды ұмытпаған дұрыс. Олар студенттердің тыңдау және бейнематериалдарды жақсы қабылдап, меңгеріп алуына тірек жасайды. Атап айтатын болсақ, ең алдымен, іріктелінген тыңдау және бейнематериалдары студенттердің тіл білу деңгейіне сәйкес болуын қадағалау керек. Екіншіден, тыңдау және бейнематериалдары оқу бағдарламасындағы тақырыпқа сәйкес болуы керек.

Тыңдау және бейнематериалдарды қолдану оқу мәтінімен және жазумен байланысты болуы тиіс. Сонда тыңдау және бейнематериалдар тұтас сабақты қамтымай, өзінің шамасымен қолданылуы керек екендігі белгілі болады. Бейнематериалды оқытушы өте жақсы меңгеріп алған соң, оның қай фрагментін қай жерде және неліктен қолданатынын анықтап алады. Ол фрагменттің ішінде студент назар аударуы тиіс басты, негізгі тілдік және көрініс материалдарына қатысты **бірінші кезеңде** көруалды тапсырмаларын орындатып алады.

Ал **екінші яғни бейнефрагментті көру кезеңінде** ондағы әрбір деталь қазақ тілін үйреніп отырған студент үшін пайдалы болу жолын ойластыру керек.

**Үшінші, яғни бейнематериалды көріп болған соңғы кезеңде** оқытушы студентпен қандай бекіту жұмыстарын жүргізетіні де тілдік материалмен тығыз байланысты дайындалады. Сонда тыңдау және бейнематериалмен жұмыс жасаудың да кітаппен, мәтінмен, сурет-иллюстрациялармен жұмыс жасау сияқты екенін көріп отырмыз. Оларда да көрсетілгендей үш кезеңді қамтитын әдістемелік жүйе қолданылады: алдыңғы кезең (pre-viewing), нақты материалмен жұмыс жасау кезеңі (while viewing), соңғы кезең ((post) after-viewing).

Интернет ресурсты қолдана отырып, студенттің оқытушының жетекшілігімен және өз бетімен «Қыз Жібек» жырын тыңдату да үлкен тиімділікке қол жеткізеді. Интернеттен [1] сайтындағы мәтін бойынша тыңдау тапсырмалары мен сөйлеу, сөйлесу тапсырмаларын мол етіп түрлендіріп қолдануды ұсынуға болады.

Жырдан үзінді тыңдату, оқыту, көру бойынша тапсырмалар орындатылады

#### **Тыңдау тапсырмалары.**

❖ Аудиоқұралдан сөздерді тыңдап, олар туралы айтып беріңдер.

❖ Тыңдаған сөздер мен берілген суреттерді өзара сәйкестендіріңдер.

❖ Бейне материалдан қысқаша диалог тыңдап, берілген сөздердің қайсысы онда кездескенін атаңдар.

❖ Мәтіннен үзіндіні тыңдап болған соң қағаздағы мәтінді оқыңдар.

❖ Мәтінді қағазға қарап тыңдаңдар және көне заманда қолданылған сөздерді белгілеңдер.

❖ Бейнематериалдан сюжетті қараңдар және қағаздағы мәтіннен осы көріністі сипаттаған тұсын тауып оқыңдар.

Осыдан кейінгі сабақтарда «Қыз Жібек» фильмі көрсетіледі және сол бойынша тапсырмалар орындатылады.

«Қыз Жібек» фильмінен көрсетілген сюжеттердің барлығы студенттердің шығармашылық ой толғанысын айтуға тірек бола алады. Бірақ тапсырмаларды студенттер аса қызығып орындауы үшін, фильмнің басталған тұсынан 1-2 сюжет, шырқау шегі кульминациялық тұсынан 1-2 сюжет, фильмнің соңғы тұсынан 1-2 сюжет көрсету дұрыс болады.

Бейнематериалды көру кезеңіндегі тапсырмалар:

❖ Студенттерге сюжеттер бойынша өз ойларын айтқызу.

❖ Сюжетті көріп болған соң оның жалғасына болжам жасату.  
❖ Егер фильмнің соңы ұнамаса, оны қалай етіп өзгертуге ұсыныс бересің?

❖ Сюжетті көріп отырып, естіген сөздері мен көрген бұйымдардың атын жазып отыру.

❖ Сюжетті сәл көріп, тоқтатып, тұтас репликаларды жаздыру.

❖ Кейіпкерлерге ауызша және жазбаша мінездеме беру.

❖ Сюжеттегі оқиғаның өтіп жатқан жерін, орнын сипаттау.

❖ Сюжетке, тұтас фильмге рецензия беру.

❖ «Мен түсіретін кино» тақырыбы бойынша сценарий жаздыру.

Әрине, бейнефильм бойынша жүргізілетін жұмыстың түрі өте көп екені белгілі. Өйткені мұнда студентті қазақша сөйлеуге, өз ойын айтуға жетектейтін әдіс пен тәсілдердің түрі де жеткілікті.

Дәл осылай, Әбу Насыр әл Фараби туралы тақырыпта ғұламаның өлеңдерін интернет ресурстан [2] сайты арқылы тыңдатуға болады. Ғұламаның «Тамылжып бал тыныштық айналаман», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» деген өлеңдерімен сабақта жұмыс жасау да өте қызықты, нәтижелі болады.

Сонымен бірге, тиімді аудио материалдар ретінде тәжірибемізде қолданған, студент жастар үшін өте қызықты шығарма Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романын оқытудың да жақсы нәтижелі болғанын атап кеткіміз келеді. Бұл кітаптан үзінді оқу барысында интернет ресурстағы [3] сайтынан мәтінді өздеріне дауыстап оқытуға болады.

Қорыта келгенде, бейнемәтінмен жұмыс жасаудың аудиодан және қағаздағы материалдардан, суреттерден артықшылығы көп екенін атап өтеміз.

Бейнематериалдарда тек сөйлеуді естіп қана қоймайды, қазақ тілінде сөйлеуде іске асып жатқан түрлі эмоциялық ерекшеліктерді де үйренеді. Сонымен бірге, қазақтың түрлі ұлттық реалияларымен танысып-біледі, оларды салыстыруды, өзіндік ерекшелігі бар тұстарына талдау жасауды үйренеді. Бұлардың барлығы студенттерде қазақ тілін үйрену мотивациясына игі ықпал етіп, оқу және шығармашылық табыстарға тірек болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. [http://ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5126-qyz\\_zhibek](http://ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5126-qyz_zhibek)
2. <http://ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5117-olengderi>
3. <http://ikitap.kz/reader/tkbnlrktgb>

### Резюме

Основное содержание исследования составляет использование технических средств обучения на уроках казахского языка для организации успешного учебного процесса.

Для привития интереса у студентов к урокам казахского языка авторы данной статьи предлагают использовать такую форму работы как просмотр фильмов с подготовленными речевыми заданиями, комментариями на казахском языке. Как показывает практика, данный вид деятельности благотворно влияет на результаты качества обучения .

### Resume

The main content of the study is the use of technical teaching aids in the Kazakh language class to provide a successful educational process.

In order to inculcate in students an interest in the Kazakh language lessons, the authors of this paper suggest using such a form of work as watching films in Kazakh with prepared speech tasks and comments in the Kazakh language as well. As practice shows, this type of activity has a beneficial effect on the results of the quality of education.

## РЕТПРОСПЕКТИВНОЕ ОПИСАНИЕ ГЛАГОЛОВ РУССКОГО ЯЗЫКА

**Л.Г. МУКАЖАНОВА**

кандидат филологических наук, профессор,  
Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева

### **Аннотация**

Статья посвящена созданию генетической типологии отыменных конфиксальных глаголов русского языка. При классификации автор учитывает несколько признаков, среди которых наиболее важными являются функциональность производящего слова и сохранение структурно-семантической связи между производным и производящим словами.

*Ключевые слова:* отыменный глагол, деривация, конфикация, функциональная единица, этимология, активная и пассивная лексика, синхрония и диахрония.

Одним из проявлений системного характера языка является существование словообразовательных типов и моделей, которые, в свою очередь, позволяют восстановить путь появления новых лексических единиц. Особую группу среди них составляют так называемые родственные слова, объединенные в одну парадигму – словообразовательное гнездо (далее сокр. СГ), исходящей единицей которого является производящая основа (слово) для всего СГ.

Особое внимание в русском языке привлекают глаголы, варианты которых функционируют во многих современных славянских языках и сохраняют значение в течение длительного периода истории языка. Следует отметить, в некоторых случаях со временем меняется их стилистическая принадлежность.

В данной статье представлены результаты исследования глаголов русского языка, которые объединены по именной производящей основе и наличием в составе двух аффиксов – префикса и суффикса (или конфикса), присоединенных, как показывает исторический аспект, в некоторых случаях к основе поочередно. Эти отыменные глаголы с точки зрения современной деривации представляют различные группы. Так, нами выделено пять групп глаголов, каждая из которых имеет свои четкие дефиниции. При составлении данной



типологии нами учитывалась, во-первых, возможность поиска производящей основы (слова) в виде глагола, в виде существительного, в виде прилагательного. Во-вторых, учитывалось функционирование производящего слова в современном русском языке. В-третьих, важным признаком является последовательность присоединения словообразовательных аффиксов – приставок и суффиксов, их очередность или одновременность присоединения к производящей основе.

В результате классификация включает пять групп (или типов) отыменных конфиксальных глаголов:

1. Отыменные конфиксальные глаголы, представляющие разные стилистические группы. Их производящие основы являются функциональными в современной лексике. Среди них глаголы, утратившиеся суффицированные единицы которых имеются в словаре В.И. Даля. В этот тип вошла большая часть слов (93 %). Эту группу составили глаголы, нашедшие свое отражение в Большом академическом словаре (416 единиц: *взбеленить, обожествить, соболезновать, обуревать, возвеличить, вызволить, сглазить, одолжить, вывездить, окаменить, раскрепостить, внедрить* и др.), а также глаголы, образованные в течение последних двадцати лет. «Словарные материалы» свидетельствуют о регулярном и продуктивном характере конфиксальных словообразовательных типов и моделей в современном языке. Конфиксальные типы находят успешное применение не только в образовании узуальных лексических единиц, т.е. в сфере статума (*располовинить, подчелночивать, пошурупить, забронзовать, омонголиться, прикнопить, выструниться, привенериться, осердечить, обуранить, окоротеть, засерьезнить, приякорить, удифферентовать* и т.д.), но и в производстве окказионализмов. Активное использование конфиксальных формантов для деривации окказионализмов подтверждает тот факт, что почти половина исследуемого материала является глаголами окказионального употребления (*распараллелить, подсеминарить, опортфелиться, обеззвездиться, замедицинить, закапризнить, поднародиться, обеззакететь* и др.). Из них треть имела в прошлом суффицированные образования (*воскрылить, выдворить, обвиноватить, оголодить, огорошить, отсрочить* и т.д.). Среди глаголов данного типа представлены единицы и пассивного запаса лексики:

1) диалектные (*расслеповать, кур., тул., по словарю В.И.Даля*);

2) устаревшие (*обвестить, изволить, обмиричить, огромить, приручить, совокупить, окаменить, укоснить, обезнародить, поновить, пересрочить, охуждать, заушить* и др.);

3) областные (*набедить, убволить, передолить, обезживотеть «заболеть», обезживотеть «обеднеть», затраветь, переуголить обрыбиться, присударивать* и др.);

4) просторечные (*обрюхатить, просолеть, выпередить, упламенить, позавиствовать, обеднять, прикарманить, задубеть, объегорить, закозлить, покрасиветь, получить, заненастить, занепогодить, опаскудеть, выпростать, настропалить, прищучить, осточертеть, офонареть* и др.);

5) разговорные (*вкоренить, засерьезнить, зашторить, обезголосеть, угораздить, погордеть, огорошить, пригубить, раздобрить, обездометь, обезденежить, пожирнеть, обжулить, занездоровиться, окрылить, улетучить, разненаститься, опешить, сплеховать, испошлить, надоумить* и др.);

6) специальные (*зафлюгеровать, облесить, опреснить, обсоюзить, расцебенить, одревеснеть, заземлить, затоварить, обесточить, запесковать, забытовать, оребрить, забортовать* и др.).

2. Отыменные конфиксальные глаголы, производящие основы которых являются утраченными в литературном языке, отмечены словарем В.И. Даля. В данном словаре частично представлены и их суффиговые глаголы. Эту группу составили 25 единиц, среди них 19 имели суффиксальные образования. Глаголы данного типа представляют собой функционирующие единицы:

1) просторечные (*изредить, набекренить, напроворить, наблошнить* и др.);

2) устаревающие (*упредить, обуять, угобзить, перетонить*);

3) диалектные (*обрыднуть, перебутырить, смягнуть*);

4) специальные (*отволожить, утонить*);

5) общеупотребительные (*удостоить, удручить, закавычить, раскавычить* и др.).

3. Отыменные конфиксальные глаголы, производящее имя или именное сочетание которых подверглись утрате и восстанавливаются этимологически, чьи суффиговые глаголы частично отмечаются В.И. Далем и И.И. Срезневским. Этот тип составляют около двух десятков глаголов, из которых лишь пять имели суффиговые производящие: *прикорнуть, запоздать, опоздать, припоздать, подсудобить*. Большая часть конфиксем этой группы относится к функционирующему уровню:

1) общеупотребительные (*обезопасить, обеспечить, водрузить, заимствовать, воскресить, воскреснуть, понадобится, обнаружить, опосредовать, запоздать, опоздать*);

2) просторечные (*закорюзнуть, обмишулить, припоздать, подсудобить*);

3) разговорные (*прикорнуть, заскорюзнуть*).

4. Отыменные конфиксальные глаголы, производящие основы которых отсутствуют в 17-томном словаре русского языка АН СССР, в словаре В.И. Даля. Не фиксируется и суффиговый глагол. И то, и другое являются полностью утраченными, т.е. сферы полной утраты лексем, и восстанавливаются этимологически. Этот тип образовали следующие глаголы: *подражать, назидать, созидать, прекратить, сократить, укротить, посетить, создать*. Все глаголы функционируют в общеупотребительной сфере.

5. Отыменные конфиксальные глаголы, производящие основы которых также полностью утратились и претерпели процесс опрощения в глагольных образованиях (*застить и потчевать*). Глагол *потчевать* имел суффиговый глагол *чьстити*.

Таким образом, в основу данной генетической типологии отыменных конфиксальных глаголов положена идея динамического образования производных единиц, требующая исследования этих единиц в синтагматическом плане. Синтагматика словообразовательного процесса включает все операции и шаги, в результате которых конечной единицей является отыменный конфиксальный глагол.

Анализ исследования данных глаголов в динамико-синтагматическом аспекте показывает, что конфикация включает три единицы – производящее имя, суффиговый глагол и конфиксему. Вторая единица (амитема) может быть восстановлена не для всех случаев. Фиксация второго звена этой цепи подтверждает мысль о том, что конфикс как формант образован из отдельно прикрепленных и существовавших самостоятельно формантов (и морфем) - приставки и суффикса. Полная и частичная формально-семантическая соотносительность между производными именами и производными глаголами проявляет себя в разной степени, в зависимости от которой и выделены пять типов отыменных конфиксальных глаголов

Языковая система представляет собой сложное динамическое явление, включающее двусторонний процесс: с одной стороны – постоянное обновление языковых единиц, с другой – их постоянное исчезновение из сферы употребления.

Таким образом, динамический характер языковых единиц особенно четко проявляется в системе словообразования и лексики. Обнаружить это проявление помогает этимология, используемая при синхроническом и диахроническом словообразовательных анализах лексических единиц. Результаты такого анализа позволяют внести уточнения в трактовку слов с позиции ретроспективного взгляда на них.

Нами были проанализированы глаголы русского языка, образованные от именных производящих основ при помощи конфиксации. Основопологающим принципом нашего исследования было признание единства синхронии и диахронии, представляющих собой два разных, но последовательно связанных пласта в образовании русского слова.

Как показал анализ, в систему конфиксальных глаголов следует включить, во-первых, единицы, обнаруживающие эксплицитную формально-семантическую связь со своими производящими (*обезголовиться, удевятиреть, прикнопить, окрылить, намалосолить*), во-вторых, единицы, интерпретируемые с позиции современного состояния языка как непроизводные нечленимые (*прикорнуть, назидать, создать, потчевать*) и, в-третьих, оцениваемые в современном словообразовании как непроизводные членимые (*соблазнить, обеспечить, воскреснуть, победить, упразднить*). Глаголы второго и третьего ряда относятся к непроизводным потому, что среди слов современного языка они не обнаруживают своих производящих, либо ими утеряна мотивационная связь с производящими. Два последних момента объясняются двумя причинами, вытекающими из процессов функционирования и развития языка: формально-семантическая связь между производящими и производными теряется в силу либо семантического сдвига одной из этих единиц, либо производящее выходит из употребления вообще и прекращает свое функционирование. Таким образом, можно полагать, что производное и производящее являются единицами разных пластов лексики функционирующего языка.

Этимологическое исследование подобных глаголов показало, что их образование преимущественно получено по образцу, когда префикс и суффикс присоединялись отдельно как поочередно прикрепляемые форманты к производящему. Сначала существовало имя, затем от него образовывался суффиксальный глагол, и только потом префиксацией уже суффицированного глагола была получена конечная глагольная единица. Образования конечного этапа отнесены к конфиксальным потому, что промежуточные суффиксальные глаголы образуются не для всех случаев, а если и образовывались, то они не сохранены в

современном русском языке и, соответственно, не могут выступать в качестве производящих для последующей словообразовательной ступени производности.

Исследование динамики формирования конфиксальных глаголов велось с учетом двух планов, относящихся к сфере производящего: во-первых, состояния производящего с точки зрения синхронии, его функциональной характеристики и, во-вторых, наличия отыменных суффиксальных единиц и их фиксации в лексикографии досовременного состояния – в словарях И.И. Срезневского и В.И. Даля.

Производящие именные основы представляют собой разные состояния и стадии развития языка, и этот факт получил отражение в разнокачественных способах их выявления. Так, для глаголов *обожествить*, *обуревать*, *уведомить*, *навестить*, *улучшить*, *приурочить* производящими являются существительные и прилагательные, единицы статального уровня – *божество*, *буря*, *ведомый*, *весть*, *лучше* (*лучший*), *урок*, функционирующие в современном литературном языке. Среди них наблюдаются случаи, когда производящее частично подвергается исчезновению, т.е. при своем функционировании теряет одно из значений, которое явилось в свое время производящим для глагола, и это значение продолжает сохраняться в производной единице. В формально-смысловой структуре производного глагола содержится легко вычленимый компонент утерянного значения, так как это значение получает в производном эксплицитный характер. Так, например, глагол *приурочить* образован от существительного *урок* в значении «срок», которое утрачено в современном слове *урок*, обросшем другими лексико-семантическими вариантами, но утраченное значение продолжает существование в своих производных глаголах и глагольных формах.

Выделяется группа глаголов, представляющих собой позднюю стадию развития языка по сравнению с производящими, утратившими свое функционирование в современном русском языке, соответственно, не входящими в его статальный состав и не отраженными в современных лексикографических источниках. Эти производящие выявлены благодаря словарям В.И. Даля и И.И. Срезневского, фиксация в которых дает возможность определить формально-семантические корни для дошедших до нас глаголов. Так, глаголы *соблазнить*, *набекренить* (*прост.*), *обуять*, *удостоить*, *притулить* и др. являются производными от исчезнувших из современного языка слов *блазнь* ('соблазн'), *бекрень* ('кривой'), *буй* ('смелый, драчливый'), *достой* ('приличие'), *туль* ('скрытое') и др.

Еще более отдаленными во временном срезе являются производящие для глаголов, функционирующих в современном литературном языке, таких как *обезопасить*, *обеспечить*, *водрузить*, *заимствовать*, *подражать*, *назидать* и т.д. Подобные случаи свидетельствуют о длительном употреблении и стабильном, устойчивом функционировании глаголов, образованных от именных основ, которые, по сравнению со своими производными, этими свойствами не характеризуются и являются полностью утраченными. Здесь следует отметить несколько отличающихся друг от друга фактов. Прежде всего, необходимо выделить группу конфиксальных глаголов, производящие основы которых восстанавливаются только этимологически. Иначе говоря, именные слова и сочетания не отмечены ни в современных словарях, ни в словарях И.И. Срезневского, В.И. Даля. Их выявлению способствуют результаты этимологического анализа, позволяющие найденные структурно-семантические единицы маркировать как производящие для глаголов. Так, например, этимологический анализ глаголов *обезопасить*, *обеспечить*, *водрузить*, *заимствовать*, *подражать*, *назидать* и т.д. выявляет их производящие – без опасы (Н.М. Шанский, ‘без страха’), *без печь* (Н.М. Шанский, *пека* ‘забота’), *друг* (‘палка’), *имьство* (И.И. Срезневский, ‘богатство; свойство’), *драга* (И.И. Срезневский ‘дорога’), *здь* (И.И. Срезневский, ‘глина’) и т.д.

К числу подобных единиц можно причислить глаголы, производящие которых выявляются тоже при помощи этимологического анализа. Выделение этих производящих, в отличие от предыдущих случаев, сопряжено с большими трудностями, обусловленными большей временной отдаленностью производящих от их производных, а значит, и большей подверженностью различным историческим языковым законам, процессам, которые явились причиной их большей внешнефонетической модификации. Так, глаголы *застить* и *потчевать* этимологически восходят к существительным *стѣнь* (‘тень’) и *чьсть* (‘честь’), которые претерпели процесс опрощения в глагольных образованиях.

Исследование поведения конфиксальных глаголов показывает, что для них характерно образование через словообразовательные форманты. Этот аспект исследования по праву относится к динамическому, так как производящие имя и именное сочетание, суффиксальный отыменный глагол и образованная от него при помощи префикса глагольная единица представляют собой три звена одной цепи, в которой второе звено не во всех случаях присутствует и является посредником между первым и третьим звеньями. Бывают случаи, когда первое и третье звенья вступают в непосредственную словообразовательную связь без суффиксального глагола. Среди исследуемых единиц, в морфемном составе которых на

диахроническом уровне можно вычленить конфиксальный формант, некоторые в прошлом имели две производящие основы – одну непосредственную (суффиксальный глагол), другие – опосредованную (именную). К подобным глаголам относится большая группа, в числе которых *набедовать* (В.И. Даль, *бедовать*), *соболезновать* (В.И. Даль, *болезновать*), *обезденежить* (В.И. Даль, *денежить*), *обезденежить* (В.И. Даль, *денежить*, *деньги*), *окрылить* (В.И. Даль, *крылить*, *крыло*), *оросить* (В.И. Даль, *росить*, *роса*), *отсрочить* (В.И. Даль, *срочить*, *срок*), *соблазнить* (В.И. Даль, *блазнить*), *обуять* (В.И. Даль, *буйать*), *удостоить* (В.И. Даль, *достоить*), *запоздать* (В.И. Даль, *поздать*).

Образование глаголов *подражать*, *назидать*, *создать*, *прекратить*, *сократить*, *укротить*, *посетить* шло по тому же пути, что и предыдущие глаголы: от имен *драга* (И.И. Срезневский, ‘дорога’), *зьдь* (И.И. Срезневский, ‘глина’), *крать* (‘короткий’), *кроть* (‘короткий’), *сѣть* (Н.М. Шанский, ‘гость’) образовались сначала суффиксальные глаголы, затем от последних префиксацией были получены глаголы, названные выше.

Отметим, что лексикографические источники свидетельствуют о нерегулярности такого способа образования, так как не для всех конфиксальных глаголов фиксируются их суффиксальные производящие. В большинстве случаев, судя по словарям И.И. Срезневского и В.И. Даля, современные конфиксальные глаголы образованы по аналогии с глаголами, включающими в свою формальную структуру префикс и суффикс, являющимися словообразовательными формантами двух словообразовательных шагов – суффиксации, затем префиксации. Так, *обожествить*, *овеществить*, *огосударствить*, *одомашнить*, не имеющие суффиксальных образований, возникли из именных основ *божество*, *вещество*, *государство*, *домашний* по аналогии с глаголами *обеднить*, *оголодить*, *огорошить*, *окаменить*, образованных от утраченных суффиксированных глаголов *беднить*, *голодить*, *горошить*, *каменить*, восходящих, в свою очередь, к прилагательному *бедный* и суффиксальные единицы, наличие которых свидетельствует о возникновении конфиксального форманта из отдельно функционировавших его компонентов, прикреплявшихся поочередно как самостоятельные

существительным *голод*, *горох*, *камень*. Глаголы *угораздить* (разг.), *увлажнить*, *укоснить*, *упрочнить* (их производящие *гораздый*, *влажный*, *косный*, *прочный*) образованы по аналогии с глаголами *увлажнить* (В.И. Даль, *влажить*, *влага*), *спешить* – по аналогии с *сглазить* (В.И. Даль, *глазить*), *отстранить* – по аналогии с *отбоярить* (В.И. Даль, *боярить*, *бояре*) и т.д.

Таким образом, динамический аспект исследования отыменных конфиксальных глаголов приводит к их производящим. Они являются либо сохранившимися в современном литературном языке (*горох, деньги, люди, роса*), либо утратившимися (*блзнь, бекрень, буй*) и восстанавливающимися только этимологически (*опась, пека, имьство, кресь*), в том числе претерпевшими процесс опрощения в своих производных (*стЬнь, чьсть*) и производящих суффиксального образования, существование которых можно предположить, лишь ссылаясь на данные исторических и этимологических словарей (*горошить, блзнить, корнуть, поздать*).

Учет поведения производящих основ относительно их производных конфиксальных глаголов в спектре временного состояния языка, их существования и функционирования в современном русском литературном языке, в его статальном ярусе позволяет наметить некоторые закономерности, признаки которых и легли в основу создания генетической типологии отыменных конфиксальных глаголов в динамическом аспекте.

#### Список литературы

1 И.И. Срезневский. Материалы для словаря древнерусского языка. В трёх томах. Репринтное издание. — М.: Знак, 2003. — [ISBN 5-94457-094-6](#), [ISBN 5-94457-095-4](#), [ISBN](#)

2 В.И. Даль. Толковый словарь живого великорусского языка: Т. 1-4.— М.: Русс. яз., 1989—1991. — [ISBN 5-200-00748-8](#)

3 Н.М. Шанский. Этимологический словарь русского языка. - М.: Изд-во Московского университета. Т. 1. Вып. 1. 1963. - 198 с.

#### Түйін

Бұл мақала орыс тілінің түпнұсқадағы етістіктерінің генетикалық типологиясын құруға арналған. Жіктелу кезінде автор бірқатар ерекшеліктерді ескерді, олардың ішінде ең маңыздысы – генерациялау сөзінің функционалдығы, туынды және генерациялайтын сөз арасындағы құрылымдық-семантикалық қатынастардың сақталуы.

#### Resume

This article is devoted to the creation of the genetic typology of the original confixed verbs of the Russian language. When classifying, the author takes into account several features, among which the most important are the functionality of the generating word and the preservation of the structural-semantic relationship between the derivative and the generating word.



## ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ: ЮРИСЛИНГВИСТИКА АСПЕКТІЛЕРІ

**Б.Р. ЕСІМСЕЙТОВ**

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы  
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім  
беру және кәсіби деңгейді арттыру  
институтының әлеуметтік-гуманитарлық  
пәндер кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты

### **Аннотация**

Автор «юрислингвистика» атты жас, дамушы ғылым туралы баяндайды. Мақалада заңгердің кәсіби қызметіндегі тілдің орны жайлы ойлар айтылады. Сонымен қатар, автор мақалада юрислингвистиканы жеке пән ретінде қарастырып, құқықтану және құқық қорғау қызметі мамандықтарының магистрлік оқу жұмыс жоспарына енгізілгендігі жөніндегі тәжірибесімен бөліседі.

*Түйін сөздер:* юрислингвистика, құқық, заң тілі, заңнамалық лингвистика.

Қоғамдағы ілгерлеу үдерісі жаңа ұғымдар мен терминдерді белгілі бір салалық сипатта айналымға енгізіп жатады. Бүгінгі жаһандану осы үдерістің ауқымын бірнеше рет ұлғайтып, жылдық, айлық ұғымдарымен байланысты сипатталатын кейбір қоғамдағы қозғалысты күндік сипатқа жеткізді. Олай деуге күнделікті түрлі құжаттармен қолданысқа еніп жатқан ұғымдар мен терминдер дәлел. Одан қалды бүгінгі қоғамда бір салаға қатысты теориялық мәселелерді жеке қарау мүмкін болмай қалды. Олай айтуға қоғамдағы кез келген саланы басқа салалармен байланыстыра қараудың нәтижелігі артуында.

Себебі, қоғам дамып жаңғырған сайын әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты жаңа инновациялық теориялар мен концепциялардың ғылыми ағымын қажет етіп отыратындығы белгілі. Мәселен бүгінде тіл біліміне қатысты барлық тұрақты (фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика) салаларды психология, заң, педагогика, әлеуметтану, математика т.б. салалармен байланысты қарау жолға қойылған. Соған байланысты тіл білімінде жаңа

атаулармен белгіленген: «Психоллингвистика», «Әлеуметтік лингвистика», «Юрислингвистика», «Фоноскопия», «Тіл экологиясы», «Тіл және қисын» т.б. пәндер оқытыла бастады. Бұл пәндердің мақсаты тіл мен саланы жүйелі байланыстыра қарастыру. Осы тұрғыдан алғанда, заң қызметкерлері мен құқықтық қоғам құрудағы жалпы мемлекет арасындағы байланысты қалыптастыруда юрислингвистиканың алар орны ерекше.

Мақала желісі тіл мен құқық шегіндегі теориялық мәселелерді жан-жақты қарастыру мақсатында ғылыми айналымға 1999 жылдары енген – «Юрислингвистика» термині және оның бүгінгі таңда болашақ заңгерлерді дайындауда жеке пән ретінде оқытылуының алғы шарттарына құрылып отыр.

«Юрислингвистика» терминінің пән ретінде аталу қатынасы бойынша – тіл мен құқық шегіндегі анағұрлым жалпы және кең, нақты аспектілерде «соттағы сөйлеу», «лингвокриминалистика», «лингвистикалық сараптама» терминдерімен қатар қолданылады.

«Юрислингвистика» терминінің ғылыми айналымға түсіп, жеке пәннің атауы ретінде қолданылуы Ресей ғалымы, профессор Н.Д. Голев ғылыми жетекшілік жасаған Алтай мемлекеттік университетінің юрислингвистика және сөйлеуді дамыту зертханасының ғылыми қызметкерлерінің және аймақтық лингвист-сарапшылары мен оқытушылары ассоциациясының бастамасымен негізі қаланды [1]. Ресей лингвистерінің заңнамалық лингвистиканың түрлі бағытын қамти жазған ғылыми мақалалары негізінен 1999-2008 жылдар аралығында жарық көрген «Юрислингвистика» атты жоғары оқу орындары аралық ғылыми еңбектер жинағында жарияланып отырды. Қазақ тіл білімінде лексика саласының бір тармағы ретінде аталып, санаулы ғана ғалымдардың еңбектерінде зерттелуіне шолу жасау, ұғымға берілген анықтама мен теориялық болмысына сипаттама жасаумен шектелген ғылыми мақалаларды көзіміз шалды [2]. Юрислингвистиканың пән ретінде оқытылуы туралы мәліметті өкінішке орай мен кездестіре алмадым. Филологтар және заңгерлер дайындалып жатқан жоғары оқу орындарында тиісті кафедраларда, колледждерде таңдау пәні ретінде оқытылып жатқан да болар. Қазақстанда заңға қатысты тілдік мәселе мүлдем жоқ деуге болмайды [3].

Жоғарыда баяндап өткеніміздей, юрислингвистика – тілдің заңға қатысты түрлі аспектілерін қарастыратын ғылыми пән. 2015 жылы іргетасы қаланған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және кәсіби деңгейді арттыру институтының 2015 жылы қабылданған магистранттарының оқу

жұмыс жоспарына «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» жоғары оқу орны компоненті ретінде енгізілді. «Жоғары оқу орны компоненті – мамандықтың білім беру бағдарламасы шеңберінде игеру үшін дербес әскери, арнаулы оқу орны анықтайтын оқу пәндерінің тізбесі және кредиттердің тиісті көлемі» [4]. Оқу пәні ретінде енгізілудің мақсаты деп мына мәселелерді көрсеткен болар едім. Кез келген жоғары білікті заңгердің тілдік капиталы бай; заң саласындағы өзекті мәселелерді анықтай алуы; заңдық күші бар құжаттарды сауатты толтыра білу; жеке тұлғаларға тіл арқылы әсер ете білуі керек. Осы мәселелерді жинақтайтын болсақ, заңгер өзінің кәсіби қызметінде тілді құрылымдық және қарым-қатынастық сипатта қолдана алуы керек. Яғни, «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» пәні болашақ заңгерге осы тұрғыдан қажет. Қазақ қоғамындағы заң ғылымының мәтінін, сонымен қатар тәжірибеде жиі қолданылатын барлық нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық қарым-қатынас орнатуда толтырылатын құжаттардың заңдық сипаттамасын зерделейтін де осы заңгерлер. Сондықтан болашақ заңгер үшін тіл мен құқықтың сабақтастығында қарастыратын өзекті мәселелерді оқытуға арналған пәннің қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Осыған байланысты «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» атты пәннің жұмыс оқу бағдарламасы әзірленді. Пәнді оқыту мақсаты: Қызметкерлердің кәсіптік құзыреттерін арттыруда базалық алғышарт ретінде олардың юрислингвистикалық құзыреттерін қалыптастыру және юрислингвистиканың интеграциялық ғылыми жаңа бағытын дамыту. «Кәсіптік құзыреттер – құқық қорғау органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды» [4]. Мақсатқа қол жеткізуде пәнді оқытудың төмендегі міндеттері орындалады деп күтілуде:

- магистранттардың коммуникативтік құзыретінің кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызу;
- магистранттарға заңнама тілі туралы түсінік қалыптастыру, терминжасам, аударма, редакциялау қызметтерінің ерекшеліктерін көрсету;
- магистранттардың жалпы лингвистикалық капиталын дамыту.

Әрине 20 жылға жуық даму тарихы бар орыс ғылымындағы «Юрислингвистика» пәнінің бүгінгі қарастырып отырған мәселелерін [5] қазақстандық магистранттарға баяндау ертерек болуы мүмкін, қазақ қоғамындағы осы саланың аз зерттелуін ескеретін болсақ. Дегенмен осы мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алуымыз керек. Егер осы мәселелерге қатысты іс-шаралар басқа

жоғары оқу орындарында немесе зерттеу институттарында орындалып жатқан болса, олардың басы біріктіріліп, пәннің тақырыптық жоспарын жетілдіруге арқау болуы қажет деп есептеймін. Сонда заң саласындағы лингвистикалық сараптама, фоноскопия, лингвокриминалистика т.б. сияқты салалардың дамуына, жетілуіне айтарлықтай серпін әкеледі. Бұл өз кезегінде отандық құқық саласының:

- Сөз қақтығысының тілдегі көрінісі;
- Тіл саясатының құқықтық-лингвистикалық аспектілері;
- Сот сараптамасының дұрыс дайындалуын;
- Құқық саласындағы қызметкерлердің лингвистикалық құзыретін жетілдіруге әкелген жаңалық та болар еді.

Сонымен «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» атты пәннің жұмыс оқу бағдарламасында мынадай тақырыптар қарастырылады деп жоспарлануда: Мемлекеттік тіл табиғи тілге заңды сипат берудің жоғарғы үлгісі; Тілдік-сөйлеу дауларын заң тұрғысынан реттеу; Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізудегі юрислингвистика; Заң тілі; Заң мәтіндерін және заң техникаларының лингвистикалық аспектілері; Заң терминтанымы; Заңгердің лингвистикалық құзыреті және кәсіби сөйлеу нормалары; Заң мәтіндерін аудару мәселелері; Заңи іс жүргізу тілі: ресми стиль, құжаттардың тілдік ресімделуі.

Барша халыққа заң тілінің түсінікті, әрі айқын, нақты болуымен қатар, заңнама тілінің құрылымдық лингвистикада коммуникативті-прагматикалық қызметін көрсетуде юрислингвистиканың алар орны ерекше. Сондықтан осы тақырыптар төңірегінде оқытуды бастағалы отырған «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» пәнінің бұдан да ауқымды жаңа тақырыптарды зерттеудегі қызметі болашақта жетілдіріледі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Голев Н.Д. Постановка проблем на стыке языка и права //Юрислингвистика-1: Проблемы и перспективы. -Барнаул, 1999. -С. 4-11.

2 Жалмаханов Ш.Ш. Лингвистикалық сипаттаманың негізгі нысаны – сөйлеудегі даулы мәтіндер /Ш.Ш. Жалмаханов, Ж.Ш. Жалмаханова // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы «Филология» сериясы. №2(70). - 2013. – Б.21-26

3 Саменова А.Ж. Юрислингвистика – тіл білімінің жаңа саласы //А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің хабаршысы.

4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 1-бөлім. Магистратура, Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <http://10.61.43.123/kaz>

5 Киракосян М.Б. Роль языка в профессиональной деятельности юриста // Филологические науки. Вопросы теории и практики, №6 (36) - 2014, часть 1. - С. 89-91.

#### Резюме

Автор обращается к молодой, развивающейся науке под названием «Юрислингвистика». Статья представляет собой осмысление роли языка в профессиональной деятельности юриста. Также в статье юрислингвистика рассматривается как отдельный предмет.

#### Resume

The author addresses to the young, rapidly developing science under the name of juridical linguistics. The article represents itself an attempt to comprehend the role of a language in the professional activity of a lawyer. Also the juridical linguistics is considered as a separate subject.

## НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ЕРЛІК ТАҚЫРЫБЫ

**М.Т. ДЖАКЫПБЕКОВА**

филология ғылымдарының кандидаты,  
І.Жансүгіров атындағы Жетісу  
мемлекеттік университетінің қауымдастырылған  
профессордың міндетін атқарушы

### **Аннотация**

Мақалада ақынның тарихи тақырыпты көркемдік игерудегі қол жеткен табыстары, образ жасаудағы, сөз түюдегі ізденістері, қалыпты тіркестерді оқиға орайына қарай шебер қиюластырғандықтары, жалпы дастандардың поэтикалық қуаты талданды.

*Түйін сөздер:* халық ақыны, дастан жанры, соғыс қасіреті, шайқас даласы, ерлік эпосы, Ұлы Отан соғысы батырлары.

1941-1945 жыл кезіндегі халықтың басынан кешірген ұлы ерліктерінен уақыт бізді алыстатқан сайын, соғыс жылдарының әсіресе, поэзия жанры әлі де мұқият қарастыруды қажетсінеді. Себебі бұл кезең – ерліктің көркем шежіресі. Осы кезеңде көлемі шағын өлендермен қатар, шайқас эпизодын желілеп суреттейтін көлемді поэмалар, жыр-дастандар дүниеге келді. Соғыс жылдарындағы қазақ поэмаларын зерттеген ғалым Қ.Қамбаров «Соғыс жайындағы қазақ поэмалары ұлттық әдебиетіміздегі Отан қорғау тақырыбын жаңа эпикалық шығармалармен байытты. Бұл поэмалар қазақ халқының дәстүрлі батырлар жырының тарихи дәуірдегі жаңа жалғасы» [1, 209 б.], - деп атап көрсетеді. «... Жаңалық өзгерістерді іле жырлап, үн қосатын елгезек ақын» [2, 39 б.] деп зерттеуші ғалым К.Сейдаханов сипаттаған халық ақыны Нұрпейіс Байғанин Москва үшін болған шайқастағы қазақ батырларының көрсеткен ерлігін арқау еткен «Жиырма бес» және «Ер туралы жыр» дастандарымен өз үнін қосты.

Дастанда Ұлы Отан соғысы батырларының, «Жиырма бесте» Төлеген Тоқтаровтың, «Ер туралы жырда» атақты 28 панфиловшылардың бірі Есболатов Нарсұтбайдың қаһармандық бейнелері сомдалған және ақын аталған дастандарын ой елегінен өткізгенде, бір-бірінен ерекшелеп, әрқайсысын өзінше құрған.

«Жиырма бес» дастанының құрылымына назар салсақ, тақырыптан тарамдалған ақын ойының шегі мен шеті жиырма бесті

айналып жүреді. Жиырма бес қазақ ұғымындағы үш, жеті, қырық сандары сияқты киелі сандар тобына еңбесе де, ер жігіттің қайраты мен күш жігерін танытатын белесі іспетті. Ақын жырының кіріспесінде-ақ «бойында күші қайнаған» жиырма бесті сипаттаған толғау арқылы оқырманын алдағы ерлік істің нышанынан хабардар етеді. Елінің жиырма бес жылдағы «еңсесі көтерілгенін айта келіп», «Қару сайлаған батыры Тоқтарұлы Төлеген де жиырма беске толғанда» дей келе, оқиға желісін кейіпкерлерінің қым-қиғаш шайқас үстіндегі ерлік ісіне бейімдейді.

Екі жырда да ортақ бір эпизод сақталған. Ол – батырлардың қиналыс сәтінде сағымданып, көз алдына бұлдыраған елестей анасының аймалауы, құлағына сыбырлаған нәзік үн, ана дауысының келуі. Баласы үшін жүрегі қарс айырылған ана махаббатының құдіреттілігі сонша, жараланған әлсіз жанға күш бітеді. Ақын ананың балаға, баланың анаға деген махаббатының өлшеусіз екендігін сөз құдіретімен таразылайды.

Дастандардың құрылымында қат-қабат шиеленісіп жатқан оқиғалар желісі жоқ, ақын батырдың бір ғана ерлік ісін, ер өлімін суреттеумен шектеледі. Бірақта сол объект етіп алған шағын оқиғаны тілінің орамдылығымен, түйдектеліп түсетін толғауларымен әсірелеп, әсерлетіп жеткізген.

Дастандарында ақынның дәстүрлі элементтерді орнын таба қолданумен қатар, өзінше бедері де байқалады. Көркемдік құралдардың ішінде эпитеттің ақын тарапынан қолданыс тапқанына зер салайық.

«Ер туралы жыр» дастанында ақынның эпитеттен жасалған мол қазынасына тап боласың. Ақын жырының басында-ақ әдемі кең қазақ сахарасын көзімізбен көргендей көңілімізден жүйткіп өткізеді. Сонда «артта қалып бара жатқан алсары-көкбау», «жағасы алтын қамыс мөлдіреген көл», «Ақтөбенің жалпақ жоны», «шалқар жайлау», «көркем өлке» бәрі де-ақынның эпитет сөзден салған исі аңқыған қазақ даласының суреті.

Ақын «осы күні сол араның түні жап-жарық», яғни «жарық түн» деп тыңнан эпитет жасаған. Көкейімізде қалыптасып қалған түн суретінің мүлде қарама-қайшы жап-жарық болуы қалай? Ақын ерен ерліктің жүрек түбінде мәңгіге сөнбес жарығының символикалық белгісін осындай қарама-қайшылықпен берген.

«Жиырма бес» дастанындағы «қараша көзі бұлдырап, дөңгеленіп дүние» және «Ер туралы жырдағы» осы жолдардың сәл өзгертіліп «дөңгеленіп дүние, мұнартып көзі тұнады» деп келгендегі «қараша көз», «мұнартқан көз» және «дөңгеленіп дүние» деген эпитет сөздер

бірін-бірі толықтырып жараланған батырдың әлсіз халінен хабардар етеді. «Жиырма бес» дастанындағы «қайнаған өлең» ақын бойын кернеген шабытты және импровизаторлық өнердің сипатын білдіреді.

Сонымен қатар, эпитет сөздің теңеулерімен қатар жұмсалып, қиюласып кеткенін де байқауға болады. «Жиырма бес» дастанында «ақ бөкендей жорытты, сымбатына қарасам тойған айдай толыпты» дегенде, ауыз әдебиеті дәстүрімен ақын Төлегеннің соғысқа аттанысын жортқан бөкенге, алып-ұшқан көңіл-күйін толған айға теңей отырып, «өзіңдей саңлақ ерлердің, тобына жетіп жолықты» деп, бастапқы дайын теңеулерін «өзіңдей» деген салыстыру арқылы эпитеттен жасалған «саңлақ ерлердің» сипатын ашу мақсатында пайдаланады. Ал «Ер туралы жырындағы» «семсердей сұсты келбетін» дегенді эпитеттің мақсатына қолданып тұрғанын бағамдауға болады.

Эпитет пен теңеуді жалғастыра ұштастыруын батырдың ер бейнесін тұлғаландыру үшін жасаған ақынның сөз түюдегі ізденісі дер едік. Ақын теңеулерді де зор ізденіспен пайдаланған. «Жиырма бес дастанының» басындағы еліне беретін сипаттамасындағы:

Қылшылдаған қылыштай

Қиып түсер шағымыз.

Құйылған берік құрыштай

Тұлып тұрған шағымыз...

Қап тауындай әліміз!

Қайыспайтын болаттай

Жаудан сынбас сағымыз [3, 232 б.], -

деген жолдарда теңеу түйдектеле келіп, ең соңғы инверсия тәсілімен жасалған «жаудан сынбас сағымыз» деген жолға қызмет етіп тұр. Бастапқы алты тармақтағы теңеулер дара күйінде емес, барлығы тұтаса келіп, сағы сынбайтын халықтың ер тұлғасын береді. Ақын теңеулерінің басымы Төлегеннің аңызға айналған бейнесін жасауға кірісіп тұр.

Ер қайраты сел еді,

Кешегі жүрген Төлеген

Қай батырдан кем еді? [3, 234 б.], –

деген жолдарға көңіл тоқтатсақ, Төлеген батырдың кешегі өткен батырлардан кем емес екендігін, қайратының селдей болуымен ұштастырады. Сонда, алдыңғы «сел еді» деген теңеу соңғы «Төлеген қай батырдан кем еді» деген қорытынды салыстыруға иек артып тұр. «Ер туралы жырында» да:

Жүйткіді поезд, жүйткіді,

Жүйткіді желді тұлпардай [3, 245 б.], -



дегенде, алдымен тұлпар «желге» теңеліп содан соң «желді тұлпарға» жүйіткіген поезд теңеледі. Екі үзіндіде де ақынның теңеуді теңеу үшін пайдаланған шеберлігін байқаймыз. Қолданысқа түскен теңеулердің өзге көркемдік құралдармен қатар қолданылып, бейнелі образ жасауға қатысқанын байқауға болады.

«Жиырма бес дастанындағы» Төлеген бейнесін аша түсетін «торғайдай тобын тоздырып, талай қолын сиретті» дегендегі алғашқы жолдағы теңеу «қолын» деген метонимияның сипатын ашса,

Қыран құстай шүйіліп,

Төбесінен төнейін.

Қабағым тастай түйіліп,

Қиынға батыр сала гөр [3, 236 б.],-

деген жолдардағы «қыран құстай», «қабағым тастай» деген теңеулер батырдың соғыс әрекетіне еруге деген жігерінің екпінін білдірумен қатар, «қиынға» деген астарлауға («қиын» сөзі сұрапыл соғыстың астарлау, яғни символдық белгісі) қызмет етіп тұр.

Енді бірде, теңеудің дерексіз ұғымды деректендіруге атсалысқанын көруге болады. «Ер туралы жырдағы»:

Құлағандай көк аспан

Жердің беті тітіреп.

Танктың аран аузынан

Жаңбырдай ажал сіркіреп [3, 231б.],-

деген жолдарға үңілсек алғашқы екі тармақта аспан құлағандағы жердің сезінер ауырлығын «беті тітіреп» эпитет сөзімен беру арқылы алдағы алапат жойқын құбылысқа тамыр басып, кіріспе жасаған. Ал келесі екі тармақта сол жойқын құбылыстың нақ суреті, бұнда «ажал» деген дерексіз ұғымды «сіркіреген жауынға» теңеу арқылы деректендірген.

Теңеулердің ендігі бір тобы дұшпанның жек көрінішті образын жасауға бағытталған «Жиырма бес» дастанында сәл жел соқса болды, сабағы жіңішке қамыстың қалтырағыш қасиетін ақын дөп басып, немістің қорыққан сәтін «дауылдан бұққан қамысқа» теңейді. Ақынның дұшпанға деген өшпенділігі сонша, оларды адам деуге аузы бармай, «өлігін иттің санамай», «құтқармай итті қабаған» немесе «оңашалап мың төбет» деп итке теңейді.

Ақын «Ер туралы жырында» көркемдеу құралдарының ішінде кейіптеуге біраз иық тіреген. «Поездың ырғағына билеген таудың кейін қалуы» көз алдыңызға елестете алатын сурет. Себебі, қозғалыста кетіп бара жатқанда, қозғалыссыз тұратын табиғат суреті билегендей әсер қалдырады.

Екі дастанда да ең қолданылатын тәсіл – астарлау, яки символ. Ғалым-зерттеуші З.Қабдолов астарлауға қандай жүк артылатыны туралы: «...символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар байсалды философиялық астар береді, шығармадағы біртүрлі сыршыл сипат бітіреді» [4,219 б.],- деп анықтама береді. «Жиырма бес дастанында» :

Күштің басып көрігін,

Оба ғып жаудың өлігін,

Қыздырдың ұрыс базарын [3,24 0 б.],-

деген жолдардағы «көрік» – күшке қуат беретін құралдың, «базар» – өмір үшін арпалыс, жанталас жүріп жатқан алаңның, «жалының сөніп жан досым» дегендегі «жалының сөніп» тіркесі – өмірдің өтіп бара жатқанын астарлау белгісі ретінде суреттелген.

«Ерлік пен қайғы таласса, ердің жанын сөгеді» деп жырлау ақын тарапынан жасалған тың жолдар. Осындағы «жанын сөгеді» тіркесі «жанын жейді деген қалыптасып қалған тұрақты тіркестің варианты, «сөгеді» сөзі қиналысқа, азапқа түсіреді деген ұғымның астарлау белгісі.

«Жиырма бес» дастанында мегзеу-синеқдоха үлгілерін ұшырастыруға болады. «Азын көпке теңеген», «жүзіңе бір өзім», «қараны батыр көреді», «талай қолын сиретті» дегендегі «азын көпке», «жүзіңе», «қараны», «қолын» сөздерінің бәрі дұшпан төңіріндегі ұғымға негізделген мегзеу. «Құрбан ғып мыңын шалуға», «өлгені мың-мың қалғанда», «оңашалап мың төбет» деген жолдарға назар салсақ ақын жауын мың санымен тұспалдап мегзеу арқылы сол «мыңмен» алысқан Төлеген батырдың қандайлығын айқындаған.

Сөз қолдануына қарай мың мағыналы. «Жиырма бес» дастанындағы «көк семсерін қайрады», «халқың үшін қайралды, қайратың мен қанжарың», «қаруын кекке егеген», «намысқа қайрат жаныған» дегендегі тек бастапқыдағы «қайрады» етістігі тура мағынасында қолданылған, ал келесі жолдардағы «қайралған қайрат» пышақтың өткірленген жүзіндей орып түсетін алапат күшті, «кекке егелген қару» бойын қысқан өшпенділікті, «қайраттың намысқа жанылуы» адам бойындағы өршіл қасиеттің арпалысқа түсу сәтін ақын жанымызбен түйсінетіндей халге түсіріп, иірімдеп суреттеген. «Ер туралы жырдағы»:

Жар сөзінің орнына

Құлаққа жат үн келді

Жар көзінің орнына

Алыстан қошқыл түр көрді [3, 251 б.], -

деген жолдар шендестірудің озық үлгілері. Әдемі, құлаққа майдай естілетін «жар» сөзі сұрапыл соғыста құлақты тұндыратын қарудың ащы дауысымен, күлімдеген мейірлі «жар көзі» шайқас даласындағы қарудың «қошқыл түр» көк түтінімен шендестіру арқылы соғыстың сипатын беріп тұр.

«Жиырма бес» дастаны өрнектеудің дамыту – градация түріне көп бой алдырған. Ғалым-зерттеуші Н.Төреқұлов: «Толғау ақындардың тағы бір шебер ұстасы деп Нұрпейіс Байғанинды айтамыз. Оның қай туындысын алып қарасақ, содан шабытты арнауларды, ойлы, парасатты толғауларды табамыз» [5,121]- деген. «Жиырма бес» дастанының бастапқы жолдарындағы «жиырма беске ел жетті» деп басталатын елінің жиырма бес жылдығын суреттейтін эпизод түгелімен дамытуға құрылған. Дамытудың әсіресе, әсерлі үлгісі Төлегеннің қан майданға аттанып бара жатқан кезін «жолбарыстай жон асып жөнелді, батыр жөнелді» деп суреттеуінен анық байқалады. Бұл дамытулар батырлар жырындағы ердің жорыққа аттанған екпінді қимылымен үндесіп жатыр.

Төлеген батырдың ер өлімін суреттеген соң, ақын бірден жырын кезекті қайталау, эпифора үлгісіне бұрады:

Тұлпардан шыққан із қалар,  
Сұңқардан биік күз қалар,  
Жаңбырдан жерге нұр қалар,  
Жасанған жасыл жыр қалар,  
Шеберден біткен іс қалар,  
Шешеннен асыл сөз қалар...т.с.с. [3, 242 б.].

Осындағы «қалар» сөзін тармақ соғында шегелеп қайталау арқылы батырдың ерен ерлігін келешек ұрпағының санасына сіңдіріп кету аманатын ақын мойнына алғандай.

«Ер туралы жыр» дастанынан дамытудың және қайталаудың үлгісін кездестіре алмаймыз. Оның себебі, жоғарыда атап кеткен ерекшеліктеріне байланысты, яғни «Жиырма бес» дастаны ауыз әдебиеті дәстүрімен жазылса, «Ер туралы жырда» ақын психологиялық ізденістерге барған.

Топшылап түйіндесек, Нұрпейіс Байғанин аталған дастандарында шұрайлы тілімен сұрапыл соғыс суретін, ер бейнесін соны тіркестерге теліп, қасіретті жылдардың бір белесін қанық бояуымен шеберлік шыңынан танытты.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 ҚамбаровҚ. Ерлік эпосы: Монография. – Алматы: Жазушы, 1979. – 216 б.
- 2 Дүйсенов М., Сейдаханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. – 192 б.

3 Байғанин Н. Наркыз. Дастандар мен өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1974. – 350 б.

4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

5 Төрешұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 166 б.

#### Резюме

В статье анализируются достижения поэта в художественном изображении исторических тем, искания в создании образов, оформлении мыслей, творческое вкрапление устойчивых сочетаний в соответствие с событиями, поэтическая мощь дастанов в целом.

Ключевые слова: народный поэт, жанр дастанов, трагедия войны, поле сражения, героический эпос, Герои Великой Отечественной войны

#### Resume

The author of the article analyzes the poet's achievements in the artistic depiction of historical themes, the search for imagery, the design of thoughts, the creative agitation of stable combinations in accordance with events, the poetic power of the dastans as a whole.

Keywords: national poet, genre of dastans, burdens of war, battlefield, heroic epic, Heroes of the Great Patriotic War.

## ҚАЗАҚТЫҢ АВТОРЛЫ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТЫСТЫРУ ЖАНРЫ

**Б.С. ҚОРҒАНБЕКОВ**

филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті

### **Аннотация**

Мақала қазақтың авторлы ауыз әдебиетіндегі айтыс үлгісінде шығарылған өлеңдердің пайда болуы мен қалыптасуына, дамуы мен жанрлық синкретизміне, көркемдік тәсілдеріне, фольклорлық айтыспен және Шығыс әдебиетіндегі муназара жанрымен байланысына арналған. Автор бұл өлеңдердің айтысты бейнелейтін ерекшелігін классикалық жазба әдебиет үшін көркемдік тәсіл, ал суырыпсалма поэзия үшін жанрды айқындайтын белгі ретінде бағалап, оны авторлы ауыз әдебиетінің бір жанры деп қарауды және оны «айтыстыру» деп атауды ұсынады.

*Түйін сөздер:* авторлы ауыз әдебиеті, айтыс, муназара, жанр, генезис, айтыстыру, жанрлық синкретизм, симбиозды жанр.

Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтардың көпшілігінде өлең сөзбен сайысу дәстүрлері жақсы сақталған. Әсіресе, бұл үрдіс қазақтарда бүгінгі күнге дейін желісін үзбей жалғасып келді. Қазақ фольклорында айтыс жанрының ерекше өркендегендігін және оның басқа жанрлардан анағұрлым өміршең екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Алайда қазақ айтыстарының шығу төркініне зер салар болсақ, XVIII ғасырдан арыға бару қиын. Өйткені бұдан бұрынғы кезеңдердегі қазақ өмірінен айтыс туралы нақты деректер таба алмаймыз. Қазақ айтыстарының кең қанат жайған тұсы XIX ғасыр екенін мойындау керек. Бірақ айтысты бергі ғасырлардың ғана жемісі десек, тағы да қателескен болар едік. Түркі тайпалары арасында қыздар мен жігіттердің топ-топ болып айтысатыны туралы деректер көне қытай жазбаларында сақталып қалған [1, 116 б.]. Демек бұл деректер қазақ айтысының көне түркілік мәдениеттің қайта жаңғырған түрлерінің бірі екендігін көрсетеді. Бұған қатысты М.Жармұхамедұлы да: «(...) М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрк», Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі», Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» мысал

үлгісіндегі айтыстар түрік тектес халықтарға ортақ жазба әдебиетіміздегі сол айтыстың ерте кезден-ақ ел-жұртпен сіңісті болып бірге жасап келе жатқан көне жанр екенін аңғартады» [2, 11 б.], – деген ой айтады.

Көнеден келе жатқан айтыс өнері дара шығармашылық иелеріне әсер етіп, авторлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетте де өз ізін қалдырды. Ол ең алдымен, айтыс үлгісінде шығарылған өлеңдерден көрінеді. Жекелеген авторлар айтыстың әсерімен шығарған мұндай өлеңдердің кейбірі ұзақ уақыттар өткен соң, әуелгі шығарушылары ұмыт болып, қайтадан фольклордың, яғни ұжымдық шығармашылықтың үлесіне кетті. Мұның мысалын Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» жинағындағы «Жаз бен қыстың айтысынан» көреміз. Аталған жинақ XI ғасырда жазылса, «Жаз бен қыстың айтысы» одан кемінде екі ғасырдай бұрын шығарылған деуге болады. Себебі М.Қашқари бұл шығарманы өз жинағына енгізген кезде оның авторы ұмыт болып, фольклорлық мұраға айналған. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» бейіш пен тозақтың айтысы да көне түркілердің айтысу дәстүрін негізге алудан туғаны аңғарылып тұрады. Мұнда да айтыс өнеріне тән қарсыласты сөзден ұту, уәжбен тоқтатудың көзделетіні бірден көзге түседі. Академик С.Қасқабасов Махмұт Қашқари жинағындағы көп өлең-жырларға тоқтала отырып: «Олар көркем бөлімдерге, ауыспалы мағынаға, параллелизм мен лиризмге толы» [3, 136 б.], – дей келіп, «Жаз бен қыстың айтысы» туралы: «Олардың таласы – қазақ сөз өнеріне соншалықты етене суырыпсалма ақындардың поэтикалық сайысынан басқа емес» [3, 137 б.] – деп түйеді. М.Жармұқамедұлы бұл туындылардың айтыспен туыстас екенін айтады [4, 14 б.]. Алайда бұл екі «Диуанда» да «айтыс» деген атау айтылмайды. М.Қашқари оны «ұрыс» (тоқуш) деп берсе, Қ.А.Ясауи «талас» (талаш) деп атаған. Дегенмен бұл атаулар мазмұндық жағынан «айтыс» терминінен алыс кетпейді. С.Мұқановтың: «Айтыс» – «айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасымен алғанда, «айтыс» екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөз түрінде де болған. «Пәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады: «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» – деп те айтады» [5, 151 б.], – деп түсіндіруі осыны көрсетіп тұр.

Айтыс жанрының пайда болуы мен дамуына тән басты ерекшелік – бастапқы кезде бірнеше (көбінесе екі) ақынның өмірде сөз таластыруы түрінде болып, кейіннен оны, көбіне, жеңілген ақынның халық арасында жырлап таратуы, одан соң жыршылардың олардан

жаттап алып, кейінгіге жеткізуі болса [6, 232 б.], айтыс түріндегі өлеңдерді әуел бастан-ақ жекелеген ақындар шығаратыны анық. Сондықтан мұны айтыс дегеннен гөрі, «өлең» деп атаған дұрыс. Бірақ бұл өлеңдердің басты ерекшелігі – айтысқа тән көркемдік және психологиялық тәсілдердің, сондай-ақ диалог формасының пайдаланылуы. Бұл өлеңдерде, көбіне, айтысушының (нақтырақ айтсақ, кейіпкердің) бірі – автордың өзі. Ал онымен айтысушы етіп көрсететін екінші кейіпкер жан-жануар немесе тұтынатын зат, кейде аруақ болып келеді. Мұның өмірде болған айтыс емес екенін кейінгілерге танытатын да осылар. Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлар алғашқы кездерде шынайы, салмақты мәселелер төңірегінде шығарылған тәрізді. Мұны М.Қашқари, Қ.А.Ясауи жинақтарындағы айтыс үлгісіндегі шығармалардан көреміз.

Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғани де ұстазының ізімен айтыс үлгісіндегі үш хикмет жазды. Оның «Бақырған кітабы» деп аталатын хикметтер жинағындағы «Жұмақ пен Тамұқтың айтысы» сопы-ақынның Шығыс әдебиетіндегі өзі ғашық болған туындысына еліктеп шығарма жазу дәстүрін үлгі тұтқанын көрсетеді. Шығыс әдебиетіндегі бұл дәстүрді «киная» деп атайды [7, 3 б.]. Автор атынан сөйлейтін кейіпкердің ібіліспен айтысы, Нәпсі мен Рухтың айтысы туралы шығармалары Ясауи үлгісін дамытудың көрінісі болмақ. Бұл хикметтерде де жақсылық жеңіске жетіп отырады [8, 11-12 бб.].

Айтыс үлгісіндегі өлеңдердің көне түріне жататын «Ақбала мен Боздақ», «Аймаңдай мен Бабас» атты туындыларда өлі мен тірінің айтысы бейнеленеді. Шығарушысы ұмытылып, фольклорға айналған бұл өлеңдерде өздерін өлім айырған жастардың бір-біріне деген ғашықтық, қимастық сезімдері, өмірдің өткіншілігі, баянсыздығы, қабірдегі өмір жайы баяндалады. Демек мұнда да өз тұсындағы аса ірі әлеуметтік-философиялық, мистикалық мәселелер өзек етілген. «Ақбала мен Боздақ», «Аймаңдай мен Бабас» өлеңдерінің ертеректе дүниеге келгендігін кейіпкерлер есімінің көнелігі ғана емес, ондағы ескі ұғым-түсініктер де көрсетіп тұр. Бұл жөнінде М.Жармұқамедұлы кеңірек тоқталған [9, 33 б.].

Ел аузында және кейбір ғылыми әдебиеттерде «өлі мен тірінің айтысы» немесе «аруақпен айтыс» деп аталатын бұл өлеңдердегі ескі танымды көп жағдайда шаманизммен, ең ескі наным-сенімдермен байланыстырушылық жиі орын алып келді. Алайда мұның сопылық дүниетаныммен, әсіресе, Ясауи хикметтерінде бейнеленген өлі мен тірінің арасындағы қатынас жайымен де сабақтасатындығы ескерілмей жүр. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде: «Аруахимдин мадат тилаб уқиң зинһар» [10, 162 б.], «Он алтымда барша аруақ улеш берди» [10,

137 б.], «Жамла базрак (әулиелер – Б.Қ.) иғылыб дуня қойдырдылар» [10, 140 б.], – деген сияқты аруақ пен өмірдегі адамның байланысын танытатын жолдар жеткілікті. Айтыс үлгісіндегі өлеңдерде Қ.А.Ясауи дәстүрінің де орны үлкен екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Алғашында ірі мәселелер сөз болған айтыс үлгісіндегі өлеңдер дами келе, тақырыптық ауқымын кеңейтті, әзіл-қалжыңның үлесі артып, ойындық сипаты күшейді.

Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлардың жанраралық байланысы өте күшті. Ол айтыспен тікелей астасып жатуымен бірге, өзге де әдеби-фольклорлық жанрлардың көптеген сипаттарын өз бойына жинақтады. Ол өзінің тарихи дамуы барысында өзге жанрлардың өркендеуіне, дамуына ықпал етті, өзінің де олардан алған көркемдік әдіс-тәсілдері мол болды. Әрине, кейіпкері жан-жануар немесе зат түрінде көрінетін өлеңдердің мысал жанрына ұқсауы заңды. Мұнда мысал жанрындағыдай аллегориялық тәсіл кең түрде қолданылады. Махмұт Қашқари жинаған «Жаз бен қыстың айтысында» қазіргі жазба әдебиеттегі табиғат лирикасына тән ерекшеліктер тұнып тұр [11, 316-317 бб.]. Бұл өлеңнен Абайдың «Жаз» өлеңімен етене жақын үндестік сезіледі. С.Қасқабасовтың: «Қыс пен жаздың айтысы» өзінің жоғары поэтикалылығымен ерекшеленеді. Оны пейзаждық лириканың қатарына жатқызуға болады» [3,137 б.], – деуі өлеңнің осы қасиетінен шығып тұр.

Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлар қазақ әдебиетіндегі ерекше дәстүрлердің бірі болып қалыптасып, оны кейінгі ақындар да құлшыныспен жалғастырды. Олардың көпшілігі айтысушы персонаждарды өзі және жан-жануардың немесе құстың бір түрі етіп алады. Көп жағдайда өзін жеңіліске ұшыраған етіп көрсетеді. Майлықожа Сұлтанқожаұлының айтыс үлгісіндегі екі өлеңі сақталған. Ақын оның бірінде өзін өзінің сорымен айтысқан етіп бейнелейді [12, 170-172 бб.]. Мұнда нақты зат емес, абстракт ұғымды адамиландыру, кейіптеу тәсілімен беру ақынның бұл бағыттағы жаңалығы деуге болады. Өлең Майлықожаның бір сапардан олжасыз оралған кезінде, бұрын байлардан алған арық-тұрық тана, тайлак, тайы арам өліп қалғаны, амандаса келген ағайындарына өз сорымен айтысқан болып, осы өлеңді шығарғаны туралы айтылған түсіндірме қара сөзден басталады. Және өлеңнің соңы сол кезде келіп қалған Мәделіқожаға шағынып айтқан бір шумақ өлеңмен аяқталады. Ақынның түйесімен айтысы да әзіл-қалжыңға құрылған [12, 172 б.]. Бұл өлеңнің екеуі де автордың кедейлігін, тұрмысының ауырлығын айқынырақ көрсетуге бағытталған. Бұл өлеңдердің мазмұнынан, пафосынан ақынның тұрмыс ауыртпалығына деген күйініші мен тағдырға мойынсұнуы



қатар аңғарылады. Оны оқырманға жеткізудегі ирония мен сарказмнің ролі күшті. Бұл, әсіресе, автордың Мәделіқожаға айтқанынан айқын көрінеді:

Біздерде сор дегенің толып жатыр,

Үйіме дүркін-дүркін қонып жатыр.

Бірі кетсе, біреуі қайтып келіп

Күнде той, күнде думан болып жатыр! [12, 172 б.].

Абстракт ұғымды адамиландырып сөйлету, оны өзімен айтыстыру тәсілі Сүйінбай шығармашылығынан да орын алған. Оның «Жиырма беспен қоштасу» деп аталатын өлеңінде ақын өзінің жастық шағымен, жиырма бес жасымен айтысады, мені аттандырып жіберіп, өзіңнің қалып қойғаның қалай деген бағытта наз айтады. Жиырма бес жасы оған сенен де зорларды аттандырып, өз орнымда қалдым, кейінгілер келгенде өз орнымнан табылмағаным ұят деген мәнде жауап қайтарады [13, 59-60 бб.]. Бұл өлеңде жеңіл әзіл басты орын алғанымен, ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығына тән дүниенің тұрақсыздығы, өмірдің өткіншілігі жөніндегі байсалды пәлсапа да елеулі дәрежеде байқалады. Бұл – ақынның осы сарынды тың үрдіспен беру талабынан туса керек. «Сүйінбайдың қарғамен айтысы» атты өлеңде ақын ел ішіндегі ала ауыздықты, жеке басының мүшкіл халін қарғамен бөліскен сыңайда бейнелеген [13, 88-90 бб.].

XX ғасырдың басында аталмыш өлеңдерге мысал жанрының өркендеуі де күшті әсер етті. Мұндай өлеңдер айтыскер ақындар шығармашылығынан ауқымды орын алды. Осы жағдайға байланысты, олар Кеңес дәуірінде шыққан түрлі жинақтарға еніп, «мысал айтыс» деп те аталды. 1965 жылы жарық көрген «Айтыс» жинағының 2-томында [14, 596-631 бб.] және 1966 жылы жарияланған 3-томында [15, 553-607 бб.] осы мысал айтысының үлгілері берілген. 2-томда «Қарашекпен мен қасқыр», «Көкқұтан мен шымшық», «Жұманазар мен домбыра», «Тоқты мен қасқыр», «Темірбай жырау мен сиыр», «Бабақбай мен қасқыр», «Салпық пен ат», «Ыдырыс пен тайлақ»; 3-томда «Есмақан мен Оразгүл», «Бай мен бәйбіше», «Торыайғыр мен Телпекбай», «Әшім мен ақ тұсақ», «Төрт түлік», «Шашубай мен Қасқыр», «Ат пен трактор», «Саяділ мен әйелі және қызы», «Қасқыр мен қой», «Бабас пен қасқыр», «Бай мен қойшы», «Еңбекші мен жалқау» атты шығармалар енген. Бұл шығармаларды «айтыс» деп атаудың тым шартты екені өз-өзінен түсінікті. Бұлардың көпшілігі авторлы шығармалар екені белгілі. Жоғарыда айтылған айтыс жинақтарындағы түсініктерден сөз болып отырған туындылардың әрқайсысының шығарушылары бар екенін көреміз және олардың көбі – Т.Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Біржан сал, Шашубай, С.Керімбаев

сияқты көпке танымал ақындар.

Аталмыш жинақтарды құрастырушылар ғана емес, кейінгі зерттеушілер де бұл туындыларды айтыстың жанрлық түрі деп жаңылысқанын көреміз. Мәселен, Л.М.Әбдіхалықова [16, 15 б.], Б.Шойбеков сияқты [17, 300 б.] зерттеушілер бұл өлеңдерді бұрынғыша «мысал айтыс» деп атап, айтыстың жанрлық түрі деп көрсеткен.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бергі заманға жақындаған сайын айтыс үлгісіндегі өлеңдерде юмор мен сатираның үлесі арта түскенінің нақты дәлелін Кеңес дәуірінде дүниеге келген өлеңдерден де көреміз. Сөз болған «Айтыс» жинағының 2-томындағыдан 3-томындағы кеңестік кезең «мысал айтыстарының» сатиралық, юморлық пафосы басым. Бұл туралы жинақты құрастырушылар: «Төртінші бөлімдегі ақындардың мысал айтыстарында хайуанаттарды айтыстыру арқылы өндірістегі олқылықты, адам мінезіндегі кемшілікті мысқылдап мінейді. Мысал түріндегі айтыстың тілі юмор мен сатираға құрылған» [15,7 б.], – дейді.

Айтыс үлгісіндегі өлеңдер авторлы ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке де біршама өтті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осындай бір шығармасында ақын өзін тырнамен айтысқан етіп көрсетеді. Алайда М.Ж. Көпейұлының бұл туындысында Қожа Ахмет Ясауи дәстүрінің ізі бар. Ол өзін тырнамен айтыстыру арқылы имандылық жайын тілге тиек етеді [18, 214-220 бб.]. Қарғамен айтысуды бейнелеген өлең Мәшһүр Жүсіпте де бар. Мұнда да дүниеге алданып, иманнан айырылып қалмау жайы уағыздалады [18, 220-223 бб.]. Мәшһүрдің бұл туындылары эпикалылығымен ерекшеленеді. Мұнда бейнеленген айтыстың туу себептері жырланумен бірге, мысал әңгіме баяндалады. Алғашқысында тырна-кейіпкер бір тоты құстың ешкімге ұстатпаймын деп тәкәппарлыққа салынып, Құдайдың қаһарына ұшырап, балалар құрған торға қалай түсіп қалғанын білмей, соған өкінгені туралы тәмсілді баяндаса, кейінгісінде қарға-кейіпкер өз қауымының өлексе жеп жүріп, Нұх (ғ.с.) пайғамбардың тапсырмасын ұмытып, сол себепті қарғысқа ұшырағанын жырлайды. Екі мысалдан да дүниенің тұтқынында қалып, Құдайдың қаһарына ұшырап қалма деген ғибрат туады. Осындай салмақты ой айтылса да, бұл өлеңдерде әзіл-қалжыңға елеулі орын берілген. Бұл, әсіресе, автордың әзіл үшін варваризмді пайдалануынан айқын сезіледі [18, 223 б.].

Айтыс үлгісін пайдаланудың үлесі Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында да қомақты. Оның «Айтыс», «Таныстыру» атты «поэма» деп бағаланып жүрген атақты шығармалары осы топқа жатады. Мұның алғашқысында қала ақыны мен дала ақыны айтысса

[19,210-239 бб.], соңғысында оқыған қазақ пен оқымаған қазақ өзара сұхбаттасып, Алаш азаматтарына баға береді [19, 146-164 бб.]. Бұл екі шығарманың алғашқысы айтыс үлгісінде екені анық. Өйткені мұнда екі ақынның бір-бірін жеңуге тырысқаны бейнеленеді, екеуі де өзінің артықшылықтарын көрсетіп, қарсыласының кемшілігін бетіне басады. Қала ақынының аузымен ауыл шонжарларының елге тигізген залалы, ғылым-білімнің жоқтығы сынға алынса, ауыл ақыны қала адамының кеңпейіл емес екенін, қалада адамға жағымсыз нәрселердің көптігін баса көрсетеді. Өкінішке орай, шығарма бітпей қалған. Бұл поэма автордың өзі басынан кешірген мәселелерді көбірек қамтыған. Академик С.Қирабаев: «Мұнда да адал, шыншыл, ізденімпаз, драмалық шиеленіске толы, қуаныш-қайғысы аралас ақын тағдыры суреттелген» [20, 15 б.], – дейді. Бұдан біз бергі замандарға жақындаған сайын айтыс үлгісіндегі өлең-жырларда автор бейнесінің айқынырақ көріне бастағанын байқамыз. Сондай-ақ бұл тәсілмен жазылған туындылар уақыт алға жылжыған сайын жанрлық синкретизмін күшейтіп, көркемдік құралдарды пайдалану ауқымын кеңейте түскен.

Классикалық жазба әдебиет тұрғысынан қарағанда, айтыс үлгісіндегі өлең-жырларды жанр немесе жанрлық түр деп ұғынуға келмейді. Өйткені, біріншіден, бұл топтағы туындылар жанрлық ерекшелігі жағынан әркелкі. Демек, кәсіби жазба әдебиет талаптары деңгейінен қарағанда, бұл шығармалардағы айтыс үлгісін ақынның өмір шындығының кейбір тұстарына оқырман назарын көбірек аудару және шығарманың эмоциялық әсерлілігін күшейту үшін пайдаланған көркемдік тәсілі деп есептеген жөн. Мұнда ойындық сипат басым. Тілсіз мақұлықтар мен заттармен айтысу дегеннің өзі-ақ еріксіз күлкі шақыратыны анық. Дегенмен әу баста бұл топтағы шығармалардың анимистік, антропоморфтық түсініктерден тууы, Сүлеймен (ғ.с.) пайғамбардың жан-жануарлардың тілін білгені сияқты діни нанымдармен көркеюі мүмкін екенін ешкім жоққа шығармайды. Әсіресе, М.Қашқаридағы «Жаз бен қыстың айтысының» көне ырымдық аналогтары әлем халықтары өмірінде көптеп сақталып қалған. Мұның жарқын мысалдарын Дж.Фрезердің «Алтын бұтақ» еңбегінен таба аламыз. Онда көптеген әлем халықтарында қыс пен жаздың жан алып, жан беріскен шайқасын бейнелейтін ұлттық ойындардың көп екені, олардың кейбірінің магиялық мәнін жоғалтпағаны, олардың әрдайым жаздың жеңісімен аяқталатыны, оның тойға ұласатыны, қыстың – өлімді, ал жаздың – тіршілікті кейіптейтіні айтылады. [21, 421-423 бб.]. Айтыс үлгісіндегі өлең-жырлар – фольклор мен жазба әдебиеттің өзара үздіксіз

ықпалдастығының, байланысының жарқын мысалы. Кәсіби қазақ жазба әдебиеті үшін ол – көнеден келе жатқан дара дәстүрлердің бірі.

Ал қазақтың ауызша әдебиеті үшін айтыс үлгісіндегі өлеңді жанр деп бағалаған жөн. Өйткені қазақтың авторлы ауыз әдебиетінің поэтикасы кәсіби жазба әдебиет сияқты көркем модальдылыққа емес, Шығыс әдебиеті сияқты дәстүрлілікке құрылған. Дәстүрлілік кие тұтылатын мұндай поэтиканы кейбір әдебиеттанушылар «әйдетикалық» деп атап жүр. Дәстүршіл бұл поэтиканың синкретизм дәуіріндегі поэтикамен ортақ тұстары да бар, сонымен қатар, одан елеулі айырмашылығы да бар. Оларға ортақ ең басты сипат – тепе-теңдік эстетикасы. Ал дәстүршіл поэтиканың алдыңғыдан ерекшелігі – мұнда автордың орны елеулі. Ал классикалық жазба әдебиеттен өзгешелігі – мұнда жаңа нәрсе дәстүрдің ішінде, қайталанбас даралық канонның ішінде өмір сүреді [22, 117 б.].

Шығыс әдебиеті мен қазақтың ауызша әдебиетінде өзара ұқсастықтар мол. Осыдан келіп, бұл екі әдебиеттегі жанрлар ұқсастығы да туындайды. Кәсіби жазба әдебиетте жанр құраушы элементтерден жанрды айқындаушы элементтер көбіне шығарманың пішіні арқылы сараланса, шығыс әдебиеті мен қазақтың ауызша әдебиетінде бұл мәселе мазмұн аясында, әсіресе, тақырып тұрғысында айқындалады. Мәселен, ауызша әдебиетіміздегі *мақтау* жанры шығыс әдебиетіндегі *мадхияға*, *даттау* – *мазамматқа*, *жоқтау* – *мәрсияға жақын*. Бұл жанрдың бәрі, негізінен алғанда, дәстүрлі-тақырыптық тұрғыда жіктелген.

Айтыс үлгісіндегі өлеңдердің де шығыстық аналогы бар. Шығыс әдебиетіндегі *муназара* жанры осы өлеңдердің басты сипаттарын қамтиды. *Муназара* – Таяу және Орта Шығыс елдері әдебиетінің поэтикалық жанры. Жанр атауы араб тіліндегі «талас», «пікірсайыс» деген мағынадағы сөзден шыққан. Онда әрқайсысы өзінің артықшылығын дәлелдеуге тырысатын қарсыластардың егесі бейнеленеді. Парсы-тәжік, өзбек әдебиетінде муназараның мысалдары аз емес [23, 1017 б.]. Зерттеуші А.Әлібекұлы айтыс үлгісін пайдаланудың Сайф Сараида да бар екенін айтып, ақынның «Байлық пен жарлылықтың пікірталасы» атты шығармасын муназара жанрына жатқызады [24, 161 б.].

Ауыз әдебиеті әдебиет тарихымыздың көп бөлігін қамтыса да, бізде оның теориялық жағын зерттеу көңіл көншітерлік жағдайда емес. Болашақта қазақтың авторлы ауыз әдебиетінің тектері мен түрлері реттеліп, түгелденіп жататын болса, айтыс үлгісіндегі өлеңдерді дербес жанр деп қарастырудың реті бар. Сол тұста оған ат беріп, айдар тағу да терең ойландырырлық жауапкершілікті жұмыс. Біз қолданып отырған «айтыс түріндегі өлеңдер» деген атау сөз болып отырған шығармалар тобының мәнін ашқанымен, үш сөздің тіркестерінен тұратын шұбалаңқылығы терминдік ықшамдылыққа қайшы. Сондықтан бұл өлеңдерді «айтыстыру» деп атаған А.Байтұрсынұлы қолданысынан қолайлы термин жоқ деуге болады [25, 354 б.].

Қорытып айтар болсақ, айтыс үлгісіндегі өлеңдер – айтыс, арнау, мысал, дастан сияқты көптеген жанрлардың қасиеттерін бойына жинақтаған қазақтың авторлы ауыз әдебиетіндегі симбиозды жанр. Ал классикалық жазба

әдебиет үшін ол дәстүрлі көркемдік тәсіл болып қызмет атқарады. Ауыз әдебиетінің өзінің бұл жанрын А.Байтұрсынұлы қолданған атауға сүйене отырып, «айтыстыру» деп атауды ұсынамыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы / дайындаған М.Қани. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 2 Жармұхамедұлы М. Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры: тегі мен дамуы. Докт.дисс.авторефераты. – Алматы: 2001. – 61 б.
- 3 Каскабасов С. Немеркнушее слово // Простор. 2010, №9, с. 126-148.
- 4 Жармұхамедұлы М. Алғы сөз // Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталағы, 1993, 5-16 б.
- 5 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: 16 томдық. 15-т. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Әдебипортреттер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 380 б.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. I т. Фольклор / ред. басқ. М.Әуезов. Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1948.
- 7 Бертельс А.Е. Художественный образ в искусстве Ирана IX-XV веков (слово, изображение) Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. – 422 с.
- 8 Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғанидің (Хакім Ата) әдеби мұрасы. Канд. дисс. авторефераты. Алматы: 2005. – 26 б.
- 9 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
- 10 Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталағы, 1993. – 262 б.
- 11 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы: Қайнар, 2001. – 470 б.
- 12 Майлықожа. Шығармалар. Жинап, жариялаған, құрастырған Ә.Оспанұлы. Алматы: «Атамұра корпорациясы» ЖШС полиграфкомбинаты, 2005.
- 13 Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары: Толғаулар, сын-сықақ өлеңдер, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 143 б.
- 14 Айтыс / құраст. Ш.Ахметов, Б.Ысқақов, М.Байділдаев. 2-т. – Алматы: Жазушы, 1965. – 663 б.
- 15 Айтыс / құраст. Ш.Ахметов, Б.Ысқақов, К.Сейдеханов. 3-т. – Алматы: Жазушы, 1966. – 620 б.
- 16 Әбдіхалықова Л.М. Сыр сүлейлерінің жазба айтысы. Канд. дисс. авторефераты. – Астана: 2004. – 30 б.
- 17 Шойбеков Б. Мысал түріндегі жазба айтыс // Қазіргі заманғы түркология ғылымының өзекті мәселелері және алдағы міндеттері: I халықаралық түркология конгресінің материалдары. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ баспаханасы, 2003.
- 18 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: Алаш, 2005. – 336 б.
- 19 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.
- 20 Қирабаев С. Ақын тағдыры // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1993, 3-18 б.

- 21 Фрэзер Дж.Дж. Золотая ветвь: исследования магии и религии: В 2 т. Т. 1: Гл. I-XXXIX / Пер с англ. М.Рыклина. Москва: ТЕРРА-Книжный клуб, 2001. – 528 с.
- 22 Теория литературы: Учеб. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений: в 2 т. / Под ред. Н.Д.Тамарченко. – т. 2: Бройтман С.Н. Историческая поэтика. – Москва: Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.
- 23 Краткая литературная энциклопедия: В 9 т. Т. 4 / Гл. ред. А.А.Сурков. Москва: Советская энциклопедия, 1967. – 512 с.
- 24 Әлібеқұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). Монография. – Алматы: Арда, 2008. – 172 б.
- 25 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 т. Алматы: – Алаш, 2003. – 408 б.

#### Резюме

В статье авторские песни и стихи, изображающие песенные состязания (айтыс), рассматриваются как жанр авторской устной поэзии казахов, а также анализируются генезис и поэтические особенности этих произведений

#### Resume

In the article author's songs and poems, describing song competitions (aitys), are considered as a genre of the author's oral poetry of Kazakhs, and also the genesis and poetic features of these works are analysed.

## МОҢҒОЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕР

**Ғ.Қ. РЕЗУАНОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

**В.А. ШНАЙДЕР**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Инновациялық Еуразия университеті

### **Аннотация**

Мақалада моңғол және түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің ұқсастығы туралы айтылып, ондай ұқсас сөздердің лексика-семантикалық топтары құрылды. Екі тілдің ұқсастығы тек лексикология саласына қатысты емес, грамматикалық жақтан да ұқсастығы барлығы көрсетіліп, моңғол және түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің болу себебі жөнінде пікір білдірілді.

*Түйін сөздер:* тіл, грамматикалық құрылым, лексикалық бірліктер, ұқсас, тарих, моңғол тілі, түркі тілдері.

Моңғол тілдері мен түркі тілдерінің лексикологиясында бірдей ортақ сөздер көптеп кездеседі. Тіпті грамматикалық құрылымы жағынан да бұл екі тілдің ұқсастықтары байқалады. Түркі тілдері сияқты моңғол тілдері де агглютинативті, яғни жалғамалы тілдердің қатарынан орын алады. Ғ.Мұсабаев өзінің «Қазіргі қазақ тілі» деген кітабында қазақ тілі мен моңғол тіліне ортақ бірнеше сөздердің топтамасын келтіреді. Мәселен, *булангир – бұлыңғыр; гажуу – қажу; дархин – дархан; домбор – домбыра*. Ал грамматикалық ұқсастықты мына мысалдардан көруге болады: *эмчлях – емилік; зарлиг – жарлық; зүрхгүй – жүрексіз* [1, 99].

Мұндай екі тілге бірдей ұқсас сөздерді көптеп келтіруге болады. Бұл екі тілге ортақ, я бірдей, я дыбыстық сәл ауытқушылықпен келетін лексикалық бірліктер тілімізде бірсыпыра. Ондай ұқсастық, я ортақтық қайдан келді деген сауалға толық біржақты жауап беру қиын. Кей ғалымдар оны «тарихтан белгілі моңғол шапқыншылығына байланысты қазақ тіліндегі бірсыпыра сөздер моңғол тілінен енген», - дейді [2, 67]. Алайда бұл тілден енген сөздерді тек қана моңғол шапқыншылығымен байланыстыруға болмайды. Ол екі елдің саудасаттық, экономикалық қарым-қатынас жасаумен байланысты да енген болуы мүмкін.

Түркі тілдеріне моңғол тілдерінен сөз ауысуы, немесе, керісінше, моңғол тілдеріне түркі тілдерінен сөз алмасуы, сондай-ақ, жалпы бұл тілдердің байланысы туралы нақты ғылыми пікір жоқтың қасы. Моңғол элементтерінің түркі тілдеріне ену кезеңін Б.Я. Владимирцев моңғол империясына дейінгі (көне түркі дәуірі) дәуірден алады. И.А. Батманов түркі тілдеріне моңғол кірмелерінің Орхон-Енесей жазуларына дейін болғанын, екіншіден, моңғол элементтері түркі әлемінде Шыңғыс хан жорығы кезінде көптеп енгенін, үшіншіден, XVII–XIII ғасырларда жоңғарлармен тығыз байланыста болған алтай, қырғыз, қазақ т.б. түркі тілдерінде моңғол кірме сөздерінің көлемі өскенін айтады [3]. Бұл пікір бойынша, моңғол элементтерінің түркі тілдеріне ену кезеңін үш топқа бөліп көруге болады: 1) көне дәуірде; 2) орта ғасырда; 3) жоңғар (ойрат) шапқыншылығы кезінде. Сөз алмасу түркі тілдерінің жалпы түркілік дәуірінде де, олардың халық ретінде қалыптасу дәуірінде де, жеке ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі дәуірінде де жүріп отырған. Ендеше этностардың басынан өткен аласапыран заманы мен қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жайма-шуақ күндерде де сөз алмасу қажеттілігі туған, сондықтан бұл сөздер осы өмірдің әр алуан қырын бейнелейтіндігінде дау жоқ.

Ғалым А. Щербак Дж. Классонның моңғол тілдері мен түркі тілдері арасындағы қатынасы VI–VII ғасырларда қалыптасты дейтін пікірін қуаттай отырып: «VIII–XII ғасырларда түркі-моңғол тілдерінде кірме сөздердің ену үрдісі болған жоқ, олар XIII ғасырда Моңғол империясының құрылуымен келді, бұған дейінгі моңғол тілінің әсері аймақтық сипатта, диалектілік көлемде ғана көрінді, кейіннен ол тайпалардың өзі түркілердің ассимиляциясына ұшыраған», - [4] деп, түркі моңғол кірме сөздерінің осы бір изоглосостарын:

- а) туыстас, төркіндес, түбір негіздер;
- ә) түркі тілінен моңғол тіліне енген көне және орта ғасырлық кірме сөздер;
- б) түркі тілдеріне бергін енген моңғолизмдер деп саралайды [4].

Ц.Д. Номиханов еңбектерінде түркі моңғол тілдеріндегі ортақтықтың қай салада аз-көп екенін жобалаудың да қиындығы айтылады. Ғалым негізгі үш сөз табы көлемінде (*зат есім, сын есім, етістікке*) жүргізген талдауларында моңғол кірме сөздерінің сандық мөлшерін шамамен ғана көрсетеді [5].

Тілдегі осындай қызықты фактілердің болуын негізге ала отырып, біз өз тарапымыздан зерттеу жұмыстарын жүргізіп мыңнан аса картотека жасадық. Әрине, ондай ортақтықтың лексикалық бірліктерге қатысы бар екендігі сөзсіз. Сондықтан оларды төмендегіше топтап көрсетуді жөн көрдік:



**I. Аң, құс, жәндік атауларына байланысты лексикалық бірліктер:** аю – аю, арслан – арыстан, барс – барыс (түсі шұбар, мысық тұқымдас жыртқыш аң), бөднө – бөдене, бөхөн – бөкен, буга – бұғы, бүргэд – бүркіт, бүүрэг – бүрге (түлкі, қарсақ, суыр т.б. жануалардың жүнінде болатын паразит (бит), бэлтрэг – бөлтірік, буура – бура, булһи – бұлғын, ботго – бота, бух – бұқа, хулан – құлан (жылқының тұқымы), гургуул – қырғауыл, идлэд – ителгі, лөтнө – бөдене балапаны, луу – ұлу, марал – марал, мим – мысық, мэчин – мешін, начин – лашын, улар – ұлар (құс), хаван – қабан, торһо – торғай, сувар – сусар, көк хуты – көкқұтан, дөнөн – дөнен, соно – сона;

**II. Туыстық атауларға байланысты лексикалық бірліктер:** аажий – әжей, авьсан – абысын, агаа – аға, ажаа – ажа, әже (аға адамдарды, жасы үлкен ер адамдарды сыйлап айтатын сөз), баз – бажа, нагац – нағашы, худ – құда, бөл – бөле;

**III. Өсімдік атауларына байланысты лексикалық бірліктер:** алим – алма, анар – анар, арвай – арпа, балдаргана – балдыр (өсімдік), буудай – бидай, буурцаг – бұршақ (өсімдік), долоно – долана (жеміс), жангуу – жаңғақ, жигд – жиде, жимис – жеміс, мойл – мойыл, саримсаг – сарымсақ, харгай – қарагай, цэцэг – шешек гүл, бәйшешек (өсімдік), тошолог – тошала жеміс, бут – бұта;

**IV. Адам ағзасына байланысты лексикалық бірліктер:** бөгс – бөксе, булчин – бұлшық (ет), зүрх – жүрек, зүс – жүз (бет жүзі), магнай – маңдай, омруу – омырау (төс), өсгий – өкпе, санч – самай, тагнай – таңдай, тамир – тамыр (қан жүйесі жүретін канал, тамыр), хавирга – қабырға;

**V. Адамның сыртқы пішіні, келбетіне байланысты атаулар:** өңгәтэй – өңді, хөхөл – кекіл//гөхөл – кекіл (бастағы шашының барлық жерін алып, маңдай жақтан бір бөлігін қалдыру: кекіл қою), црай – шырай (көрік), цэхэр – шегір көз, ажарра-х – ажарлану, төс – түс (өң, рең), төсгүй – түссіз (реңсіз), таж – таз, дүр – түр (пішін), зүрхүгүй – жүрексіз, зүрхтэй – жүректі;

**VI. Адамның іс-қимылына байланысты лексикалық бірліктер:** арвай-х – арбаю, арсай-х – арсаю, бадриу – бедірей, биржий-х – быржию (тыржию), дарви-х – дарбаңдау, дордой-х – дордаю, дордой-х – дүрдию, дэлбий – делбию (делдию), дердий-х – дердею (дардию), жартай-х – жыртию (көзі), дари-х – даурығу, жийрә-х – жирену (тітіркену), жийрә-х – жирену, ажарра-х – ажарлану, майжий – маймаю, маймай-х – маймаңдау, салбангана-х – салбыраңдау, сандарга-х – састыру (сасқалақтату), сарай-х – сораю, сийрэгдә-х – сиректеу, сохорог – соқыраю, сэрий-х – серею, тунжрах –

түнжырау, тэмтрэх – тентірету, тархай – тарқаю, тунжрах – түнжырау, хөндлөн – көлдөң, хөндөлдө-х – көлдөңдеу, хэхий-х – кекию (мінез кежею), чардай-х – шардию, шалхай-х – шалқаю, шалхалза-х – шалқақтау, эмсэглэ-х – емсеңдеу, эрвий-х – ербию, эрвэг – ербең (ербең-ербең ету), эрвэгнэ-х – ербектеу, эрвэн – ербең-ербең, эрвэсхий-х – ербең ету, эрвэгэнэ-х – ербеңдеу, эрвэгэр – ербиген;

**ҮІІ. Одағай сөздер:** аахь: ааһь-уухь – аһлап-уһлеп, айд – әйт (одағай), тайд (одағай) – тәйт, чу (одағай) – шу, чээг – шек (малды шектеу үшін айтатын одағай), жсаа – жә («жарайды», «тәйт» деген жеку сөзі), ээ – е-е (одағай), эвий – үйбүй, ойбай деген одағай сөздер;

**ҮІІІ. Малға байланысты лексикалық бірліктер:** агармаг – арғымақ, атан – атан түйе, ботго – бота, буур – бура, бух – бұқа, гунж – құнажын, дөнөн – дөнен (төрт жастағы еркек ірі қара), жороо – жорға, ингэн – іңген, мал – мал басы (түлік), төл – төл (малдың төлі), тэмээ – түйе;

**ІХ. Тағам атауларына байланысты лексикалық ерекшеліктер:** архи – арақ, боорцог – бауырсақ, мантуу – мәнті (манты), сүү – сүт, сүж – сүтті, хуймаг – құймақ, хурууд – құрт, хурга – етті қуырдақ, чихэр – шекер (қант), ээзгий – ежігей (қызыл ірімшік);

**Х. Заттық мағынаны білдіретін лексикалық бірліктер:** авдар – абдыра (сандық), адармаа – адыр (дөңес, белес), алтан – алтын, арал – арал (көлдің, өзеннің аралы), багана – багана (үйдің бағанасы, арқалығы), балт – балта, балчиг – балшық, бойвог – байпақ, босго – босаға, босгол – босқын, бөгөлдрөг – бүлдіргі (қойшының бүлдіргесі), бэлэг – белгі (таңба), булаг – бұлақ, бурантаг – мұрындық, булигаар – былғары, булаг – бұлық/құлық (құлақтың бұлығы (кейде біз оны құлық деп те айта береміз), ганзага – қанжыға, даг – дақ (кір), догол – доғал, домбор – домбыра, дүрвээн – дүрбең (дүрбелең), дэлбэг – делбе, божы ( арба-шанаға шегілген көлікті жөнге салып тұратын бөлік), зүй – жүйе, зүлд – жүлде, зүрх – жүрек, зэвэг – жібек, зэс – жез, идүүр – итаяқ, ислам – ислам, казах – қазақ, малгай – малақай, нас – жас, нутаг – ұнтақ, олз – олжа, омруу – омырау, орон – отан, ел, орон – орын (пана, үй), орос – орыс, отор – отар қой, саван – сабын, санаа – сана (ой), сахал – сақал, сах – сақа, сонгууль – сайлау, сөр – сөре, сүлд – сүлде, сэжиг – сезік (күдік), таваг – табақ, таг – тау, тамго – таңба, тамта-х – тамтық, түүрэг – төңірек, түүх – тарих, тахим – тақым, тэвх – тепкі, тэвчээр – төзім, товрог – топырақ, тунамал – тұнба, улс – ұлыс, ур – ұры, урай – ұран, урааг – ұрық, уйгур – ұйғыр, хайр – қайыр (рақым), хайрга – қайрақ, хайч – қайшы, халаад – қалат, хороо – қора (мал қора), хос – қос (жұп), хөгнө – көген (қозы, лақтың

көгөндөнү), хөнөг – көнөк (су көнөгі, сүт көнөгі), хөрөг – көрік (мүсін), хөрши – көрші, худаг – құдық, хуланс – қолаңса, хүхэр – күкірт, хэвнэг – кебенек (жауын-шашында киетін киім), хэвэг – кебек, хялуу – қылау (түйе, сиырдың тіліне шығатын ауру), цана – шаңғы, цолмон – шолпан жұлдыз, цонхор – шұңқыр, цөл – шөл, цулбуур – шылбыр, цэцэн – шешен, чөдөр – шідер (қайыс), шалчиг – шалшық;

**XI. Адамның қимылына байланысты бейнелеуіш лексикалық бірліктер:** *арсай-х – арсаю, арвай-х – арбаю, бадриу – бедірейу, биржсий-х – быржсию (тыржсию), бұржси-х – бүржсию, гулжси-х – құлжсию, дарви-х – дарбаңдау, дордой-х – дордаю, дордой-х – дүрдию, дэлбий – делбию, дэнхэр – деңкиген (дөрбиген), делдию, дердий-х – дердею, дардию, дарви-х – дарбаңдау, жартай-х – жыртию (көзі), жирэгнэ – жирелеңдеу, маймай-х – маймаңдау, салдар-сулдар – салдыр-сұлдыр, сэлтар-салтар – абыр-сабыр, сэрий-х – серею, тархай – тарқаю, чардай-х – шардию, шалв-шулав – шалп-шүлт (суды шалпылдау), шалхай-х – шалқаю, шалхалза-х – шалқақтау, шалхгар – шалқақ, энслэ-х – еңселу (теңселу), эрвий-х – ербию, эрвэг – ербек, ербең, эрвэгнэ-х – ербектеу, эрвэн – ербең-ербең, эрвэсхий-х – ербең ету, эрвэгнэ-х – ербеңдеу;*

**XII. Түр-түске байланысты лексикалық бірліктер:** *аг, аг цаган – аппақ, алаглал – алалық (ала шұбар), буурал – бурыл (бурыл ат), жилтнүүр – жылтырақ, түсгүй – түссіз (реңсіз), тэргэл – тарғыл (өң), харлаг – қара ала (өң);*

**XIII. Кәсіп иелеріне байланысты лексикалық бірліктер:** *авчин – аңшы, анчин – аңшы, құшы, асрагач – асыраушы, зарч – жаршы, магтаалч – мақташы, малч – малышы, малчин – малышы, малышлар, отрочин – отаршы, өргөс – өруші (кірпіш қалаушы), өсгөгч – өсіруші, сахигч – сақшы (күзетші), тагнуулч – тыңшы, тонуулч – тонаушы, түүхч – тарихшы, төлөгч – төлеуші, тэмээчин – түйеші, тэнгэсч – теңізіші, хураач – құраушы (жсинаушы), цанач – шаңғышы, шунгагч – сүңгуші;*

**XIV. Егістіктерге байланысты лексикалық бірліктер:** *авдарла-х – абдыралау (абдырап не айтарын білмей сасып қалу), адармаала-х – адырмаққа түсу, ажарра-х – ажарлану, ажара-х – ажырау, алжаан – алжу, алжасу, арсай-х – ырсию, бадриу – бедірейу, бөктрө-х – бөктеру, боло-х – болу, борцоло-х – боршаллау (етті бөліп-бөліп тастау), бөктрө-х – бөктеру, бураа – бұра, бір нәрсені бұрау, бут – быт-шытын шығару, бүрхэ-х – бүркеу, бөгтөрө-х – бөктеру, гулдри-х – құлдырау, гулжси-х – құлжсию, дари-х – даурығу, доголдо-х – доғалдау, дордой-х – дордаю, дордой-х – дүрдию, дуулгала-х – дулыға кию, жанчи-х – жанишу (қысу), жартай-х – жыртию (көзі), жирэгнэ –*

*жирен (жирелеңдеу), жийрә-х – жирену, зандра-х – зекіру, зандруула-х – зекірту, зарлигла-х – жарлық ету, зарлуула-х – жариялату, зэслә-х – жезбен қаптау, магнайла-х – маңдайлау, магтаал – мақтау, магтлага – мақтауы, майжсий – маймию, маймаю (етіктің аузы маймиып қалыпты), маймай-х – маймаңдау, мужсийх – мұжбылу, муна-х – мұңаю, олзлогдо-х – олжалану, олзло-х – олжалау, ороо-х – орау, өнгөлүүлә-х – өңдеу, өрнөл – өрлеу, өрнүүн – өрілген, өшиш-х – өшіру, өрнөл – өрлеу, өрнүүн – өрілген, өрө-х – өру (тізу, қалау), сава-х – сабау, салбангана-х – салбыраңдау, санга-х – саңғу, сарай-х – сораю, сари-х – сару (ит сарып кетті), сийрә-х – сиреу, самра-х – сапыру, сана-х – ойлау, сангас – саңғыру, сандарга-х – састыру (сасқалақтату), сарай-х – сораю, сийрэгдә-х – сиректеу, сохорог – соқыраю, сөнөө-х – сөндіру (өшіру), сөнөх – сөну (өшу), сөрлө-х – сөре жасау, сура-х – сұрау (іздеу), сэжигде-х – сезіктену, сэрий-х – серею, таалца-х – табысу, тавагала-х – табаққа салу, талхада-х – талқандау, тамгала-х – таңбалау, тани-х – тану, тараа-х – тарату, тармагда-х – тармақтану, таруу – тарау, тархаа-х – тарату, тархай – тарқаю, тачирдах – тақырлану, таягла-х – таяну, тогтоох – тоқтату, тонох – тонау, тосогдо-х – тосылу (сөзден тосылды), тосох – тосу (алдынан күту), төлә-х – төлеу (өтеу), төрхөмлө-х – төркіндеу, тунжрах – тұнжырау, түрэх – түрту, тэгширә-х – тегістелу, тэлмән – теңселген, тэмтрэх – тентірету, улих – ұлу (қасқыр ұлу), учраа – ұшырас, учралт – ұшыраған, учра-х – ұшырау (бір пәлеге ұшырау), үлээх – үрлеу, үнгәх – үңғу (ағашты үңгіп өрнек салу), хавиргалах – қабыргалау (үйдің қабырғасын салу), хайчла-х – қайшылау, хайчлуула-х – қайшылату, хөндөлдө-х – көлденеңдеу, хөхөл – кекіл қою, хураагдал – құралған, хэрәглә-х – керек ету, цулбуурда-х – шылбырынан ұстау, чийрэгдә-х – өте ширақ болу, чимхх-х – шымышылау, чингэр – шыңғыр, , чинжалда-х – қанжар салу (чинжал – қанжар), чөдөрмегдө-х – шідерлену (чөдөр – қайыс: шідер), чөдөрлө-х – шідерлеу, шалхай-х – шалқаю, шалхалза-х – шалқақтау, шуугих – шуылдау (у-шу болу), шунгаач – сүңгігіш, эмнә-х – емдеу, эмсгэр – емсірейген (маңдай тісі түсіп, ерні ойсырап көріну), эмсәглә-х – емсеңдеу, эмчлүүлә-х – емдету, эмчлә-х – емдеу, энслә-х – еңселу (теңселу), энсә-х – еңсеу (аңсау), энгләг – еңіреу, эртлә-х – ертелеу қозғалу, эртәч – ерте тұрғыш, эрхлүүлә-х – еркелету, эрхлә-х – еркелеу;*

**ХҮ. Сындық мағынаны білдіретін лексикалық бірліктер:**  
*болмоор – боларлық (іс), булинггар – бұлыңғыр (бұлыңғыр күн), бүтән – бүтін (бүлінбеген), бэдүүр – бедерлі, бөхгөр – бүкір, бужгир – бұжыр, жилтнүүр – жылтырақ, зайдан – жайдақ, залхуу – жалқау, засмал – жасамалы, зүйгүй – жүйесіз, зүрхүгүй – жүрексіз, зүрхтэй – жүректі,*

майжиг – маймақ, малархаг – малды, өңгөтэй – өңді, өрнүүн – өрiлген, сахалгүй – сақалсыз, сахалат – сақалды, сахаллаг – қап сақал, сийрэх – сирек, солгай – солақай, салан – салақ (ұқыпсыз), сатин – сәтен, сахлаг – сабалақ (мәселен, сабалақ шаш), сийрэг – сирек, аңдыз, сийрэгдэ-х – сиректеу, сохор – соқыр адам, сөдгий – сөдегей, сурамал – созылмалы, сүж – сүтті, сэжиггүй – сезіксіз, сэргэг – сергек, танил – танымал, тансаг – таңсық, тархмал – тарқамалы, тачир – тақыр, товгор – томпақ, тогтанги – тоқтаңқы, түсгүй – түссіз (реңсіз), тев – теп-тегіс, ужиг – ұзақ, уянга – ұяң, холхилдог – қолқылдақ (кеңірек, кеңдеу), хүчит – күшті (мықты, қайратты), хэрэгүй – керексіз, хэсэг – кесек, цалгац – шалагай (олақ), чиг – шикі (дымқыл), чирэг – ширақ (сергектік), чөдөртэй – шідерлі, шагалаас – (тігіс) шалыс, шалхгар – шалқақ, эвгүй – епсіз, эвт – епті (ыңғайлы), эмсгэр – емсірейген (маңдай тісі түсіп, ерні ойсырап көріну), эргүй – еріксіз, эрхлэ-х – еркелеу, эрхчлэ-х – ерекшелеу, эрэвгэр – ербиген;

**ХҮІ. Уақытқа байланысты лекикалық бірліктер:** байрга – байырғы (бұрынғы), бүтэт – бүгін, жыл – жыл, жалдам – жылдам, монх – мәңгі, зарим – жарым, ужиг – ұзақ, эдүүгэ – ертеде, эрт – ерте, эрмлэ-х – ертелеу қозғалу, эрттэ-х – ертелеу, эртрэн – ертерек, эртэч – ертеші (ерте тұрғыш), эртээр – ертемен, эртээр – ертеректе;

**ХҮІІ. Әскери, ел билеуге байланысты лексикалық бірліктер:** баатар – батыр, баатарлаг – батырлық, дуулга – дулыга, дуулгалах – дулыга кию, жаса – жасақ, зарч – жаршы, засуул – жасауыл, мэргэн – мерген, орд – орда, сарай, саадаг – қорамсақ, урай – ұран, хаан – хан (патша), хаант – хандық, чинжал – қанжар, чинжалда-х – қанжар салу, элч – шабарман, елші, эр – ер;

**ХҮІІІ. Киім атауларына байланысты лексикалық бірліктер:** бойвог – байпақ, шаарах – шәркей (аяқ киім), чэрг – шарық, кишг – көйлек, цулга – шұлғау, зах – жаға;

**ХІХ. Күнделікті тұрмыста қолданылатын лексикалық бірліктер:** авдар – абдыра (сандық), балт – балта, догол – доғал, домбор – домбыра, дэлбэг – делбе, (божы: арба-шанаға жегілген көлікті жөнге салып бұрап отыратын қайыс бау), саван – сабын, сөр – сөре, хөнөг – көнек (су көнегі, сүт көнегі), цана – шаңғы, чөдөр – шідер, қайыс;

**ХХ. Ыдыс-аяққа байланысты лексикалық бірліктер:** таваг – табақ, чингэлэг – шеңгелек (ағаш ыдыс), шүүгч – сүзгіш, эргэгэг – ергенек (қазан: аяқ қоятын сөре);

**XXI. Есімдіктерге байланысты лексикалық бірліктер:** *бұх – бүкіл, барлық, бұхий – барлығы, бұхэл – бүкіл, миний – менің, миний-х – менің;*

**XXII. Үстеу сөз табына жататын лексикалық бірліктер:** *алхаг – алқам-салқам, жалдам – жылдам, сэлтар-салтар – абыр-сабыр, өнэ – өте;*

Сонымен қорытылай кететін болсақ, түркі, оның ішінде қазақ тілінде моңғол тілімен ортақ бірсыпыра лексикалық бірліктер бар екендігін жоғарыда айтылғандардан байқадық. Тіпті ондай бірліктерді өз ішінен топтай келгенде жиырмадан астам тақырыптық топ құрауға болады. Қазақ және моңғол тілдеріндегі ұқсастық, ортақтық тек олардың лексикалық бірліктеріне ғана қатысты емес, бұл тілдердің грамматикаларында да ұқсас тұстары жеткілікті. Және, біздіңше, бұл екі халықтың арасында ешқандай туыстық қатынас жоқ, ол тек қана моңғол-татар шапшыншылығымен, сауда-саттықпен және т.с.с. байланысты бір тілден екінші бір тілге сөз ауысуы болуы мүмкін. Ал бұл мақалада біз тек лексикалық бірліктерді сөз еттік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 469 б.
- 2 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: 2006, – 264 б.
- 3 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – Б.56
- 4 Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира. – Москва, 1990. – 187 с.
- 5 Гаадамба Ш. Нууц товчооны нууцаас. - УБ., 1990.

#### Резюме

Лексические единицы монгольского и тюркского языков схожи, и эти сходства не только лексические, но и грамматические. В статье, перечисляя схожие слова, автор подразделяет их на несколько лексико-семантических групп и пытается раскрыть причину заимствования.

#### Resume

Lexical units of Mongolian and Turkic languages are similar and this likeness is not only lexical but also grammatical. In the article, enumerating similar words, the authors subdivide them into a few lexico-semantic groups and try to reveal the reason of borrowing.

## СЕМАНТИЧЕСКАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ КРАТНОСТИ В КАТЕГОРИИ АСПЕКТУАЛЬНОСТИ

**И.М. ДЮСЕКЕНЕВА**

PhD, и.о.доцента кафедры  
иностранной филологии и перевода,  
Государственный университет имени Шакарима

### **Аннотация**

В статье освещается категория кратности. Рассматриваются различные подходы ученых к пониманию категории количества. Соответственно, выявляются различные количество разрядов, составляющих категорию кратности. Особое внимание уделяется пониманию категории кратности в рамках функционально-семантического поля аспектуальности. Выявляется компонентный состав количественной аспектуальности.

*Ключевые слова:* категория аспектуальности, категория кратности, количественная аспектуальность

Аспектуальность понимается нами как семантическая категория, основным признаком которой является, как указывает А.М. Пешковский, «характер протекания и распределения действия во времени» [1, с.105]. Как указывает Ю.С. Маслов, аспектуальность охватывает категорию глагольного вида, а также различные явления, сходные или смежные с видом в содержательном и функционально-семантическом отношении [2, с.5].

Аспектуальность определяется А.В. Бондарко как «семантический категориальный признак, характер протекания и распределения действия во времени и вместе с тем как группировка ФСП, объединенных этим признаком», имеющая полевую структуру, содержанием которой является характер протекания действия, а выражением - взаимодействующие языковые средства (морфологические, синтаксические, словообразовательные, лексико-грамматические, лексические и их разнообразные сочетания), объединенные общностью семантических функций, принадлежащих к области аспектуальных отношений [3, с.40].

Категория аспектуальности является одной из важных в человеческом сознании. На данный момент в лингвистике достаточно изучены свойства видо-временных форм глагола. Менее изученными

остаются вопросы, касающиеся свойств глагола в рамках понятийной категории аспектуальности. Нельзя не согласиться с А.В. Бондарко, который, как и многие лингвисты, говорит, что «познание понятийных категорий, их описание и объяснение – одна из актуальных задач лингвистики в проблематике соотношения языка и мышления. В этой области все яснее становится тот факт, что ... языкознание – это наука, которая изучает не только язык, но и отражаемые в языке аспекты мышления – через язык, через языковые значения. Становится все яснее, что заключенные в содержательной стороне языка элементы мыслительных категорий можно познать только через язык, путем исследования языковых значений и раскрытия тех когнитивных элементов, которые в них заложены» [3, с.63].

Сфера аспектуальности расчленяется на ряд субкатегорий, объединяющихся в составе группировки ФСП: лимитативность (поле, охватывающее разные типы отношений действия к пределу), длительность, кратность, фазовость, перфектность, поле действия (акциональность), поле состояния (статальность), поле отношения (реляционность) [3, с.42].

Категория количества относится к числу важнейших онтологических категорий, является одной из фундаментальных философских категорий, отражающая свойства объективного мира. Поэтому данная категория является предметом исследования многих ученых, занимающихся учением о категориях [4, с.13].

А.К. Киклевич выделяет три разряда, которые составляют ядро категории количества: 1. номинальное количество – определяется по отношению к арифметической норме множества и выражается числительными; 2. градуальное количество – определяется по отношению к ситуативной норме множества и выражается фреквентативными наречиями и прилагательными; 3. реальное количество – определяется по отношению к экзистенциальной норме множества и выражается кванторными словами [5, 304].

Вместе с тем в соответствии с традицией, восходящей к античной науке, к категории количества обычно относят явления, связанные с двумя, хотя и близкими, но относительно независимыми понятиями: понятием множества, которое связано с операцией счета, и понятием величины, которое связано с операцией измерения. Этот подход соблюдается и в современной общей и славянской аспектологии. Количественные представления представлены не только в сфере имен, но также выражаются и в сфере глаголов. Как отмечает Болсуновская Л.М., значения однократности – многократности, мгновенности – длительности и им подобные обычно выражаются в языках или



видовыми формами глагола, или словообразовательными средствами, указывающими на способ действия (Aktionsart) [6]. Значения однократности - многократности, мгновенности - длительности во многих языках выражаются или видовыми формами глагола, или словообразовательными средствами (например: в русском языке - *кашлянуть* – *кашлять*), или фразеологическими средствами, указывающими на способ действия (например: в английском языке - *to stand up* - *to stand*), личными окончаниями глагола, а также специальными грамматическими показателями (например: в русском языке - *он работал* - *мы работали*; в английском языке - *he works* - *we work*) [7, с.232].

В. Дресслер впервые выдвинул модель глагольной множественности, основываясь на значениях, выражаемых грамматически характеризованными способами действия. Ученый выделяет четыре основные группы количественных предикатных значений:

1) итеративные способы действия (дисконтинуативный, репититивный, дубликативный, реверсативный, фреквентативный, конативный, альтернативный);

2) дистрибутивные способы действия (субъектно-дистрибутивный, объектно-дистрибутивный, дисперсивный, диверсативный, амбулативный);

3) континуативные способы действия (узитативный, дуративный, континуативный);

4) интенсивные способы действия (собственно-интенсивный, аттенуативный, акцелеративный, эксаггеративный, пейоративный, ассеверативный) [8].

Ю.С. Маслов выделяет два типа аспектуальности: качественная и количественная. Качественная аспектуальность охватывает такие семантические оппозиции как: 1) динамика / статика, т.е. противопоставление процесса состоянию или статическому отношению; 2) действие предельное, направленное на достижение внутреннего предела / действие непредельное, не направленное к пределу; 3) предельное действие, достигающее своего предела / действие, хотя и направленное к пределу, но рассматриваемое в той фазе, когда предел еще не достигнут.

Ю.С. Маслов и другие аспектологи относят к сфере количественной аспектуальности явления, связанные с понятием множества и операцией счета (количество «крат», непрерывность / прерывность), и явления, связанные с понятием величины и операцией измерения (длительность, интенсивность). Вместе тем эти явления по

своему содержанию не являются значениями одного семантического признака. Они явно разнокачественны и логически неоднородны, о чем свидетельствует тот факт, что количество «крат», т.е. кратность, длительность и интенсивность могут сочетаться друг с другом и, следовательно, характеризуют одно и то же действие с разных сторон. Это обстоятельство подчеркивает и сам Ю.С. Маслов на примере глаголов прерывисто-смягчительного способа действия типа *покалывать, покашливать, почитывать*, в которых, по его словам, сочетается ослабленная интенсивность и многократность [9, с.19].

Таким образом, за термином «количественная аспектуальность» в нашем понимании не стоит какое-либо родовое обобщающее содержательное понятие. Этот термин служит всего лишь меткой для объединения трех независимых аспектуальных семантических признаков.

Для того, чтобы действие повторялось, ситуация, по мнению И.Б. Шатуновского, должна начинаться и заканчиваться (прерываться), «квант повторяющегося действия представляет собой отрезок типа 'не С – С – не С' (С – ситуация)» [10, с.368].

А.В. Бондарко включает в компоненты количественной аспектуальности только те включаемые в ее состав значения, которые, присоединяясь к значениям глагольных лексем, характеризуют их по количеству «крат» или непрерывности / прерывности осуществления и являются семантически однородными [3, с.125].

При исследовании и классификации различных значений, относимых к количественной аспектуальности Е.В. Падучева учитывает следующие факторы, взаимодействующие в предложении: 1) лексическое значение глагола, 2) денотативный статус актантов, 3) наличие аспектуально релевантных обстоятельств, 4) видо-временное значение глагольной формы [11, с.222]. За пределами простого предложения, согласно ученому, учитываются дополнительные факторы: в предложениях, осложненных деепричастными оборотами, – аспектуально значимые деепричастия, а в сложноподчиненных и сложносочиненных предложениях – аспектуально значимые союзы [3, с.126].

ФСП кратности, по А.В. Бондарко, состоит из трех компонентов: 1) семантические классы глаголов, точнее предикатов, сочетающиеся со значением признака кратности, 2) слова и словосочетания, лексически (непосредственно или опосредованно) выражающие значения признака кратности и соответственно сочетающиеся с семантическими классами глаголов, образующими первый компонент ФСП, 3) грамматические категории, специально предназначенные для выражения значений данного семантического признака, и / или

грамматические категории, выражающие эти значения попутно, окказионально, а также любые грамматические средства, которые в той или иной степени используются для выражения данного семантического признака [3, 127].

А.В. Бондарко характеризует компоненты ФСП кратности следующим образом. Глаголы, которые сочетаются со значениями признака кратности, обозначают квантифицируемые действия, которые по своей природе могут прерываться и возобновляться. Соответственно глаголы, которые обозначают постоянные свойства и отношения, обычно не сочетаются со значением признака кратности. Речь, в частности, идет о глаголах, которые обозначают в предложении: 1) свойства предметов и типов предметов: *Зал вмещает 600 человек*; 2) относительное расположение неподвижных предметов: *Дом находится на опушке леса* [3, с.127].

Е. В. Падучева отмечает, что со значениями признака кратности не сочетаются глаголы, которые обозначают устойчивые состояния [12, с.223]. К устойчивым относятся ментальные и эмоциональные состояния: *понимать, полагать, любить, ненавидеть, уважать, увлекаться*. Устойчивые состояния обозначают также глаголы, которые часто называют глаголами «абстрактного» отношения: *руководить, воспитывать, править, господствовать, царствовать, помыкать, подчиняться, зависеть*. Состояния, которые обозначаются этими глаголами, представляют собой «результат абстракции от множества конкретных действий» [12, с.223].

Все остальные глаголы, т.е. глаголы, обозначающие временные состояния, гомогенные (непредельные) процессы, негомогенные (предельные) процессы и события, сочетаются со значением кратности и соответственно входят в ее ФСП [3, 128].

Второй компонент ФСП кратности составляют обстоятельства, которые лексически выражают данное значение. К их числу относятся обстоятельства цикличности (*ежегодно, по субботам*), интервала (*редко, изредка*), узуальности (*обычно, обыкновенно*), кратности или счетного комплекса (*трижды, пять раз, раз пять*), комплексные обстоятельства (*три раза в день*). М.В. Всеволодова отмечает, что значение прямого повторяющегося времени, неполностью занятого действием, представлено оппозицией: «формы, не маркированные относительно степени регулярности» *по средам, по праздникам* (ср. *иногда / всегда по средам*), vs. «маркированные по степени регулярности» с оппозицией следующего ранга: «время, маркированное как нерегулярное»: *порой, временами, по временам*,

*время от времени, vs. «время, маркированное как регулярное»: каждую среду, изо дня в день; раз в день, три раза в год» [13, с.79].*

Что касается третьего компонента ФСП, а именно грамматических средств, то центральное место среди них занимает форма НСВ. Данной форме, прежде всего, присущи конкретно-процессное и неограниченно-кратное (повторительное) значения. При конкретно-процессном значении выражается единичная ситуация, а при неограниченно-кратном – неопределенное множество ситуаций: *Извозчики целыми днями таскали седоков из ресторана в ресторан (М. Булгаков) [3, с.129].*

#### Список литературы

- 1 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – М.: Языки славянской культуры, 2001. – 544 с.
- 2 Маслов Ю.С. Очерки по аспектологии. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1984. – 263 с.
- 3 Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность // (отв. ред.) А.В. Бондарко. – М.: Едиториал УРСС, 2003. – 352 с.
- 4 Федяева Е.В. Концепт НЕОПРЕДЕЛЕННОЕ МНОЖЕСТВО и его языковая репрезентация: дисс. канд. филол. наук. Барнаул: Алтайский гос. ун-т, 2009. – 200с.
- 5 Киклевич А.К. Притяжение языка. Т. 1. Семантика. Лингвистика текста. Коммуникативная лингвистика. – Олыштын, 2007. – 412 с.
- 6 Болсуновская Л.М. Способы глагольного действия в диалектах селькупского языка (монография). Томск: Томский политехнический университет, 2006. – 133с
- 7 Панфилов В.З. Гносеологические аспекты философских проблем языкознания. – М.: Наука, 1982. – 357 с
8. Dressler, Studien zur verbalen Pluralität. Wien: Österreichische Akademie der Wissenschaften, 1968
- 9 Маслов Ю.С. К основаниям сопоставительной аспектологии // Вопросы сопоставительной аспектологии. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1978. – С. 4-44.
- 10 Шатуновский И.Б. Общефактический НСВ: коммуникативные функции и референция // Сокровенные смыслы. Слово, текст, культура: Сб. статей в честь Н.Д. Арутюновой. Отв. ред. / Ю.Д. Апресян. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 880 с.
- 11 Падучева Е.В. Высказывание и его соотнесенность с действительностью. – М.: Наука, 1985. – 275 с.
- 12 Падучева Е.В. О параметрах лексического значения глагола: таксономический класс участника. // Русский язык в научном освещении, 2002. – № 1 (3). – С. 87-111
- 13 Всеволодова М.В. Поля, категории и концепты в грамматической системе языка // Вопросы языкознания, 2009. – №3. – М.: Наука. – С. 76-99.

#### Түйін

Бұл мақала еселік категория жайлы. Ғалымдар мөлшер категориясын түсінудің әртүрлі тәсілдерін қарастырады. Сәйкесінше, еселік категориясын құрайтын әртүрлі санаттардың саны анықталады. Аспектуалды функционалды-семантикалық өріс шенберіндегі еселік категориясының түсінігіне ерекше назар аударылады. Аспектуалды мөлшердің компонентті құрамы анықталады.

### Resume

The article highlights the category of multiplicity, different approaches to understanding the category of quantity. Accordingly, there were revealed a number of subcategories that make up the category of multiplicity. Particular attention is paid to the understanding of the category of multiplicity within the functional-semantic field of aspectuality. Components of quantitative aspectuality are revealed.

## ТЕКСТ КАК ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ ЕДИНИЦА ПРИ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

**Г.Р. РАХИМЖАНОВА**

кандидат педагогических наук,  
Евразийский национальный  
университет им. Л.Н.Гумилева

### **Аннотация**

Автор статьи останавливается на вопросах содержательной стороны текстов, используемых на занятиях по русскому языку, лингвокультурологического анализа языковых единиц как способа познания культуры, истории, духа, характера народа.

*Ключевые слова:* текст, анализ текста, «Слова назидания» Абая, текст «Тауке-хан», слово «ар» в мифологии, Гарифолла Есим «Наука совести» Шакарима.

Президент страны Нурсултан Назарбаев в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» акцентирует внимание на модернизации общественного сознания как основе и условии духовного возрождения общества. Речь идет о том, чтобы на прочном фундаменте собственной культуры развивать лучшие традиции и новые ценности, которые позволят нашему народу уверенно продолжить свой путь в число развитых государств.

Какие направления модернизации сознания считает важными Президент страны? По мнению Главы государства, важная роль в деле модернизации сознания отводится воспитанию молодого поколения и привитию таких качеств, как: конкурентоспособность через компьютерную грамотность, знание иностранных языков и культурную открытость; прагматизм и рационализм; сохранение национальной и культурной идентичности; культ знаний и образования; приверженность эволюционному, а не революционному пути развития; открытость сознания [1, с.1].

Это практические ориентиры для воспитания молодежи и подрастающих поколений в ближайшие 10-20 лет. Это значит, в процессе обучения русскому языку должны присутствовать тексты, возрождающие интерес к родной культуре, включающие в себя различные комментарии: историко-этимологические, этнокультуроведческие, оценочную характеристику слов и, таким

образом, обеспечивающие знакомство с культурой казахского народа. Именно анализ содержательной стороны текста, который является истинным хранителем культуры, отображающий духовный мир человека, хранит информацию об истории, этнографии, национальной психологии, национальном поведении, помогает выявить особенности языковой картины мира. Потому и важны для нас Кашгари и Аль-Фараби, Таукехан и Букейханов, Бухар жырау и Абай.

Далее рассмотрим пример привлечения отрывка «Слово тридцать восьмое» из «Слов назидания» Абая в качестве лингводидактического материала.

*«Существуют три вещи, способные унижить весь человеческий род, которых следует избегать, это: невежество, леность, злодеяние.*

*Невежество – то есть отсутствие знаний, без которых ничего нельзя добиться; отсутствие знаний равняет человека со скотом.*

*Леность – злейший враг искусства; бессталанность, безволие, бесстыдство, бедность – порождение лени.*

*Злодеяние – враг человечества; причиняя зло другим, человек отдаляется от людей, уподобляясь дикому зверю.*

*Противоядие от этих пороков – человеколюбие, желание всеобщего благоденствия, твердость духа, справедливость, глубокие всесторонние знания. Направь свои знания на путь, указанный Аллахом, ибо Аллах, не лентясь, огромными усилиями и старанием создал гармоничный совершенный мир. Твое дело тоже должно быть сделано с усердием и добрыми измерениями. Все, что создано Аллахом, имеет свое назначение, плоды твоего труда должны быть обращены на пользу людям. Иначе любой труд бесполезен. И вера твоя тщетна».*

После прочтения отрывка работа по тексту позволит выполнить следующие задания:

1) определите функциональный стиль; приведите слова и выражения, подтверждающие принадлежность текста к данному стилю; назовите ключевые слова:

2) выпишите отвлеченные существительные; определите их способ словообразования; укажите значение суффиксов;

3) дайте толкование значений выделенных слов;

4) как вы думаете, почему Абай часто повторяет существительные с приставками без?

Обращение к лирике Абая дает возможность студентам убедиться в том, как перекликаются по содержанию поэтические произведения А. Кунанбаева и его «Назидания» [2, с.156].

*Если смолоду честь не терял,  
Если щедро прожил для людей,*

*Если враг твою доблесть познал,  
Если верен был дружбе своей,  
Если доброе имя берег,  
Если все доверяли тебе,  
Если ты не плутал средь дорог,  
Если сам не перечил судьбе,  
Если полной влюблялся душой,  
Если что отдавал – до конца,  
Если брал – возвращал с лихвой,  
Если смело прошел перевал,  
Если жить не осталось, уж сил,  
Если смерть свою умолял, –  
Значит, ты человеком прожил!*

Беседу после чтения этого стихотворения можно провести по таким вопросам: Какие нравственные проблемы стоят перед каждым человеком? Какие качества, по мнению поэта, характеризуют настоящего человека?

При изучении тем о научном стиле речи текстовой материал представлен таким образом, что студенты становятся участниками тех размышлений, к которым привлекает их автор.

Освоение теоретического материала органически связано с выполнением различных заданий, которые направлены не столько на воспроизведение прочитанного, сколько на активизацию мыслительной творческой деятельности студентов, осознание ими изучаемых понятий и фактов.

В качестве примера приведем работу с текстом.

**Задание:** Прочитайте текст. Разделите его на смысловые части на основе ключевых слов. Сформулируйте вопросы самостоятельно. Обратите внимание, как связаны между собой предложения внутри смысловой части: содержательно (лексический повтор, местоименная замена, семантическая замена), логически, композиционно. Сравните формулировки заглавия текста: «Тауке - хан», «Последний правитель централизованного государства», «Золотой век» казахского государства. Какая из них наиболее точно отражает содержание текста? Задайте обобщающие вопросы к тексту: 1. Каковы отличительные черты правления хана Тауке? 2. Почему время правления Тауке-хана считается «золотым веком» казахского правления? 3. Определите стиль текста. 4. Выделите языковые особенности текста.



## **Хан Тауке**

*Время правления хана Тауке сына Джахангира – ассоциируется с «золотым веком» Казахского государства, когда народ жил в покое, существовал порядок, были законы и правосудие». При хане Тауке число подвластных казахам «городков» в присырдарьинских степях достигало 32. Основным местом его пребывания был город Туркестан. Тауке был государем умным и окружал себя умными людьми. Членами Ханского совета были чрезвычайно сведующие в обычном праве люди и известные ораторы своего времени: Толе-бий, Казбек-бий, Айтеке-бий.*

*Всю свою жизнь Тауке-хан вел активную внешнюю политику. Еще при правлении своего отца он возглавлял посольство в Каишгарии, предотвратил большую войну между Казахским и Бухарским ханствами, способствовал сближению Казахского ханства с Россией. Только в 1686-1693 гг. Тауке отправил в Россию пять посольств. Сохранилось письмо Тауке-хана Петру I*

*От октября 1694 г. с предложением о поддержании дружественных связей с Россией. Вместе с тем, попытки российских властей превратить уже в то время Казахское ханство в вассала Российского государства и добиться хотя бы частично российского подданства казахских жузов не входили в планы казахской правящей элиты.*

